

«ТҰРАН» университеті

ӘОЖ 334.7:338.43(574.5)

Қолжазба құқығында

**СЕЙТОВА ВИЛЕНА НУРГАЛИЕВНА**

**Аграрлық саладағы инновациялық кәсіпкерліктің қалыптасуы  
(Түркістан облысы мысалында)**

6D050600 – Экономика

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған  
диссертация

Ғылыми жетекшілер:  
Таменова С.С.  
э.ғ.к., доцент

Р. Гизе  
экономика докторы, профессор  
(Германия)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2019

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ</b>	<b>5</b>
<b>1 АГРАРЛЫҚ САЛАДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	<b>9</b>
1.1 Инновациялық қызмет, инновациялық кәсіпкерліктің мәні және оны дамытудың ғылыми негіздері	9
1.2 Қазақстанда инновациялық кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және стратегиялық дамыту	19
1.3 Аграрлық салада инновациялық кәсіпкерлікті дамытудың шетел тәжірибесі	43
<b>2 ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА АГРАРЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ БАРЫСЫН ТАЛДАУ</b>	<b>56</b>
2.1 Қазақстанның аграрлық саласында инновациялық кәсіпкерлік қызметтің қазіргі жағдайы және дамуын талдау	56
2.2 Аграрлық саланың мақта шаруашылығында инновациялық кәсіпкерлік қызметтердің даму барысын талдау .	65
2.3 Аграрлық саланың мал және құс шаруашылығында инновациялық кәсіпкерлік қызметтердің қазіргі жағдайын талдау	72
<b>3 АГРАРЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ</b>	<b>89</b>
3.1 Тұрғындар шаруашылықтарыара кооперация негізінде сүтті терең өңдеу бойынша инновациялық кәсіпкерлікті дамыту стратегиясы	89
3.2 Интеграциялық өсу стратегиясы негізінде құс шаруашылығында инновациялық кәсіпкерлік қызметтерін дамыту	100
3.3 Аграрлық саланың болашаққа дамуын экономикалық-математикалық үлгілер негізінде болжау	115
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	<b>128</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>	<b>132</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

### Диссертацияда келесідей құжаттарға сілтеме жасалды:

- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2018 жылдың 10 қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы
- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы – жаһандық бәсекеге қабілеттілік» – атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2017
- Ұлт жоспары - «100 нақты қадам» 21 қаңтар 2016 ж
- Н. А. Назарбаев «Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол». Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің халыққа Жолдауы. – Алматы: Атамұра, 2016. – 15 б
- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа жолдауы. – Астана, 2015
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығы. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы
- «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 22 желтоқсанда № 9987 болып тіркелді
- Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы. – Астана, 2013. – 100 б
- Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің 17.05.03. № 1096 // САПП. – 2003. №23-24. – 217 б.
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 ақпандағы № 158 қаулысы

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы  
АӨК – Агроөнеркәсіп кешені  
АҚШ – Америка Құрама Штаттары  
ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы  
ЕО – Еуропа Одағы  
БСҰ – Бүкіләлемдік Сауда Ұйымы  
ЕҚДБ – Еуропа қайта құру және даму банкі  
АҚ – Акционерлік қоғам  
ЖШС – Жауапкерлігі шектеулі серіктестік  
ҒӨБ – Ғылыми-өндірістік бірлестіктер  
ӨБ – Өндірістік бірлестіктер  
ҒЗИ – Ғылыми-зерттеу институттары  
ҒЗТКЖ – Ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жасалымдар  
ЖҚБ – Жобаларды құрастырушы және технологиялық бюролар  
АЭА – Арнайы экономикалық аймақ  
ИКК – Инновациялық-кооперациялық кәсіпкерлік  
ИИК – Инновациялық-интеграциялық кәсіпкерлік  
СИӨ – Стратегиялық инновациялық өндіріс  
Ш(Ф)Қ – Шаруа (фермер) қожалығы  
ҚҚС – Қосымша құн салығы  
млн. – миллион  
тн. – тонна  
кг. – килограмм  
ц. – центнер  
гр. – грамм  
тг. – теңге

## КІРІСПЕ

**Тақырыпты зерттеудің өзектілігі.** Бүгінгі нарықтық жағдайда әлемдегі экономиканы дамыту стратегиясы «инновация дәуірі» деп аталатын дамудың жаңа бағытымен жүзеге асуда. Инновациялар әртүрлі формада тұтынушылар қажеттіліктерін ең жаңа өнімдермен қанағаттандыратын жаппай өндіріспен сипатталады.

ҚР Тұңғыш Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында «...индустрияландыру жаңа технологиялық қалыптың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мейлінше инновациялық сипатқа ие болуға тиіс, ... индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс», - деп атап өтеді [1].

Аграрлық саланың ресурстық базасын дамытуға, қызмет көрсету мен технологиялық қызметтерді жетілдіруге көмектесетін дамудың маңызды факторларының бірі инновация болып табылады. Инновациялар инвестициялар ағынын жақсартуға, жеткізушінің беделін көтеруге, әсіресе сыртқы нарықтарды тұрақтандыруға айтарлықтай әсер етеді. Ел тұрғындарының хал алуалы бірінші кезекте аграрлық сала өндірісінің деңгейіне, келешекте инновациялық жаңа өнімдердің өндіріс көлеміне, инновациялық кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуына тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Қазақстан үшінші жаңғыртылуы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауында, «елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін, экономикалық өсімнің жаңа моделін жасау қажет», ... ол жоғары сапалы өнім шығаруға және өңделген өнімдер дайындауға дейін негізгі өндіріске көшуді қамтамасыз ету үшін қажет екенін атап өтті. Тек сонда ғана халықаралық нарықтарда бәсекеге түсе аламыз» [2].

Кәсіпкерлікті дамытудың жаңа жолдарын іздестіруді көздейтін инновациялық кәсіпкерлік, ол кәсіпорынның өсуін немесе инновациялық қызметін басқару туралы тұжырымдама туралы айтуға мүмкіндік береді. Осындай қызметтердің нәтижесі жаңа тауар немесе жаңа айрықша сипаттамалары мен қасиеттері бар тауар, яки жаңа технологиялар бола алады.

Аграрлық саланың өнімдерінің әр түрлілігі мен олардың көлемі жылдан-жылға артудың себебінен көптеген тауар өндірушілер өнімдерін шикізат күйінде емес оларды қайта өңдеу мақсатында пайдалануды қолға алды. Болашақта өнімдерді жаңа инновациялық технологиялар негізінде дайындау, сақтау, өңдеу және сату, яғни аграрлық саланы инновациялық негізде дамытуға қол жеткізу қажеттілігі туындады. Айтылған мәселелердің дұрыс шешілуі осы диссертацияның ғылыми зерттеу мақсаты мен зерттеу тақырыбының өзекті екендігін көрсетеді.

Нарық жағдайында аграрлық өндірісті инновациялық даму негізінде қалыптастыру және дамыту олардың шикізаттық өнімін қайта өңдеуші

кәсіпорындар мен ұйымдар арасындағы өзара байланыстардың теориялық негіздерін зерттеу ғылыми және тәжірибелік құндылыққа ие.

Аграрлық саланы кәсіпкерлік инновациялық негізде бәсекеге қабілетті құрылымын қалыптастыруда, шаруашылықтардың қарқынды дамуын арттыруда инновациялық жетістіктерді өндіріске ендіру және дамыту осы зерттеу тақырыптың өзектілігін, және оның мазмұнын анықтайды.

**Мәселенің ғылыми-зерттелу деңгейі.** Экономикалық даму теориясы мен инновациялық негізде экономикалық өсудің негізін қалаған шетелдік және ресейлік танымал ғалымдар: Н. Кондратьев және кейнсианизмнің классиктері Р. Гаррод, Э. Хансен, экономикалық динамика мен экономикалық циклдердің дамуын зерттеуде айтарлықтай ғылыми үлес қосты; инновациялық теорияның авторы, Дж. Шумпетер; ғылыми-техникалық прогресті экономикалық дамудың шешуші факторы ретінде қарастырған, экономикалық даму теориясы авторы Р. Солоу; бәсекеге қабілетті өндірістік кластерлерді қалыптастыру теориясының авторы, М. Портер және басқалар зерттеу жүргізді.

Бұл проблемалардың теориялық және тәжірибелік мәселелері, олардың тиімділігін арттыру мәселелері шет ел және қазақстандық ғалымдар: Б. Твисс, Ф. Никсон, Б. Санто, Д. В. Соколов, А. Б. Титов, М. М. Шабанова, Ю. П. Морозов, А. И. Пригожин, И. Санду, И. Ушачев, М. Кенжегузин, Т. Есполов, А. А. Сатыбалдин, Г. А. Калиев, А. Б. Молдашев, О. Сабден, М. Қ. Ускенов, Ф. М. Днишев, Ф. Г. Альжанова, М. У. Спанов және тағы басқалардың еңбектерінде қарастырылған.

Бұл зерттеулерге қарамастан аграрлық саланы қалыптастыру мәселесі өнім өндіруден бастап, оның дайындау, өңдеу, тасымалдау, өткізу және сатуды инновациялық үрдістер негізінде бір тұтас жүйе ретінде қарастыруды қажет етеді.

Нарық сұранысы негізінде, коммерциялық көзқараспен қарағанда, инновацияны әзірлеу және сала өндірісіне ендіру қызметі және саланы дамытуды басқарудың жаңа инновациялық тәсілдерін зерттеуге экономикалық қажеттілік туындады.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Зерттеудің мақсаты - аграрлық саладағы инновациялық кәсіпкерлікті қалыптастыру және дамытуды негіздеу үшін әдістемелік және тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу және бұл мақсаттар төмендегі міндеттерді алға қояды:

– «инновациялық қызмет» және «инновациялық кәсіпкерлік» түсінігінің заманауи мәнін ашу, инновациялық кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуын теориялық-әдіснамалық негіздеу;

– инновациялық кәсіпкерліктің шетелдік тәжірибесін зерттеу және оларды ұлттық экономикада қолдануға ұсыныстар жасау, мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары мен тетіктерін зерделеу;

– Түркістан облысы аграрлық саласында инновациялық кәсіпкерлік қызметтің қалыптасуы мен дамуын талдау, мақта саласын инновациялық дамыту жолдарын бағалау;

– аграрлық саланың сүт өндірісінде «инновациялық-кооперациялық кәсіпкерлікті» және құс шаруашылығында «инновациялық-интеграциялық кәсіпкерлікті» дамыту стратегияларын негіздеу, ұсыныстар әзірлеу;

– аграрлық саланың инновациялық қызметтерін экономикалық-математикалық, көп факторлы регрессиялық үлгілері негізінде болашаққа даму параметрлерін негіздеу.

**Зерттеу пәні** - аграрлық саладағы инновациялық кәсіпкерлік қызметтердің қалыптасуы мен дамуының теориялық-әдістемелік аспектілері мен ұйымдастыру-экономикалық қатынастары.

**Зерттеу нысаны.** Түркістан облысы аграрлық саласындағы инновациялық кәсіпкерлік қызметтері жүйесі, оның ұйымдары мен ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары.

**Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері** – ұлттық және алыс және жақын шетелдік экономист ғалымдардың еңбектері, ғылыми-зерттеу институттарының әдістемелік нұсқаулары, Қазақстан Президенті мен Үкіметінің қабылдаған заңдары мен жарғылары, нормативтік ақпараттар, ұлттық және шетел аграрлық өндірісін қалыптастыру және дамыту, тиімділігін арттыру мәселелері бойынша ғылыми еңбектер және заңдылық актілер мен ресми құжаттар алынды.

Сонымен бірге өндірістің даму тенденцияларын анықтауда экономико-статистикалық, монографиялық, баланстық, корреляциялық-регрессиялық, индекстік және тағы басқа әдістер және компьютер құралдары кеңінен пайдаланылды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалықтары.** Түркістан облысы аграрлық саласында инновациялық кәсіпкерліктің қызметтерін салаға жасаған ұсыныстары мен қабылданған қорытындыларынан құралады, олар:

– «инновациялық қызмет» және «инновациялық кәсіпкерлік» экономикалық категориялардың заманауи мәнін анықтау арқылы «инновациялық-кооперациялық кәсіпкерлік» және «инновациялық-интеграциялық кәсіпкерлік» концепцияларының экономикалық мәні негізделді;

– инновациялық кәсіпкерліктің шетелдік тәжірибесі зерттелініп, тәжірибе нәтижесін отандық аграрлық салада қолдану, инновациялық өнімдерді әлемдік нарыққа шығару мүмкіндіктері бағаланды;

– Түркістан облысы аграрлық саласының инновациялық кәсіпкерлік қызметтерінің даму тенденциясы талданып, мақта-тоқыма кластерінің бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру мақсатында жаңа инновациялық «Түркістан» мақта сортын өндіріске ендіру ұсынылды;

– Қазақстанда тұрғындар шаруашлықтарыара кооперация негізінде сүтті өңдеудің «инновациялық-кооперациялық кәсіпкерлік» өндірісі негізделді және құс компанияларында интеграциялық өсу стратегиясы негізінде жаңа «инновациялық-интеграциялық кәсіпкерлік» өндірісін құру ұсынылды;

– экономикалық-математикалық, көп факторлы регрессиялық үлгілер әзірленіп, аграрлық саланың болашаққа даму параметрлері негізделді, ұсынылды.

**Қорғауға шығарылатын негізгі жағдайлар.** Аграрлық саладағы инновациялық кәсіпорындардың қызметтерін, ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеудің қорғауға келесі зерттеу нәтижелері ұсынылған. Қол жеткізілген ғылыми жаңалықтар:

– инновациялық кәсіпкерлікті қалыптастыру және дамытудың теориялық-әдістемелік негіздерін зерттеу нәтижесінде «инновациялық-кооперациялық кәсіпкерлік» және «инновациялық-интеграциялық кәсіпкерлік» концепцияларының экономикалық негіздемесі жасалды;

– аграрлық секторда инновациялық белсенділікті зерттеу нәтижелері, шетелдік тәжірибені пайдалану, сала құрылымдарын кооперациялау негізінде отандық ауыл шаруашылық өнімдерін әлемдік нарыққа шығару жолдары анықталды;

– Түркістан облысы аграрлық саласында инновациялық кәсіпкерлік қызметтерінің қазіргі жағдайы мен даму тенденциясын талдау қорытындылары, мақта-тоқыма кластерін отандық жаңа инновациялық мақта талшығымен камтуды негіздеу нәтижелері;

– Қазақстанда тұрғындар шаруашылықтарыара кооперация негізінде сүтті өңдеудің «инновациялық-кооперациялық кәсіпкерлікті» ұйымдастыру және құс компанияларында интеграциялық өсу стратегиясы негізінде жаңа «инновациялық-интеграциялық кәсіпкерлікті» құру тұжырымдамалары;

– әзірленген экономикалық-математикалық үлгілердің жәрдемінде ҚР аграрлық саласының болашаққа стратегиялық дамыту параметрлерін негіздеу шешімдерімен жасалған қорытындылары.

**Зерттеу нәтижелерінің қолданылуы және сынақтан өткізілуі.** Диссертацияның негізгі нәтижелері Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда, соның ішінде: М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінде өткен Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында баяндалып талқыланды.

**Диссертацияның ғылыми зерттеулермен байланысы.**

Түркістан облысы ауыл шаруашылығы департаменті қабылдаған «Кәсіпкерлікті қолдау жол картасы - 2020» бағдарламасы және Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті «Экономикалық салаларда инновациялық даму негізінде бәсекелестік мүмкіншіліктерді қалыптастыру жолдары және тетіктері» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысы шеңберінде орындалды.

**Жарияланған жұмыстар.** Диссертация жұмысының негізгі нәтижелері жалпы көлемі 5,12 баспа табақ болатын 16 ғылыми мақалада көрініс алды.

**Диссертация жұмысының құрылымы және көлемі.** Диссертациялық жұмыс: кірісіпе, үш бөлімнен, қорытынды мен ұсыныстардан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, тіркемеден тұрады. Диссертация 139 беттен, соның ішінде 39 кесте, 8 суреттен құралған.



# 1 АГРАРЛЫҚ САЛАДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Иновациялық қызмет, инновациялық кәсіпкерліктің мәні және оны дамытудың ғылыми негіздері

«Иновация» тұжырымдамасы ғылыми тұрғыда экономикалық категория ретінде ХХ ғасырдың басында пайда болды. Ағылшын тілінен аударғанда инновация (жаңашылдық) - жаңа инновацияларды ендіру, яғни кейбір инновацияларды немесе ғылыми жетістіктерді қолдану үрдісі болып табылады [3]. Инновациялар, әдетте, белгілі бір қызмет саласыдағы ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және басқа жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында қалыптасқан нәтиже деп түсініледі.

И. Шумпетер өзінің «Экономикалық даму теориясы» (1911 ж.) еңбегінде инновацияны кәсіпкерлік рухпен ынталандырылған өндірістік факторлардың жаңа ғылыми және ұйымдық үйлесімі, оны экономикалық жүйелердің даму көзі ретінде қарастырады [4]. Инновация - жаңашылдық, ғылыми жаңалық. Инновациялар кез-келген техникалық, ұйымдық, экономикалық және басқарушылық өзгерістер, тауардың жаңа түрлерін шығару, өндіріс құралдарын өндіру, экономикалық салаларда ұйымдастыру түрлерін жетілдіру мақсатында өндіріс факторларының өзгеруі, - деп түсіндіріледі.

Көп экономист ғалымдар инновация тұжырымдамасын жаңа өнімге немесе қызметтерге, оларды өндіру жолдарына, ұйымдық, қаржылық, ғылыми және басқа салалардағы жаңашылдықтарды, шығындарды үнемдеуді қамтамасыз ететін кез-келген жетілдіруді немесе осындай үнемдеуге жағдай жасауды түсіндіреді [5, 6]. Терминнің түсіндірілуі көбінесе белгілі бір зерттеудің объектісі, мақсаттары мен міндеттері арқылы анықталады.

Отандық зерттеушілердің пікірі бойынша инновациялар (жаңашылдық) - жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдіс ретінде іске асырылған инновациялық қызметтің түпкі нәтижесі. Экономикалық әдебиетте «инновация» ғылыми-техникалық үрдістің нәтижелерін іс жүзінде жүзеге асыру ретінде түсіндіріледі және негізінен ғылыми-техникалық үрдіс бойынша зерттеулер шеңберінде қолданылады.

Ю. В. Яковец, А. Баркер, Б. Санто және басқалардың түсініктері бойынша, инновация - бұл кез-келген салалар мен адам қызметінде жаңа идеяны іске асыру үрдісі, ол нарықтағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға және экономикалық тиімділікті арттыруға ықпал етеді [7, 8, 9].

Б. Санто инновациялық қызметті коммерциялық мақсатқа пайдалануға және экономикалық нәтижеге қол жеткізуге әкелетін идеяны, анықтаманы немесе техникалық өнертабысты іске асыру негізінде серпінді стратегия іске асырылатын үрдіс немесе әрекет, - деп анықтама береді. Анықтаманың жетіспеушілігі - «инновация» және «инновациялық үрдіс», «инновациялық қызмет» ұғымдарының араласуынан [10]. Инновациялар - жаңалықтарды және өнертабыстарды қамтиды. Бұл жағдайда инновацияларға өндірісті

ұйымдастыру, басқару, әлеуметтік саладағы өзгерістерді ендіруді жатқызуға болмайды.

А. Пригожин кәсіпорынның инновациялық қызметі деп жаңа өнімді жасау, ойлап табу, игеру және таратудағы, қызмет көрсету мен технологияны, шикізат және материалдарды, өндірісті ұйымдастыру және басқару әдістері бойынша іс-шаралар кешенін түсіндіреді [11].

Кесте 1 – Түрлі авторлардың «инновация» түсінігіне берген анықтамалары

Авторлар	Инновацияның анықтамасы
1	2
Б. Твисс	Экономикалық мәнге ие болатын жаңа идея немесе ғылыми әзірлеме үрдісі
Ф. Никсон	Жаңа және ең таңдаулы өнеркәсіптік үрдістер мен жабдықтарды нарықта пайда болуына алып келетін, техникалық, өндірістік және коммерциялық іс-шаралардың жиынтығы.
Б. Санто	Идеялар мен ғылыми әзірлемелерді тәжірибеде қолдану арқылы, заттар мен технологиялардың ең жақсыларын жасап шығаруға алып келетін қоғамдық-экономикалық үрдіс
Д. В. Соколов, А. Б. Титов, М. М. Шабанова	Нақты қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыратын кейбір тиімділікті (экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, экологиялық) жүзеге асыратын, жаңа немесе жетілдірілген жаңалық әзірлеу және оны игерудің қорытындысы
Ю. П. Морозов	Жаңа технологиялар, өнімдер, ұйымдастырушылық-технологиялық және өндірістік, қаржылық, коммерциялық, әлеуметтік-экономикалық шешімдер жаңалықтарын табысты пайдалану
А. И. Пригожин	Техника, технологияны дамытуға, оларды әзірлеу, игеру, өндірістік нысандарға тарату кезеңдерін басқаруға алып келеді
И. Санду И. Ушачев	Өнімнің жаңа немесе жетілдірілген түрінде өмірге келген, тәжірибеге енген, нарықта игерілген жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдіс нәтижелерімен анықталады
Ескертпе – Зерттеу нәтижесінде автормен құрастырылған [8-16]	

Біздің ойымызша, инновацияның ең дәл және толық анықтамасы Б. Санто [10], Ф. Янсен [12], В. И. Винокуров [13] ұсынады, нарықта енгізілген өнімді жетілдіру, жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдіс, тәжірибелік қызметте пайдаланылатын немесе әлеуметтік қызыметтерге жаңа көзқарас (кесте 1). Инновациялар кеңейтілген әлеуметтік жаңғырту үрдісін жеделдетеді, өйткені олар тіркелген және айналымдағы инвестициялар арқылы инновациялық үрдісті әрі қарай дамытудың көзі мен ресурсы болып табылатын әлеуметтік өнімнің өсуіне және ішкі жинақталуына ықпал етеді. Инновацияларды динамикада және статикада қарастыруға болады. Егер инновациялар уақытында дамып, айқын, нақты кезеңдерде болса, онда бұл жаңалықтарды жасау, игеру және таратумен байланысты инновациялық үрдіс.

Біздің ойымызша, статикалық тұрғыдан алғанда, инновациялар нарықта жүзеге асырылатын үлгі түрінде инновациялық үрдістің түпкі нәтижесі болып табылады. Инновацияларға тән үш қасиетті:

- ғылыми-техникалық жаңалық;
- өндірісте іс жүзінде қолдану;
- коммерциялық тұрғыдан қарастырған жөн.

Коммерциялық аспект инновацияны нарық қажеттіліктері арқылы көрінетін экономикалық қажеттілік ретінде анықтайды. Біздің ойымызша, инновациялық тиімділіктің төртінші сипатын көрсетіп, инновацияны енгізудің тиімділігі ретінде түсіндірілуге тиіс, ол тиімділіктің, өнімділіктің, қарқындылықтың өсуі, басқарушылықты арттыру, өндірістік жағдайдың жақсаруы және тағы басқалар. Экономикалық теория тұрғысынан, материалдық өндірісте қолданылатын тауар ретінде инновацияны пайдалану құны - бұл жиынтық еңбекті үнемдеуге және қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін өзгертуді енгізуге қабілеттілігі. Қазіргі жағдайда инновациялар белгілі бір айқын мақсатты және толыққанды негізде зерттеуді талап етеді. Инновацияларды құру, дамыту және таратуға инновациялық қызмет тығыз байланысты [14]. Заң жүзінде оны түбегейлі жаңа өнімді, технологиялық үрдісті, дайын өнімді экономикалық айналымға көшіруге бағытталған ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды жүзеге асыруға байланысты қызметті білдіреді. Нарықта жаңа бәсекеге қабілетті өнімнің пайда болуы инновациялық қызметтің ажырамас сипаты болып табылады.

Инновациялық қызметтер туралы ғылыми әдебиеттерде авторлар: қызметтің түрі; кешенді шаралар; инновацияларды дамыту үрдісі ретінде анықтама береді. Сонымен қатар, Н. В. Бочаров және А. И. Пригожин [15] өнімдердің, қызметтердің және технологиялардың жаңа түрлерін, шикізат пен материалдарды, өндірісті ұйымдастыруды және басқаруды ұйымдастыру әдістерін жасау, сатып алу, дамыту және тарату жөніндегі іс-шаралар кешені деп түсіндіреді. Алайда инновациялық қызмет түрлерінің жиынтығы бола алмайды, себебі ол дәйекті, бір-бірімен байланысты сатылар немесе кезеңдер арқылы өтетін инновацияларды жасау, енгізу және тарату болып табылады.

Г. А. Месяц, С. М. Алдошин [16] инновациялық қызметтің жүйелік сипатын айқындайды. Бірақ жүйелік сипатсыз, іс жүзінде кез-келген тиімді әрекет мүмкін емес, ол жаңа өнім жасау немесе ескі қолданысты пайдалану болып табылады. А. В. Полянин [17] инновациялық қызмет «жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдісте сатылатын жаңа немесе жетілдірілген өнімдегі аяқталған ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің немесе басқа ғылыми-технологиялық жетістіктердің нәтижелерін әзірлеуге және іске асыруға бағытталған үрдіс», сондай-ақ байланысты ғылыми зерттеулер нарықтық үрдістерді одан әрі дамытуға байланысты инновациялық қызмет кәсіпорындар мен өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге, тауарлар мен қызметтердің ассортиментін кеңейтуге және нарықтарды жеңуге бағытталған іс-шараларды қамтиды.

Сондықтан, өнімді дамыту және жетілдіру, технологиялық үрдіс, еңбек және өндірісті ұйымдастыру әдістемесі, жалпы өндірісті дамыту болашағын алдын ала анықтайтын барлық өзгерістер енгізілген. Осыған

байланысты А. А. Румянцев [18], бұл сөздің кең және тар мағынасында инновацияны көруге болатынын алға қояды. «Сөздің кең мағынада, бұл әлеуметтік белсенділіктің түрлі аспектілерін әлеуметтік, экономикалық және басқа да тәжірибелік нәтижелерге қол жеткізу мақсатында мақсатты трансформациялау» екендігін, сонымен қатар, сөздің тар мағынасында «инновациялық белсенділік» әлеуметтік өнімге, оның құрылымына, өнімді іске асыру үрдістері және оны басқару болып табылатындығын атап өтеді. «Бұл түсініктемеде әлеуметтік өндірумен, оның жұмыс істеуімен, дамуымен және жақсартумен байланысты кез-келген интеллектуалды қызмет инновациялық қызметке жатады. А. Сувариковтің [19] шығармаларында инновациялық қызметтің неғұрлым дәл анықтамасы берілген. Атап айтқанда, инновациялық қызмет - бұл ғылыми-техникалық идеяларды, өнертабыстарды, әзірлемелерді іс жүзінде пайдалану мен таратуға лайықты нәтижеге әкелетін іс-әрекет. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлерін, эксперименталды, конструкторлық және инжинирингтік, технологиялық жұмыстарды, инновацияларды әзірлеуді, енгізуді және таратуды қамтиды. Инновацияның негізгі қызметі өзгеру қызметі болып табылады және оның басты мақсаты - жаңа идеялар, инновацияларды құру. Іскерлік үрдіс ретінде инновациялық қызмет келесі негізгі кезеңдерден тұрады:

- инновациялық идеяларды іздестіру және олардың барынша болашағын таңдау;
- таңдап алынған идеялардың өміршеңдігін бағалау;
- егжей-тегжейлі бизнесті дамытуда инновациялық жобаны іске асыру жоспары;
- бизнес-жоспардың сараптамалық бағасы;
- инновациялық жобаның эксперименттік өндірісі;
- өндірістік схеманы түзету;
- инновациялық өнімді жылжыту;
- инновациялық өнімнің жаппай өндірісі.

Қолданбалы сипатта, белгілі бір циклділікке ие, осы қызметтің барлық қатысушылары арасындағы байланыстардың болуы, инновацияларды коммерциялық пайдалану қажеттілігі мен орындылығы туралы инновациялық шешім қабылдау өте маңызды болып табылады.

Инновациялық қызметтің маңызды сипаттамалары инновацияның инновациялық өмірлік циклін қамтиды. Инновациялық цикл - бұл инновациялық идеяны іздеуге немесе белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге дейінгі кезең. Инновацияның өмірлік циклі оны өндіріске енгізуден бастап оның ескіруіне және қолданылуын тоқтатуға дейінгі кезеңді қамтиды. А. А. Румянцев инновацияның өмірлік циклінің келесі кезеңдерін анықтайды: даму кезеңінің ерекшеліктерін көрсететін инновациялық кезең; нарықтық негізде инновациялық кезеңді сипаттайтын фазалық (шашырау) кезеңі [20]. Инновациялық үрдіс циклдік сипатқа ие және мынадай дәйекті құрылымдық элементтерді қамтиды:

- іргелі зерттеулер;

- технологиялық және дамытушы дизайн;
- эксперименттік және тәжірибелік өндіріс;
- сынақтан өткізу және дамыту;
- жаппай өндіріс;
- маркетинг және инновациялық өнімді енгізу.

Инновациялық кезең идеяның пайда болу сатыларын, үлгі түрінде инновацияны құруды және инновацияларды дамыту кезеңін қамтиды, оның ішінде өндірістегі инновацияны дамыту және бастапқы енгізуде кіреді. Егер инновациялық цикл кезеңімен аяқталса нарықтық негізде белгілі бір тақырып бойынша идеяларды пайдалану, инновацияны өндіріске енгізумен басталатын өмірлік цикл оны қолданудың толық тоқтатылуымен аяқталады. Инновациялық цикл инновацияны құру кезеңін көрсетіп отыр, ал өмірлік цикл оны пайдалану сатысы деп айтуға болады. Сонымен қатар, инновациялық қызметтің өмірлік циклінде инновацияны құру кезеңі, оны пайдалану, тарату және пайдалануды тоқтатуды өз ішіне ендіреді.

Инновациялық қызмет инновациялық үрдіспен тығыз байланысты және оның негізі болып табылады. Инновациялық үрдіс инновацияларды құру, дамыту және таратумен байланысты. П. Н. Завлин [21] инновациялық үрдіс - жаңа еңбек өнімділігін қалыптастыру үшін зияткерлік еңбектің жиынтығы. Жаңа өнім техникалық, өндірістік және коммерциялық сипаттамаларда көрсетілуі мүмкін. Инновациялық үрдіс технологиядағы жаңа сипаттамаларды, тұтынудың дайын өнімінің жаңа сапалық көрсеткіштерін, сондай-ақ қоғамдық және жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған жаңа технологияларды енгізуді қамтиды. О. П. Молчанова инновациялық үрдіс инновацияның дәйекті өзгерісі, инновацияны трансформациялау үрдісі, инновацияны дамыту, жаңа білімнің инновацияға айналуы деп түсіндіреді [22]. Анықтамалар өте жақын, ол оның негізгі мазмұндарынан көрінеді. Инновациялық үрдіс инновацияларды құру, дамыту, тарату және тиімді пайдалануға байланысты. Инновациялық үрдіс - ғылыми әзірлемелерді, ұйымдық, экономикалық, техникалық немесе технологиялық идеяларды қажетті сапалы өнімдерді алуға, олардың шығындарын азайтуға және өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа технологияларға айналдырудың тұрақты және үздіксіз ағыны. Оның негізгі қатысушылары болып аграрлық саланың ғылыми-білім беру ұйымдары, ауыл шаруашылық өндірісін басқару органдары, агросервистік ұйымдар, сондай-ақ тікелей аграрлық саланың тауар өндіруші кәсіпорындары кіреді.

Инновациялық үрдіске әртүрлі бағытталған факторлар мен шарттар әсер етеді. Теріс факторларға мыналар жатады:

- инновациялық жобалар мен әзірлемелердің жеткіліксіз қаржыландырылуы;
- материалдық, техникалық, ғылыми және ақпараттық негіздердің әлсіздігі және артта қалуы;
- өндірістегі өзгерістерге персоналдың төзімділігі;
- инновациялық инфрақұрылымның жоқтығы;

- коммерциялық тәуекелдің жоғары пайызы;
- инновациялық үрдістің қатысушыларының қызметін үйлестірудің күрделілігі;

- салық салудың жоғары деңгейі.

Инновациялық үрдістің барысына оң әсер ететін факторлар:

- уақтылы және толық қаржыландыру;

- ұйымның жақсы материалдық, техникалық және ғылыми базасы;

- инновациялық қызметтің қатысушыларын материалдық және моральдық ынталандыру;

- инновациялық үрдістерді басқару құрылымы;

- ақпараттық және инновациялық инфрақұрылымдарды дамыту;

- көлденең ақпараттық ағымдардың басым болуы.

Инновациялық үрдістің қалыпты жұмыс істеуі инновациялық инфрақұрылыммен байланысты:

- тиісті құқықтық және нормативтік база;

- ғылыми-техникалық өнімдер нарығы;

- ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру және капиталдандыруды жүзеге асыратын ұйымдар желісі;

- кеңестік орталықтар, ақпараттық және делдалдық ұйымдар (қызметтері);

- инновациялар бойынша экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар: инжиниринг, аудит, басқару, үйлестіру және басқа да ұйымдар.

Инновацияларды қалыпты іске асыру үшін инновацияларды дамыту, игеру және тарату әдістерін, түрлерін таңдауда қолданылатын ерекшеліктерді ескере отырып, инновацияларды таңдау қажет.

Инновациялық кезеңнің ұзақтығы мыналарға байланысты:

- 1) өндірістің технологиялық деңгейіне;

- 2) игеруге ортаның бейімделу қабілеттігіне;

- 3) сыртқы қаржылық-экономикалық факторларға.

Егер экономикасы жоғары дамыған елдерде техникалық әзірлемелердің инновациялық кезеңнің ұзақтығы 5-6 жылды құраса, дамушы елдерде 15-тен 25 жыл аралығында болуда.

Қазіргі жағдайда кәсіпорындардың табысты жұмыс жүргізуі инновациялық қызметті дамытусыз жүзеге асыру мүмкін емес, ол аяқталған зерттеулер мен әдістерді, нарықта ұсынылатын жаңа немесе жетілдірілген өнімге ғылым мен техниканың жетістіктерін жүзеге асыруға бағытталған үрдісті білдіреді.

Аграрлық саланың дамуына инновациялық кәсіпкерліктің әсері мәселесі бойынша бірнеше авторлардың зерттеу нәтижелері бұл саланың сыртқы ортадағы өзгерістерге жылдам шешім қабылдауға мүмкіндік беретін іс-әрекеттері мен тұрақты дамытуға бағытталғандығында деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді. Экономикалық зерттеулер «инновациялық кәсіпкерлік» анықтамасының мағынасы мен мазмұнын анықтауды қажет етеді.

Қандай бір жаңа инновациялық қызмет болмасын ол кәсіпкерлік болып табылады, өйткені ол жаңа идеялар мен оларды бағалауға, қажетті ресурстарды іздестіруге, кәсіпорынды құру мен басқаруға, кіріс алу және алынатын нәтижеге жеке қанағаттануға негізделген. Дегенмен, барлығы инновациялық кәсіпкерлік бола алмайды, тек инновациялық өнімді құру және пайдалану нәтижесінде кәсіпкерлік табысты алуға мүмкіндік беретіні ғана инновациялық кәсіпкерлік бола алады.

Осыған сәйкес екі түрдегі кәсіпкерлік үлгісі бөлініп шығады [23]:

1) Классикалық кәсіпкерлік, кәсіпкерлік ұйымға қолжетімді ресурстардан барынша табыс табуды көздейтін қызметтерді ұйымдастыруды мақсат тұтады. Осы үлгі шеңберінде өндірістің өсуін басқару тұжырымдамасы қалыптастырылады, оны жүзеге асыру сыртқы факторлардың - субсидиялардың, мемлекеттік қолдаудың есебінен жүзеге асырылады оған бір шама іс-әрекеттер жүргізуге уақыт талап етіледі. Кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру үшін кәсіпорынның ішкі резервтерінде пайдаланылады.

2) Кәсіпкерлікті дамытудың жаңа жолдарын іздестіруді көздейтін инновациялық кәсіпкерлік, ол кәсіпорынның өсуін немесе инновациялық қызметін басқару туралы тұжырымдама туралы айтуға мүмкіндік береді. Осындай қызметтердің нәтижесі жаңа тауар немесе жаңа айрықша сипаттамалары мен қасиеттері бар тауар, яки жаңа технологиялар бола алады.

Алғашқы Кеңес үкіметінде ең көп тарқаған инновациялық қызметті ұйымдастырушы ұйым түрлері болып, ғылыми-өндірістік бірлестіктер мен өндірістік бірлестіктер (ҒӨБ және ӨБ), ғылыми-зерттеу институттары (ҒЗИ) жобаларды құрастырушы және технологиялық бюролар (ЖҚБ) болды [24].

Қазіргі таңда инновациялық кәсіпкерліктің инфрақұрылымын құру технологиялық парктер, бизнес-инкубаторлар, технополистер және т.б. құру жолымен жүзеге асуда.

Технопарктер – бұл инновациялық кәсіпкерлікті дамыту үшін барынша қолайлы жағдайды қалыптастыруды негізгі мақсат тұтатын ғылыми-өнеркәсіптік аумақтық кешендер болып табылады. Түркістан облысы аумағында қазіргі уақытта бірнеше технопарк табысты жұмыс істеуде.

Бизнес-инкубаторлардың негізгі мақсаты – қызметін бастаушы кәсіпкерлерге алғашқы көмек көрсету, олар өз бизнесін жүргізу дағдысын аларда құқықтық, экономикалық және кеңестік көмек көрсетіледі.

Инновациялық қызмет саласында бизнес-құрылымдардың дамуының негізгі бағыттарының бірі - технополистер - белгілі бір аумақта ғылыми, ғылыми-инновациялық, технологиялық парктер мен бизнес-инкубаторларды біріктірудің ұйымдастырушылық түрлері, экономикалық даму үшін күш-жігерді біріктіру және қуатты серпін берудің бір жолы болып табылады [25].

Аграрлық саланың ерекшеліктеріне байланысты инновациялық кәсіпкерлік ретінде даму басымдықтарын және осы басымдықтарды іске асыру жөніндегі мемлекеттің, ғылымның, бизнесті біріктірудегі күш-жігерін қалыптастыру құралдарының бірі болуы тиіс. Олар аграрлық саланың техникалық және технологиялық дамуының болашақ бағыттары бойынша олардың бәсекеге

кабілеттілігін арттыру мақсатында ғылым мен техника саласындағы саясатты қалыптастыру үшін мемлекеттік-жеке меншік серіктестіктің қазіргі заманғы түрі болып саналады. Технологиялық үрдістің мағынасы шикізатты терең өңдеу, ол экология мен өнім сапасын жоғарылатуға, өнімнің арзандауына және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға алып келеді.

Қазіргі нарықтық жағдайда аграрлық салада «құс өнімдері ішкі кешенін» ел аймақтарында тік интеграциялық «агроөнеркәсіптік кешенін» құру негізінде дамыту жүзеге аспауда және оны жекеменшік құс шаруашылықтарында Кеңес Одағы кезінде жүзеге асыру өте күрделі. Сондықтан сапалы инфрақұрылымдық қызмет атқаратын құрылымдардың жоқтығынан, облыстағы әр бір құс компаниясы өндірістік инновация, үрдістік инновация, өнімдік инновация, маркетингтік инновацияны қолдану негізінде өз өндірісі ішінде тік интеграциялық агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды, яғни, «құс өнімдері ішкі кешенін» құруды жүзеге асыруда.

Бұл «инновациялық кәсіпкерлікке» негізделген жаңа мүмкіндіктер, үнемі іздестіруге негізделген, инновацияға бағытталған басқарудың жаңа шаруашылық жүргізу үрдісі болып табылады.

Қазақстанда инновациялық кәсіпкерлікті дамыту стратегиясы аграрлық саланы келешекке дамыту тұжырымдамасының шегінде белгіленген мақсаттар мен мәселелерге сәйкес елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуді алға қояды. Стратегиялық даму кәсіпкерлікті жүргізудің жаңа мүмкіндіктерін ашып, ғылым мен техникадағы жаңалықтарды ендіруге, ақпараттық жүйелерді дамытып, адам ресурсын пайдаланудың жаңа көзқарастарын қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық стратегиясы туралы 2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтің № 1096 қаулысы мен 2012 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің ұсынысымен ұзақ мерзімдік Қазақстанның «Қазақстан – 2050» – Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси курсы» стратегиясын қабылдау да осыған дәлел [26]. Онда: ұзақ мерзімдік басымдылықтар ұсынылған және нақты іс-әрекеттерге күштерді шоғырландырып, осы ұзақ мерзімдік басымдылықтарға, стратегияны құруды және оларды іске асыруды алға қойған.

«Стратегия» деген ұғымды И. Ансофф «кәсіпорын, өзінің қызметінде шешім қабылдау үшін басшылыққа алатын ережелер жиынтығы» деп анықтаған [27]. «Стратегия» ұзақ мерзімдік мақсаттарды қалыптастыру, оларға жету үшін ресурстарды іздестіру және болашаққа нақты іс-әрекеттерді жоспарлау арқылы, дамудың сыртқы ортаның серпілісінен шығатын жолдарды нақтылау» деп анықтаған.

А. Н. Петров «стратегия» ұғымын талдауда өз пікірлерін келесідегідей тұжырымдайды: «Стратегия біріншіден, елді тұрақты өсуге бағдарлап, өзінің экономикалық бағдарының міндеттерін шешуге бағындыруы; екіншіден, елдің ұзақ мерзімде даму бейнесін алдын ала көруі және елдің тарихи ерекшеліктері мен түпкілікті құндылықтарына сүйенуі; үшіншіден, барлық мүдделі



жақтардың, яғни өкімет, бизнес, еңбек ұжымдары мен халықтың өкілдерінің кең қатысуы және қолдауымен әзірленуі; төртіншіден, келешектегі басымдықтарды бейнелейтін нақты және анық көрінетін мақсаттарға негізделуі – тиіс», - деп атап өтсе [28].

А. К. Кошановтың ойынша: «Ережеде, экономиканың мақсаттары мен басымдықтары нарықта шаруашылық жүргізуші тұлғалардың өндірістік пен коммерциялық қызметтері және мемлекеттің әлеуметтік қызметі үшін берілетін стратегиялық бағдарлар негізінде әзірленеді», - деп анықтама береді [29].

Аграрлық саланы стратегиялық дамытуда ғылыми-техникалық жетістіктер мен инновациялық жаңалықтарды салаға ендіру үрдістерін өзара байланыстыру оңай іс емес, бірақ өте қажетті.

Аграрлық саланы стратегиялық жоспарлауда, бірінші кезекте, қоғамға қажетті сала өнімнің өндіріс көлемін есепке алып, елдің азық-түліктік және ауылшаруашылық шикізаттық тәуелсіздік деңгейі мен шекарасын анықтау қажет. Мұнда, ұзақ мерзімдік стратегиялық мақсаттарды есепке ала отырып, жақын және алыс шекаралас шет елдерімен сыртқы экономикалық байланыстарды дамытудағы басымдылықтарды белгілеген маңызды.

Қазақстанда қазіргі таңда шаруа (фермер) шаруашылықтары және жеке тұрғындар шаруашылықтары мен сүтті терең өңдейтін компаниялар арасындағы кооперациялық байланыстың дамуы өте стратегиялық маңызды бағыт алуда. Елдің аграрлық саласында жеке тұрғындар шаруашылықтары арасындағы кооперация негізінде интеграциялық келісім шартпен байланысқан сүтті өңдейтін инновациялық жоғары технологиясы бар сүтті қалдықсыз терең өңдейтін «инновациялық кооперациялық кәсіпкерліктер» қызмет атқаруда.

Біздің ойымызша, «инновациялық-кооперациялық кәсіпкерлік» бұл жеке тұрғындар шаруашылықтарыара инновациялық кооперациялық бірлесу негізінде шикізаттық өнімді жию және оны қайта терең өңдеуді инновациялық ұйымдастырған жаңа үлгіде қызмет атқаратын кәсіпорындар деп тұжырымдама жасауға болады.

Сонымен қатар, Қазақстанда құс компаниялары мен маманданған ірі құс шаруашылықтарында инновациялық интеграциялық ұйымдастырушылық формалар қалыптасып, «бір» құс компаниясы ішінде олардың мазмұны мен құрылымына байланысты «өнімдік ішкі кешендер» дамуда. Құс шаруашылығы мен компаниялардың өзі «өнімдік ішкі кешеннің» интеграторы ретінде басқару объектісі ретінде қызмет атқаруда.

Қазіргі нарықтық жағдайда делдалдық қызметтер өте кең тарқаған кезде немесе құс фабрикалары өз өндірісі үшін сапалы жұмыс атқаратын инфрақұрылымдық делдалдар таба алмайтын жағдайда, кәсіпорын «ұйымдық инновациялық ұйымдастыруы» өз ішінде дамыта отырып, экономикалық тиімді «инновациялық интеграциялық кәсіпкерлік» қызметті дамытуды қолға алды.

Зерттеу көрсеткендей ел ішінде жұмыртқа өндіретін компанияларда өндірістің инновациялық «өндіру-өңдеу-сату» технологиялық кезеңдеріне қарай алғашқы нәсілдік жұмыртқа өндірісінен бастап соңғы нарықта құс

өнімдерін сату кезеңіне дейін «Шымкент құс» ЖШС компаниясында, жаңа «инновациялық өнімдерді» өндіру мен қайта өңдеудің барлық түрлері ұйымдастырылған және қазіргі таңда «инновациялық интеграциялық кәсіпкерлік» тиімді қызмет жүргізуде.

Біздің ойымызша, «инновациялық-интеграциялық кәсіпкерлік» бұл өз өндірісі ішінде «өнімдік ішкі кешеннің» бүкіл интеграциялық технологиялық тізбегін: «өндіріс құралдарын, өнімді, шикізатты өндіру – өнімді қайта өңдеу – дайын өңделген өнімді сатуды» бірыңғай ұйымдық құрылымға интеграциялық біріктірген жаңа үлгідегі инновациялық ұйымдастырылған кәсіпкерлік деп тұжырымда жасаса болады.

Бұл «инновациялық кооперациялық кәсіпкерлік» пен «инновациялық интеграциялық кәсіпкерлік» түрлерін аграрлық салада стратегиялық дамыту бағыттарын зерттеу диссертацияның 3 бөлімінде толық қарастырылады.

Аграрлық сала кәсіпорындарында инновациялық қызметтің қалыптасуы мен даму ерекшеліктері, әсіресе дағдарыс кезінде ең маңызды болып табылатын кері факторлардың әсерін еңсеруге байланысты. Оларға келесілер жатады:

- ауа-райы жағдайлары мен табиғи апаттардың құбылмалылығы (құрғақшылық, су тасқыны, жаһандық климаттың өзгеруі);

- ауыл халқының қартаюуы;

- аграрлық салада жұмысшылар мен шаруалардың кәсіптік деңгейдің төмендігі;

- аграрлық саланы дамытуға, инновациялық жобалары әзірлеу және өндіруге инвестицияның жетіспеушілігі;

- аграрлық сала шаруашылық қызметтері субъектілерінің инновациялық белсенділігінің төмендігі;

- инновациялық инфрақұрылымның болмауы.

Аграрлық сала кәсіпорындарының инновациялық дамуға көшуде тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін төмендегі бағыттарға назар аудару керек [26]:

- тиімді, ресурс үнемдейтін технологияларды әзірлеу және өндіріске енгізу негізінде инновациялық қызметтің жоғары технологиялық бағыттарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- айрықша, жаңа тұтынушылық қасиеттері бар жоғары технологиялы өнімдерге жаңа нарықтарды қалыптастыруға мүмкіндік беретін «жаңа технологиялар» жиынтығын дамыту, мысалы, жоғары сапалы қатты сұрыпты бйдайды нан-тоқаш өнеркәсібі үшін, асыл тұқымды ірі қара малдан диеталық ет өнімдерін өндіру;

- аграрлық салада кейбір заманауи технологияларды тез өндіріске тарқату және өндіру;

- ауылшаруашылық кәсіпорындарын және инфрақұрылымдық субъектілерді техникалық және технологиялық жаңғырту.

## **1.2 Қазақстанда инновациялық кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және стратегиялық дамыту**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Халыққа жолдауында Қазақстанның 2050 жылы дамыған 30 елдің тобына кіруін ... агроөнеркәсіп кешенін индустриалдық-инновациялық кластерлер негізінде дамыту, шикізаттар мен өнімдерді терең қайта өңдеу, экспортқа бағыттау» мәселесін мақсат етіп қойды [30].

Аграрлық өндірісті дамытуда индустриалдық-инновациялық жанасу – бұл жалпы аграрлық саланы индустриалдық дамытуға, аграрлық саладағы ұйымдар мен кәсіпорындарды озық техника және технологиямен қамтамасыз етудің негізін қалауға мүмкіндік жаратады.

Қазақстандағы индустриалдық-инновациялық дамудың аграрлық сала ұйымдары мен кәсіпорындары, шаруа қожалықтардың дамуына ықпалын және оның ел ішіндегі салалық құрылымын өзгертуге тигізетін әсерін зерттей және болжай отырып, оларды төрт негізгі бағытқа бөліп айтса болады [31]:

– ауыл шаруашылығы саласындағы осы уақытқа дейінгі қалыптасқан шағын натурал шаруа (фермер) қожалықтарында шығындарды үнемдеу мақсатында өндіріс көлемін ұлғайту, кооперациялық біріктіру, шоғырландыру арқылы ірілендіру, яғни аграрлық салада ірі маманданған кәсіпорындардың құрылуына, қалыптасуына алып келеді;

– ел ішінде осы уақытқа дейін маманданған шаруа (фермер) қожалықтары өндірісінің тауарлық дәрежесін асыруға мүмкіндік жаратылады (егін мен мал шаруашылығы саласында маманданған шаруа қожалықтарының даму тенденциясы қалыптасады);

– аграрлық саланың өндірістік шығындарында капитал үлесі өседі: әрбір шаруашылық кәсіпорындары мен әр шаруаға шаққанда пайдаланылатын негізгі және айналма қорларға инвестиция көлемінің тез артуы, өнімнің көп мөлшерде өндірілуін және өндірісте қол еңбегінің орнына озық техника, құрал-жабдықтармен айырбасталуын қамтамасыз етеді;

– ауыл шаруашылық кәсіпорындарын кооперациялық бірлесу үрдісі негізінде шоғырлануына, олардың аграрлық өнеркәсіп кешені шеңберінде үйлесімді интеграциялық бірігуіне алып келеді.

Аграрлық салада инновациялық қызметті дамыту өз алдына инновациялық үрдісті білікті және білімді мамандардың қызметі негізінде тиімді құрылымын жасауды, ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеудің аймақтық жағдайға бейімделуіне мүмкіндік береді. Ол үшін аграрлық саладағы инновациялық үрдісті құру, тарату, игеру және оның кезеңдерінің мәні мен мазмұнын анықтаған жөн.

2 кестеде аграрлық салада инновациялық үрдісті құру, тарату, игеру және оның тиімділігін анықтаудың кезеңдері мен инновациялық үрдістердің мәні мен мазмұндары және басты орындаушылар мен жауаптылар көрсетілген.

Инновациялық үрдістің кезеңі инновацияны құрудан басталады. Онда аграрлық саладағы мәселелерді шешу, идеялардың пайда болуы және оларды

ғылыми зерттеу жұмыстарының жоспарына ендіру негізінде іргетасты қолданбалы зерттеулер жүргізу, әзірлемелерді жүзеге асыру ең маңызды мәселе болуда.

Кесте 2 – Аграрлық салада инновациялық үрдістің мәні мен кезеңдері

Кезеңдері	Мәні және мазмұны	Басты орындаушылары
1	2	3
Инновацияны құру	Саладағы мәселелерді анықтау, идеяларды қолдау, оларды ҒЗЖ-ң жоспарына ендіру. Іргетасты, қолданбалы ізденістерді қолға алу, ғылыми әзірлемелерді өндіріске ендіру. Интеллектуалды меншіктік әзірлемелерді, аяқталған ғылыми-техникалық жобаларды ресмилеу. Инновациялық ғылыми сиымдылығы жоғары өнім мен қызметтерді өндіріске ендіру және өткізу.	Ғылыми-зерттеу мекемелері (ғылыми орталықтар)
Инновацияны тарату	Инновацияны зерттеу, өнімді әзірлеу үшін мамандар даярлау, қайта даярлау. Инновацияны басқару ұйымдардың қызметін атқару, инновацияны насихаттау. Өндірістік ұйымдарды ақпаратпен қамтамасыз ету.	Басқару ұйымдары және инновацияны әзірлеушілер
Инновацияны игеру	Инновациялық тауар, қызметтерді ендіруге ақпаратпен қамтамасыз ету. Тауар өндірушілер инновацияны игеруде экономикалық-ұйымдастыру тетіктері. Инновацияны әзірлеуші мен өнім өндірушілер арасында өзара келісім қатынастарды жасау. Инновациялық тауар өндірушілердің белсенділігі.	Тауар өндірушілер және инновацияны әзірлеушілер
Инновацияны игерудің тиімділігі	Инновацияны игеру тиімділігі тауар өндірушінің қосымша өндірген өнімі мен табысының, инновацияны құру, оны өндірісте игеру қаражаттарына қатынасын есептеу негізінде анықталады.	Тауар өндірушілер және инновацияны әзірлеушілер
Ескертпе – Зерттеу негізінде автормен құрастырылған [33, 34]		

Инновациялық жаңалықтар мен идеяларды құруда ғылыми сиымдылығы жоғары өнімдерді өндірісте өндіру және сатуды сол ұйым мен кәсіпорындардың стратегиялық дамуының негізі ретінде қарастырған жөн.

Қолдау бойынша мемлекет тараптан бекітілген қағидалар олар реттеулік мәнге ие, оларды орындау мен ұстану әрекеті осы көрсетілген реттеу нормасы аясына келетін әрбір тұлға үшін міндетті болып табылады [32]. Мемлекеттік қолдау мен реттеу қағидаларының сыртқы көрінісі екі жолмен жүзеге асады. Оның біріншісі сәйкес реттеу нормасын қалыптастырып, бекітеді. Екіншісі тек ғылыми түрде қалыптасады, қоғамдық қатынастардың нақты реттеу заңдылықтары мен нормалық мәнінен туындайды.

Мысалы: Қазіргі кезде аграрлық саланың құс кешені кәсіпорындары инновациялық негізде әлемдік аграрлық саланың ең қарқынды дамып келе жатқан саласы болып табылуда. 1990 жылдан бастап әлемдегі өндіріліп жатқан жұмыртқалардың жыл сайынғы көлемінің өсуі 3% құрайды, ал құс еті өндірісі - 4,4% өсуде.

Біздің ойымызша, инновациялық өнеркәсіптік негізде дамып жатқан құс фабрикалары мен компаниялары, табысты жұмыс істейтін аграрлық сала ұйымдары болып табылады, ол аз уақыт ішінде елдің ет нарығындағы ахуалды тұрақтандыруға және жақсартуға алып келді. Инновациялық кәсіпорындар нарықтық экономика жағдайында ел экономикасына шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық тәуелсіздігін тұрақтандырып, олардың өсуін қамтамасыз етуде.

Инновациялық кәсіпкерлікті дамыту ұзақ мерзімді болашақта оны табысты дамытудың қажетті шарты болуда. Олар бәсекелестіктің деңгейін есепке ала отырып, саланың даму болашағын талдау бәсекелі кәсіпорындардың саясатын анықтайтын мақсаттарды өз өндірісі алдында дұрыс қоя білуде [35].


Біздің ойымызша, инновациялық кәсіпкерлікті дамыту - ұзақ мерзімді болашаққа, назарға интеграция әлеуетін ескере отырып, қоршаған ортаның өзгерістерге бейімделген және қолда бар ресурстарды тиімді пайдалану, ол арқылы ішкі ортаның тиімділігін арттыру үшін іргелі міндеттер мен мақсаттарды қалыптастыру үрдісі ретінде жүзеге асуда.

Инновациялық тереңдетілген технологиялық интеграциялық бірлесу негізінде жаңа инновациялық өнімнің түрін өндіру оның өндіріс көлемін де, және тиімділігін де арттырады. Инновациялық негізде технологиялық интеграциялық бірлесу бұл инновациялық кәсіпкерлікті мақсат тұтқан компанияларда механикаландыру мен автоматтандыруды пайдалануға, алдыңғы қатарлы технологиялық әдістерді енгізуге мүмкіндік жаратады, экономикалық жағынан тиімді болады. Бұл өндіріс құралдарын тиімді пайдалану, және өз меншігіндегі өндірісінде шикізатты қайта өңдеуді ұйымдастыруға және ұлғайтуға жағдайлар жасайды. Бұл аграрлық сала ішінде кәсіпорындарда өнеркәсіптік қайта өңдеуді ұйымдастру өз өндірісінде өндірістік байланысты табысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді [36].

Ол еңбек бөлінісі және оның интеграциялық байланысын тереңдету бойынша байланыстар мен тұрақты интеграциялық өзара қарым-қатынастың оңтайлы дамуы мен өндірісті қалыптастырудың қажетті шарты болып табылатынын атап өткен жөн. Сондықтан, аграрлық сала өндірісін инновациялық негізде дамыту, аграрлық саланың өндірістік қызметін жақсартуға, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сонымен қатар ұзақ мерзімді стратегиялық дамуына алып келеді.

Мемлекет бизнеспен бірлесіп, отандық өнімді халықаралық нарыққа шығарудың стратегиялық жолын тауып, ілгерілетуге тиіс. Ол ең алдымен жаңа техника және технологиялар мен инновациялық жаңалықтарды өз өндірісінде ендіріп жатқан ұйымдар мен кәсіпорындарды отандық нарық жағдайына бейімдеуге тікелей байланысты.

Қазіргі таңда Қазақстандағы инновациялық ұйымдастырушылық нысандардың ішінде жаңа технологиялар мен техника объектілерін пайдаланған кәсіпорындар туралы аймақтарара салыстырмалы суреттеме 1 суретте бейнеленген.



Сурет 1 – Қазақстанда жаңа технологиялар мен техника объектілерін пайдаланған кәсіпорындар, 2017 ж., бірлік

Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [37]

2017 жылы ең көп пайдаланылған кәсіпорындарға төмендегі қалалар мен облыстар: Алматы қаласы 103 кәсіпорын, Қостанай облысы 90 кәсіпорын, Ақтөбе облысы 55 кәсіпорын болған, ал қазіргі Түркістан облысында 16 кәсіпорын ғана жаңа технологиялар мен техника объектілерін пайдаланған.


Нарықтық бәсеке жағдайында аграрлық саланың кәсіпорындарында ендірілген инновациялық жаңалықтардан туындайтын артықшылықтар әрдайым тұрақты қалыпта болмайды. Инновациялық қызметтерді жүзеге асыру аграрлық өндіріс үшін инновациялық жаңа техника, технологиялық өзгерістер болуына алып келеді ол өз кезеңінде қажеттіліктер тудырады. Себебі кезектегі жаңа техника, технологияны өндірісте пайдалану нәтижесінде өндірілген өнімдердің баға деңгейі мен оның пайда көлемі төмендейді. Соның үшін бұл инновациялық «технологиялық» жарыс үрдісінде озық техника мен технологияны өз өндірісінде ерте, әрі тез қолданған шаруашылықтар өндірген өнімінің өзіндік құнының деңгейін ертерек төмендетеді [38].

Бұл шаруашылықтардағы өнім сала бойынша орташа баға деңгейінде сатылғанның өзінде басқаларға қарағанда пайданы көп алады. Келешекте өндіріс үрдісінде қайсы ұйым мен кәсіпорын немесе шаруа қожалығы инновациялық озық техника, технологияның үстемділігін өз уақытында, тез пайдаланса ол сол кәсіпорын белсенділігі үшін көп табыс алу мүмкіншілігін тудырады.

Кесте 3 – Қазақстанда және аграрлық салада қызмет түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің негізгі көрсеткіштері

Жылдар	Кәсіпорындар саны, бірлік	Соның ішінде	Инновация саласындағы белсенділік, %-бен	Есепті қызмет соңына қызметкерлердің жалпы саны, адам	Инновациялық қызмет саласында басқа ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеген кәсіпорындар саны, бірлік
		Инновациясы бар, бірлік			
<b>Қазақстан республикасы, барлығы</b>					
2015	31784	2585	8,1	2452144	1000
2016	31077	2879	9,3	2330143	1030
2017	30854	2974	9,6	2313898	1055
2017 ж. 2015 ж. (+,-)	-930	389	1,5	-138246	55
<b>Ауыл шаруашылығы саласы</b>					
2015	1972	134	6,8	117214	50
2016	2031	144	7,1	109469	50
2017	2314	220	9,5	113101	69
2017 ж. 2015 ж. (+,-)	342	86	2,7	-4113	19
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [37]					

3 кестеде Қазақстанда және оның аграрлық саласында экономикалық қызмет түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің негізгі көрсеткіштері бейнеленген, мұнда инновация саласындағы белсенділік соңғы үш жылда 8,1%-дан 9,6%-ға көтерілгенін, ауыл шаруашылығы саласына бұл көрсеткіш 6,8%-дан 9,5-ға жетекенін көреміз.



Сурет 2 – Қазақстанда инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %

Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [37]

Инновациялық қызмет саласында басқа ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеген кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы саласындағы саны салыстырылып жатқан үш жылдың ішінде 19 бірлікке артты. Қазақстанда инновация саласындағы белсенділік деңгейін талдау барысында анықталғаны соңғы он төрт жыл ішінде белсенділік деңгейі 2,3%-дан 2017 жылы 9,6%-ға жеткенін байқаймыз (сурет 2).

2017 жылдағы инновация саласындағы белсенділік деңгейін 2010 жылмен салыстырғанда 4,4%-ға өскенін көреміз. Бұл тенденцияның жылдан жылға өсуі Қазақстанның барлық экономикалық салаларына тән.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан экономикалық салаларды дамыту ғылыми-техникалық, инновациялық жетістіктер негізіне сүйене жүргізілуде. Қазақстан экономикасының стратегиялық даму этапы болған 2030 жылдарға қабылданған инновациондық даму бағдарламасы да соған дәлел.

Бағдарлама бойынша елдің барлық аймақтарында, соның ішінде, Түркістан облысында «Облыс аумағында индустриалды-инновациялық қызметтерді қолдау» аумақтық бағдарламалары негізінде облыс аумағында инновациялық қызметтердің тұлғаларын, оларды ұйымдастыру мен басқару әдістерін, инновациялық қызметтерді қаржыландыру түрлері мен көздерін көрсетіп, қаржыландырудың мүмкін болатын нұсқаларын анықтады.

Ел өңірлеріндегі аграрлық салада инновациялық іс-нәтижелерді қолдану негізінде болған экономикалық өсім және бәсекелестік түрлі өндіріс салалары мен басқару салаларында жаңа ой-пікірлерді, ғылым-білімді, технологияларды және өнім түрлерін енгізуге бағытталған инновациялық қызмет негізінде жүзеге асуы тиіс [39]. Сол үшін, ел ішіндегі аймақтық өндірістің инновациялық дамуының негізгі міндеттері 4 кестеде бейнеленген, жеті міндетті алға қояды. Онда ғылыми техникалық және инновациялық салалардағы, инновациялық әрекеттердің ұйымдастыру және экономикалық тетіктерін қалыптастыру, басты бағыттарды анықтаудан бастап интеллектуалдық меншікті қорғау тетіктерін қалыптастыруға дейінгі кезеңдерді өз ішіне қамтиды.

4 кестедегі әзірленген аймақтық өндірістің инновациялық дамуының негізгі міндеттері бір біріне тікелей байланысты және бір бірін толықтырады. Ол міндеттер ғылыми-техникалық және инновациялық салалардағы, инновациялық іс шараларды ұйымдастыру, экономикалық тетіктерін қалыптастыру және басты бағыттарын анықтаудан басталып, ел экономикасын инновациялық дамытудың басымды бағыттарын белгілеу мен жүзеге асыру кезеңдеріне жобалар әзірлеу, қаржыландыру негізінде фундаменталды және қолданбалы ізденістерді жүргізу, өндіріске ендіру, кәсіпорындар мен ұйымдардың келешекке инновациялық дамуының белсенді бағытын жолға қою мақсатталынады. Инновация мен жаңа технологияларды өндіріске ендіретін ұйымдар мен ғылыми жобаларға, шаруашылықтарға қолдау көрсетудің тиімді тетіктерін анықтап, инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыруға жағдай жасау және ғылыми зерттеулер, ғылыми жобаларды сынақтан өткізетін орталықтардың құқықтық негіздерін, қызмет атқару механизмін қалыптастыру



және интеллектуалдық меншікті қорғау тетіктерін қалыптастыру және қорғауды өз ішіне қамтйды.

Инновациялық кәсіпорындарда техника мен технологиялық жаңалықтарды енгізудің негізгі мақсаты алдыннан өндіріліп жатқан өнім сапасын жақсарту, оның өзіндік құнын төмендету және шығарылатын өнімдердің ассортиментін кеңейту мен сапасын жоғарылату есебінен өніммен кәсіпорынның бәсекелестік қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Кесте 4 – Аймақтық өндірістің инновациялық дамуының негізгі міндеттері

№ р/с	Инновациялық дамудың негізгі міндеттері
1	Ғылыми-техникалық және инновациялық салалардағы, инновациялық іс-шараларды ұйымдастыру, экономикалық тетіктерін қалыптастыру, басты бағыттарын көрсету
2	2030 ж. экономиканы инновациялық дамытудың басымды бағыттары мен кезеңдеріне жобалар құру
3	Қаржыландыру негізінде іргетасты және қолданбалы ізденістерді жүргізу, өндіріске ендіру, кәсіпорындар мен ұйымдардың келешекке инновациялық дамуының белсенді бағытын жолға қою
4	Инновация мен жаңа технологияларды өндіріске ендіретін ұйымдар мен ғылыми жобаларға, шаруашылықтарға қолдау көрсетудің тиімді тетіктерін анықтау
5	Инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыруға жағдай жасау
6	Ғылыми зерттеулер, ғылыми жобаларды сынақтан өткізетін орталықтардың құқықтық негіздерін, қызмет атқару механизмін қалыптастыру
7	Интеллектуалдық меншікті қорғау тетіктерін қалыптастыру
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [40]	

Қазіргі таңда жаңа құрал-жабдықтарды қолданысқа енгізу, не жаңа өнімдерді шығаруға өтуге немесе шығарылатын өнімдердің сапасын жоғарылату қажеттілігіне негізделген ғылыми жаңалықтар аймақтағы кәсіпорындардың инновациялық зерттеулер негізінде жүзеге асуда.

Инновациялық ғылыми бағдарламаларды жүзеге асыруға қызмет атқаратын құрылымдар біріншіден, ғылыми әзірлемелер мен жобаларды нақты аграрлық өндіріске ендіруге, екіншіден, қаржылық, техникалық және интеллектуалдық қорларды шоғырландырып, бұларды мақсатты бағыттауға және пайдалануға мүмкіндік жаратады. Өз кезінде бұл атқарылып жатқан қызметтер облыс аумағында инновациялық жетістіктерді жаңғыртуға, аумақтық ғылымды нақты мақсатты түрде бағдарлауға, ғылыми ұйымдардың әзірлемелері, жобалары мен қызметтерін тәжірибе жүзінде өндіріске ендіруге, ынталандыруға және инновациялық үрдістердің дамуына жұмсалатн қаржы құралдарын тиімді пайдалануды, бақылауды арттыруға мүмкіндік жаратады [41].

Аграрлық сала өндірісін тұрақтандыру мен дамудың негізі ғылыми-техникалық дамуды арттыру, ал ғылыми-техникалық дамудың басқы қозғаушы күшіретінде инновациялық үрдіс болып табылады. Инновациялық үрдіс

инновациялық саясатты өмірге келтірумен, аграрлықсала өндірісінде инновация мен ғылыми жетістіктерді ендіру оның өндіріс үрдісін елеулі жаңғыртады.

Түркістан облысында жоғары деңгейде экономикасы дамып жатқан егін және мал шаруашылықтарындағы ұйымдар мен кәсіпорндардың өндірістік қызметтерінің тәжірибесі олардың бұл жағдайға жетуіне төмендегі шарттарды жүзеге асыру арқылы қол жеткізгендігі анықталды:

– кәсіпорндар мен компаниялардың персоналы мен қызметкерлерінің инновациялық белсенділігінің жоғарылығы;

– кәсіпорндар мен компаниялардың жоғары әлеуеті негізінде инновациялық үрдіс пен қызметтің басымды бағыттарын мақсатты түрде жүзеге асыру;

– инновациялық жаңалықтар мен техника жетістіктерін кәсіпорндар мен компаниялардың өндірістік қызметін жаңғырту әзірлемелері мен бағдарламаларын іске асыру арқылы [42].

Елдің аграрлық сала өндірісін озық техника, технология және инновациялық жетістіктермен қамтамасыз ету мақсатында жаңа экономикалық тетіктер мен инновациялық даму нәтижелерін мемлекет тарапынан барлық аграрлық саланың ішкі салаларында қолдану жүзеге асырылуда. Бұл өз кезінде егін мен мал шаруашылығы өндірістерінің техникалық, технологиялық деңгейін арттыруға, жаңа технологияларды енгізу, қалыптастыру негізінде өндірілетін өнімнің көлемі мен өнімнің сапасын көтеруге, оның әлемдік нарықтағы бәсекелестік дәрежесін артыруға мүмкіндік жаратады.


Қазіргі таңда аграрлық саланың экономикасын қалыптастырудың бір жолы ретінде аграрлық кәсіпорндар мен компаниялардың өнеркәсіп өндірісі негізінде инновациялық интеграциялық бірлесу арқылы дамытуды жүзеге асыру болып табылады. Аграрлық кәсіпорндар мен компанияларды өнеркәсіп өндірісі негізінде дамуын экономикалық және мемлекеттік реттеу мәселесі кәсіпорндардың интеграциялық бірлесу қағидаларына және реттеу базасына, сонымен бірге олардың экономикалық және меншіктік түрлеріне байланысты, сонымен қатар мемлекет тарапынан инновацияларды ғылыми зерттеу және ендіру қызметтеріне жұмсалатын қаржы көлемдеріне тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық өндірісін мамандырудың тереңдеуі, шоғырлануының күшеюі шаруашылық аралық құрылымдар құру жолымен шаруашылық аралық кооперацияны кең дамыту негізінде жүзеге асуын қолға алу қажет [43]. Қазіргі кезеңде республикада, мысалы, ірі қара малды өсіру мен бордақылаумен айналысатын шаруашылық аралық кәсіпорын мен кешендер баршылық, тұмас және қысыр сиырларды етке өсіруге мамандандырылған шаруашылық ұйымдастырылуда, олардың қатысушылары болып ел деңгейіндегі барлық түрдегі аграрлық шаруашылықтар айналысуда.

Сондықтан, аграрлық саланың экономикасын қалыптастыруда инновациялық өнеркәсіп өндірісі негізінде қалыптасқан шаруашылық аралық кәсіпорндар бірлестіктерін құру ауыл шаруашылық кәсіпорндарының материалдық техникалық базасының айтарлықтай күшейгенімен, олардың

экономикалық жағдайының тұрақтануына, еңбек өнімділігінің артуына, өнім бағасының арзандауына мемлекеттік қолдау және реттеудің маңызы үлкен.

Осы мақсатта 3 суретте Қазақстанда ғылыми зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстарға жұмсалып жатқан соңғы жылдардағы ішкі шығындарды аймақтар бойынша талдау барысында, мұнда, ең үлкен үлес Алматы мен Астана қаласы үлесінде, одан соң Маңғыстау мен Шығыс Қазақстан облыстары үлесінде. Бұл ел ішіндегі аймақтар арасында инновациялық жаңалықтарды ғылыми зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстарға бөлініп жатқан қаржылық шығындардың бір келкі еместігімен сипатталуда.



Сурет 3 – Қазақстанда ғылыми зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстарға ішкі шығындар, мың теңге

Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [37]

Қазіргі таңда ел ішіндегі аграрлық шаруашылықтар экономикасын дамытуда инновациялық кәсіпкерлік бірлестіктерінің өзіне тән ерекшеліктеріне төмендегілерді жатқызса болады:

біріншіден, олардың инновациялық бірлесуіне ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, шаруа (фермер) шаруашылықтары және заңды тұлғалар мен жеке тұрғындар шаруашылықтары мен инфрақұрылым қызметін атқарушы ұйымдар қатысу мүмкін;

екіншіден, олар маманданған шаруашылықтар ретінде шаруашылық өнімінің белгілі бір түрін немесе қайта өңделген жетілдірілген өнім өндіруге мамандандырылуы мүмкін;

үшіншіден, олар жалпы үлескерлік меншікке ие;

төртіншіден, олар мемлекет тараптан қолдау мен реттеу субъекті болып табылады. Бұл аграрлық саланың шаруашылық қызметтері ерекшеліктеріне,

сонымен бірге, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы өнімінің өндірісінде биологиялық, физиологиялық факторларға байланысты шаруашылық аралық кәсіпорындардың кооперациялық байланыстарына әсер ететуінде байланысты [44].

Қазақстан Үкіметі тарапынан мемлекеттік қолдау және көмектесу тетіктері келесідей негізгі элементтерден тұруы қажет:

– өндірісті тікелей мемлекеттік қолдау мақсатында берілетін қаржылық инвестициялар, несиелер, дотациялар, субсидиялар;

– отандық тауар өндірушілерді шетелдік импорттық тауар интервенциясынан қорғау және сақтау;

– аграрлық сала өндірісін өзін өзі қаржыландыру, ынталандыру мақсатында олардың өніміне баға белгілеу және салық саясаты;

– мемлекет қолдауымен сырттан инвесторлар алып келуге қолдау көрсету.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің қарарында мынадай әрекеттер қарастырылған: «өндірісте жаңа технология ендіруге, мал сатып алуға жеңілдікті несиелер бөлу, мемлекеттік ресурстардан мал шаруашылығы өнімдеріне одан кейінгі уақытта болуы мүмкін инфляцияны ескеріп индексация жүргізу арқылы дотация бөлу, ірі қара малдың ауыр салмақты жас төлдерін өсіруге дотация бөлу [45]. Сонымен бірге мал шаруашылығы кешендері мен құс фабрикаларында пайдаланылатын табиғи желілі газбен басқа да отын түрлеріне олардың бағасының 50 пайызын төлеу қарастырылған.

Біздің ойымызша, ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау көрсетуді одан арыда, нақты мекен жай бойынша қолдау көрсетуді ескере отырып жалғастыру қажет. Мысалы, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына бәріне бірдей мөлшерде, олардың қаржылық жағдайларын ескерместен, несиелер бөлу емес, шаруашылықтардың келешекте нақты ірленуі инновациялық жаңалықтарды, жаңа техника мен технологияларды өндіріске ендіруіне, жұмыс орындарын ашуға байланысты біріккен кәсіпорындарға біртіндеп, әртүрлі мөлшерде несиелер бөлу қарастырылуда.

Сонымен қатар іс жүзінде ауыл шаруашылығы саласының әртүрлі салаларының кәсіпорындарының қатынастарын реттейтін бұрынғыдан да нақтырақ нормативты және реттеу актыларға, мемлекеттік, ұжымдық, жеке кәсіпорындардың қолдау және реттеу негіздері жайлы актылар толық қарастырыла бастады.

Ел ішінде аграрлық қайта құру және өнеркәсіп өндірісі негізінде қалпына келтіру мен дамыту туралы көптеген қаулылар қабылданды. Онда өнеркәсіп өндірісі негізінде қайта құрудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, сонымен бірге оның ғылыми негізделген тұжырымдамалары қарастырылып қабылданды.

Ауыл шаруашылығы экономикасын кооперациялық және интеграциялық бірлесуді мемлекеттік қолдау мен реттеудің жүйесін жасап шығаруда тек қана шетелдік тәжірибені пайдаланып қана қоймай, сонымен бірге ұлттық ауыл шаруашылық өндірісінің тәжірибесін, дәстүрлер мен бұл өндірістің аймақтық және ұлттық ерекшеліктерін де ескереді.

Мемлекеттік қолдау мен реттеу нормалары экономикалық үрдістерді дамыту, сонымен бірге қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалар тұрақты болып, өзгермей қалмайды, ол қаржылық қолдау көлеміне де тікелей байланысты [46].

Сондықтан ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен шағын шаруа қожалықтарын ірілендіру үрдісін және оның ауыл шаруашылығы экономикасын реттеуде мемлекеттік қолдау нәтижесін, Қазақстанда инновациялық өнімдердің көлемі мен оның ЖІӨ-дегі үлесі және кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейіне талдау жасалынды.

Кесте 5 – Қазақстанда инновациялық өнімдердің көлемі, ЖІӨ-дегі үлесі және кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі, %

Көрсеткіштер	2005	2010	2015	2016	2017	2017 ж. 2015 ж. (+,-)
1	2	3	4	5	6	7
Инновациялық өнімдер (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) көлемі, млрд.теңге						
Қазақстан Республикасы	120,4	142,1	377,1	445,7	844,7	2,2 есе
Түркістан облысы	5,1	4,8	61,4	54,4	125,2	2,0 есе
%	4,2	3,4	16,3	12,2	14,8	-1,5
Инновациялық өнімдердің (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) ЖІӨ-дегі үлесі, %						
Қазақстан Республикасы	1,58	0,65	0,92	0,95	1,59	+0,67
Технологиялық инновациялар бойынша кәсіпорындардың және ұйымдардың инновациялық белсенділік деңгейі, %						
Қазақстан Республикасы	4,8	4,3	8,1	9,3	9,6	+1,5
Түркістан облысы	2,5	3,4	6,9	6,6	6,5	-0,4
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [34]						

5 кестеде Қазақстандағы инновациялық кәсіпорындардың соңғы үш 2015-2017 жылдың ішіндегі серпіні, инновациялық өнімдердің көлемі мен ЖІӨ-дегі үлесі және кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі бейнеленген.

Инновациялық өнімдер (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) көлемі салыстырып жатқан бес жылдың ішінде 2,2 есеге артқанын, инновациялық өнімдердің (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) ЖІӨ-дегі үлесі 0,67%-ға өскенін байқаймыз [37]. Технологиялық инновациялар бойынша кәсіпорындардың және ұйымдардың инновациялық белсенділік деңгейі 2015 жылы 4,8%-дан 2017 жылы 9,6%-ға өскені көрінеді.

Түркістан облысы бойынша инновациялық өнімдер (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) көлемін талдау салыстырып жатқан үш жыл ішінде 2,0 есеге артқанын, технологиялық инновациялар бойынша кәсіпорындардың және ұйымдардың инновациялық белсенділік деңгейі 2017 жылы 6,5%-ға жеткені көрінеді.

Қазақстанның аграрлық саласын дамытудағы мемлекеттік қолдау, реттеу ролі іс-шаралары алғашқы жылдары аграрлық сала шикізаттарын өңдеу өнеркәсібі пен ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарын кооперациялық және интеграциялық бірлестіруде нақты экономикалық тетіктер жеткілікті дәрежеде қолданылмады, соның нәтижесінде бірқатар өтпелі кезеңдерден секіріп өту үрдісі пайда болды.

Қазіргі таңда Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласын болашаққа дамыту мақсатында мемлекеттік қолдау және реттеуді жүргізу бойынша ел тарапынан 4 суретте көрсетілгендей мемлекеттік тараптан іс шаралар қарастырылды.



Сурет 4 – Қазақстанда аграрлық саланы дамытуды мемлекеттік қолдау және реттеу іс-шаралары

Ескертпе – Зерттеу нәтижесі негізінде автормен құрастырылған [47]

Қазақстанда аграрлық саланы мемлекеттік қолдау және реттеуде қарастырылған іс-шараларда, несиелеу, субсидиялау, мамандандырылған іріленген кооперативтік ұйымдарды құру, экспорт және импорт тауарларына кедендік, салықтық қолдау және тағы басқа кеден тарифтік жеңілдіктер беруге қолдау көрсетілуде.

Ауылшаруашылық өндірісін ғылыми техникалық даму және ауыл шаруашылық өндірісін шоғырландыру және мамандандыру қажеттілігі мемлекет тараптан шешіліп, кооперациялық бірлесу негізінде орта, шағын шаруа қожалықтары мен аграрлық кәсіпорындарды шоғырландыру және ірілендіру мақсатында мемлекеттік қолдау көрсетуге Үкімет тараптан шешім

кабылданып, қазіргі таңда ауыл шаруашылық өндірісін шаруашылық аралық кооперация және агроөнеркәсіптік интеграция негізінде шоғырландыру және ынталандыру арқылы дамыту қарастырылды [48].

Қорыта айтқанда, біздің ойымызша, мемлекеттік тараптан инновациялық жаңа өнімге немесе қызметтерге, оларды өндіру жолдарына, ұйымдық, қаржылық, ғылыми және басқа салалардағы жаңашылдықтарды, шығындарды үнемдеуді қамтамасыз ететін кез-келген жетілдіруді немесе осындай үнемдеуге жағдай жасауы, мемлекет жақтан инновациялық жаңалықтарды ендіруге қолдау көрсету болып табылады. Аграрлық салада кәсіпкерлікті дамытудың жаңа жолдарын іздестіруді көздейтін инновациялық бағытта дамитын кәсіпкерлік, ол кәсіпорынның экономикалық өсуін немесе инновациялық қызметін басқаруды қаржылық қолдау негізінде дұрыс жолға қоя алады деген тұжырымдаманы айтуға мүмкіндік береді.



Сурет 5 – Субсидиялау негізінде мемлекеттік қаржылық қолдаудың бағыттары

Ескертпе – Зертеу нәтижесі негізінде автормен құрастырылған [47]

Қазіргі таңда Қазақстанда экономикалық салаларды субсидиялау арқылы мемлекеттік қаржылық көмек көрсетудің бағыттары анықталды (сурет 5). Субсидиялау арқылы мемлекеттік қаржылық көмек аграрлық шаруашылық саласы мен оның шикізатын өнеркәсіптік өндіріс негізінде қайта өңдеу өндірісін мемлекеттік реттеу, өнімдер нарығының тұрақтылығына өнімнің бәсекелік қабілеттілігін арттыруға, аграрлық саланың шикізатын өңдеу негізінде киім және тамақ өнеркәсібін дамытуды жоғарылатуға бағытталған.

Аграрлық сала тауарөндірушілерін инновациялық даму негізінде қордан қаржыландыру келесі мәселелерді қамтиды:

- аграрлық саланы қаржылық қолдау, жеке тұрғындар қожалықтарынан сатып алынған шикізат пен өнімдерді дотациямен қамтамасыз ету;

- аграрлық саланың дамуын қолдау, нәсілді малдарды сатып алуға бюджеттен қаржылық жәрдем қарастыру;

- отандық аграрлық саладамалдың гендік фонын құру, асыл тұқымды малдың, құс өндірушілердің ұрықтарын және нәсілді құрылымдардың азықтық жемін арзандатуға бюджеттен қолдау көрсету [49].

Елдегі қабылданған мемлекеттік қолдау бағдарламасы аграрлық саланың мал шаруашылығы өндірісін техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілуін, оның мамандануын, инфрақұрылымының дамуын, ауылшаруашылық өнімін өңдеу мен өткізудің, бәсекелестік артықшылықтарын жүзеге асыруды, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Аграрлық саланың мал шаруашылығын дамыту бойынша бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асырылуын талдау, саланы қолдау мен реттеудің негізгі көзі мемлекеттік мемлекеттік бюджеттік қолдау болуда (кесте 6). Аграрлық саладағы өндірілген және сатылған асыл тұқымды малдың құнын 50% дейін арзандату бойынша елдің нәсілді мал шаруашылығына көрсетілетін мемлекеттік қолдау төмендегі экономикалық көрсеткіштерімен сипаттаса болады:

- нәсілді, асыл тұқымды шаруашылық құрылымдардың саны артуда, 2017 жылы олардың саны 540 бірлікке жетті, бұл 2012 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2,4 есеге жоғары болды;

- асыл тұқымды малдардың саны 3,5 есеге, құстың саны – 12 есеге дейін артты;

- асыл тұқымды өсімтал малды өткізу көлемі 2,5 есеге дейін өсті.

Ел деңгейінде мал мен құстарды асылдандыру жұмыстарын үйлестіруді мемлекеттік бюджет қаржысына ұйымдастырылған «Асыл түлік» асылдандыру орталығы қызмет атқарды, онда отандық және шетелдік селекциялық жоғары асыл тұқымды өндірушілер бірігіп, аграрлық сала құрылымдарының нәсілді тұқымдық заттарға қажеттілікті толық қамтамасыз ететін тұқымдық материалдар қоры құрылды.

6 суретте мемлекеттік қолдау негізінде құрылған «ҚазАгро ҰБХ» АҚ алға қойған негізгі мақсаты аграрлық саланың экономикалық бірлігі болған мал шаруашылығы саласын ынталандыруды қолдау бойынша мемлекеттік іс-шаралар ретінде төмендегілер қарастырылды: асыл тұқымды ІҚМ сатып алынатын субсидиялар беру; мал құрылымын жақсылауда нәсілді жұмыс жүргізуге субсидиялар беру; шағылыстыруға қолданған, етті тұқымды нәсілді бұқалардың субсидиялау; енгізілетін эмбриондарды субсидиялау; жасанды ұрық дозаларын субсидиялау; етті бағыттағы сатып алынған, тәуліктік балапандарды субсидиялау; сатып алынған, тәуліктік балапандар (жұмыртқа бағытындағы) субсидиялау; сатып алынатын инкубациялық жұмыртқаны



субсидиялау; сатып алынған, қойлардың нәсілді төлдерін субсидиялау және т.б. қолдау көрсетілді [50].

Субсидиялар негізінде сатып алынатын асыл тұқымды ІҚМ саны, 2016 жылы 48,0 мың бастан, 2020 жылғы болжам бойынша 61,3 мың басқа жететіні, ал ірі қара мал құрылымында нәсілді жұмыс жүргізуге субсидияланатын мал басының саны, осы салыстырылып жатқан мерзімде 406 мың бастан 804 мың басқа жететіндігі кеседен көреміз.


Кесте 6 – ҚР «Агробизнес-2020» бағдарламасы бойынша асыл нәсілді малдың экономикалық қолжетімділігін арттыру көрсеткіштері

Р/с №	Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019	2020
1	2	3	4	5	6	7
1	Субсидиялар негізінде сатып алынатын асыл тұқымды ІҚМ саны, мың бас	48,0	58,4	59,3	60,2	61,3
4	Ірі қара мал құрылымында нәсілді жұмыс жүргізуге субсидияланатын мал басының саны, мың бас	406	484	567	657	804
5	Шағылыстыруға қолданған, субсидиялаумен қамтылған етті тұқымды нәсілді бұқалардың саны, мың бас	4	5	5	5	5
6	Субсидиялаумен енгізілетін эмбриондар саны, мың дана	4	5	5	5	5
7	Субсидияланатын жасанды ұрық дозаларының саны, мың доза	406	484	567	657	804
8	Субсидияланатын сатып алынған, тәуліктік балапандар (етті бағыттағы) саны, мың бас	419	423	426	429	433
9	Субсидияланатын сатып алынған, тәуліктік балапандар (жұмыртқа бағытындағы) саны, мың бас	934	983	990	1017	1044
10	Сатып алынатын инкубациялық жұмыртқа саны, мың дана	4821	4855	4984	5120	5120
11	Субсидияланатын сатып алынған, қойлардың нәсілді төлдерінің саны мың, бас	186	204	218	227	227
12	Субсидияланатын нәсілді қойлар өсіруге қамтылған ҰМ басының саны, мың бас	1480	1619	1735	1807	1807
Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [47]						

Сонымен қатар, мемлекеттік тараптан төмендегі мақсттарды жүзеге асыру жолға қойылды: аграрлық саланың басымдылық мәселелерін шешуге инвестицияларды шоғырландыру және бағыттау; мемлекеттік инвестициялардың тиімділігін жоғарылату; өндірістік және сервистік инфрақұрылымды дамыту; кластерлердің қалыптасуы мен дамуына ықпал ету;

өнімінің экспортын дамыту; ел ішінде азық-түлік нарықтарын реттеу және тұрақтандыру және т.б.

Ел ішінде мал шаруашылығы өнімінің нарығын дамыту және оның жеке сектормен өзара серіктестік негізінде экспорттық әлеуетін жоғарылату жөніндегі мемлекеттік қолдау саясатын жүзеге асыру үшін «Мал өнімдері корпорациясы» АҚ 2012 жылы корпорация «ҚазАгро ҰБХ» АҚ құрамына кірді. Қазіргі уақытта корпорацияның құрылымы 4 мамандандырылған филиалдан (ет және ет өнімдері бойынша, сүт және сүт өнімдері бойынша, жүн, былғары шикізаты бойынша) құралды.



Сурет 6 – «ҚазАгро ҰБХ» АҚ аграрлық саланы қолдау ұйымдары

Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [47]

Мысалы, мемлекеттік қолдау көрсету үшін құрылған «Мал өнімдері корпорациясы» АҚ қызметінің негізгі мақсаттары төмендегі іс-шараларды қамтиды:

- мал шаруашылығы өнімдерін тұрақты дамыту бағдарламасы негізінде сату, өткізу нарығын ұлғайту, жүзеге асыруға ықпал ету;
- отандық бәсекеге қабілетті өнімнің экспорттық әлеуетін арттыру әлемдік нарыққа шығару;
- бәсекеге қабілетті ет өндірісі саласын қарқынды дамыту жобаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

– жаңа өнімінің ішкі нарықта баға белгілеу, несие саясатын реттеу [51].

Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін «Мал өнімдері корпорациясы» АҚ төмендегі мәселелерді шешеді:

– жаңа мал өнімді сатып алу, шикізатты өңдеуді және экспортқа, ішкі нарыққа сатылуын ұйымдастыру;

– жаңа мал өнімді өткізуді ұйымдастыру негізінде тауарөндірушілерге қолдау беру;

– жаңа мал өнімінің отандық брендін қалыптастыру, экспортқа шығару қызметін атқару;

– импорттық өнімдердің орнын басатын жоғары сапалы отандық мал шаруашылығы өнімдерінің артуын ынталандыру.

Бұл отандық тауар өндірушілерді қолдайтын инновациялық жаңадан құрылған құрылым отандық және сыртқы нарықтарға сапалы экологиялық таза мал мен құс тауар өндірушілері мен аграрлық құрылымдар өнімдерін өндіретін мал шаруашылығы өнімінің отандық бастаушысы болып саналуы тиіс. Оның басқы мақсаты шет елдермен отандық тауар өндірушілер арасында экономикалық қатынастардың белсенді жетекшісі ретінде Еуропа, Азия т.б. елдердің аграрлық құрылымдарымен, аграрлық ғылыми орталықтарымен ынтымақтастықтық орната отырып тәжірибеде отандық шаруашылықтарға қолдау көрсетуі тиіс [52]. Шет ел аграрлық құрылымдарымен бірлесе инновациялық жаңа әзірлемелер негізінде экспортқа шығарылатын экологиялық таза отандық мал және құс етті өндіру бағыттарын анықтап, қызмет атқаруды жолға қойды.

Құрылған инвестициялық әзірлемелердің жүзеге асырудың басты мақсаты төмендегілерден тұрады:

– отандық мал мен құс шаруашылығы өнімдерін өткізу және сату нарықтарын анықтау және ұлғайту;

– экспортқа бағытталған, сыртқы нарыққа сатылатын жоғары сапалы ет өнімдерін 60 мың тоннадан арттыру;

– отандық мал мен құс етті сыртқы нарықтарға экспортқа жіберу;

– ірі тауарлық инновациялық өнеркәсіп өндірісі негізінде қайта өңдеуді қолға алу үшін құрылатын орта және ірі бизнесті ынталандыру;

– малмен құс еті өнімдерін қайта өңдеуді және өткізуді қолға алу, тиімділігін қамтамасыз ету және т.б.

Елдің көптеген аумақтарында аграрлық құрылымдар мен кәсіпорындарда ірі сүтті шаруашылықтарды құру әзірлемелері мен жобалары өмірде іс жүзіне асырылуда. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің әзірлеген бағдарламасына сәйкес шет елдерден асыл тұқымды аналық сиырлар мен бұқалар сатып алу негізінде инновациялық жаңа өндірістік сүт кешендері құрыла бастады, сүт және ет бағытындағы мал шаруашылықтарына нәсілді аналық сиырлар мен бұқалар, қажетті жаңа жабдықтар беріліп, жем-шөп базасы құру қолға алынды.

7 кестеде соңғы бес жылдың ішінде аграрлық сала бойынша республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен субсидиялаудың бағыттары бейнеленген. Бұл кестеден байқайтынымыз аграрлық саланың

барлық бағытына мемлекеттік қолдау көрсетіліп жатқанын және жылдан жылға оның көлемінің артып бара жатқаны және 2020 жылға дейін мемлекеттік қолдау көрсетудің қаржылық ресурстар көлемі 448,4 млрд. теңгеге дейін бөлінетіндігі, соның ішінде 89,4% мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатыны бейнеленген. Зерттеу барысында елдің аграрлық саласын дамыту бағдарламасын іске асыруға қажетті бюджеттік қаржыландыру көлемі жылдан-жылға артуы байқалады.

Кесте 7 – Аграрлық саланы дамыту бағдарламасын іске асыруға қажетті ресурстар, 2013-2020 жылдар, млн теңге.

Жылдар	Бюджеттік қаржыландыру, барлығы			Облигациялық қарыздар есебінен	«АКК» АҚ меншікті қаражаты есебінен	«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ меншікті қаражаты есебінен	Жиыны, млн тг.
	РБ есебінен	ЖБ есебінен	Барлығы (РБ және ЖБ)				
2013	156 295	28 266	184 562	150 000	2 155	3 000	339,7
2014	282 765	28 205	310 971	150 000	-	5 000	465,9
2015	286 782	27 878	314 661	-	-	8 000	322,6
2016	301 342	27 389	328 731	-	-	12 000	340,7
2017	342 099	27 393	369 492	-	-	14 000	383,4
2018	363 503	27 395	390 899	-	-	16 000	406,8
2019	368 876	27 396	396 272	-	-	18 000	414,2
2020	401 028	27 396	428 424	-	-	20 000	448,4
Жиыны, млн тг.	2502693	221 321	2 724	300 000	2 155	96 000	3122,1
Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [47]							

Ірі қара мал шаруашылығы басқада мал шаруашылығы салалары сияқты үш өзара факторларға: азықтандыру, технология, селекция тәуелді екені белгілі. Ел ішінде малды ұстау мен азықтандырудың технологиялық нормаларды сақтай отырып төмен тұқымдық (тұқымсыз) малдардан салмақ өсімінің, ет өнімділігінің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізу қыйын. Сол себептен, олар бастапқыда шет елдерден малдың генетикалық әлеуеті жоғары нәсілдері мен асыл тұқымдарын алып келуді басқы басымдылық деп мақсат тұтып, оны қолға алды.

Қазақстанда аграрлық саланың құрылымдарын қолдау мақсатында аграрлық бағыттағы ғылыми зерттеу институттарының негізінде «ҚазАгроинновация» АҚ жаңа құрылымы құрылды. Бұл инновациялық құрылымның негізгі бақсаты отандық ғылыми зерттеу институттары мен орталықтарының қызметін үйлестіру, аграрлық саланы дамытудың стратегиялық бағыттарын таңдау, инновациялық ғылыми идеяларды елдің аграрлық өндірісіне ендіру, бейімдеу және дамытудан тұрады [53].

Ел ішінде аймақтардағы құс шаруашылықтары мен құс компанияларында нәсілдік тәуліктік балапан және инкубациялық жұмыртқа сатып алу үшін

мемлекет тараптан қолдау көрсетілу қолға алынды. Асыл тұқымды нәсілді мал шаруашылығын субсидиялау ірі қара мал (ІҚМ) етінің экспорттық әлеуетін өсіру бойынша мемлекеттік бағдарламаны әрмен дамытуға және жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл жобалық әзірлемені жүзеге асыру үшін аналық репродуктор шаруашылықтарды, малды бордақылау аландарды және ет бағытындағы малды көбейту бойынша аграрлық шаруашылықтар құру бойынша қызметтер атқарылатын болады.

Отандық аграрлық құрылымдармен олардың шикізатын қайта өңдейтін кәсіпорындарды мемлекет тарапынан қолдау дамығын елдердің аграрлық саласындағы компаниялардың техника және технологияны қолдану және қамтамасыз ету деңгейі мен жағдайына бір шама болсада жақындауға мүмкіндік береді. Соның салдарнан бәсекеге қабілетті өндіріс көлемінің артуына, ішкі нарықта шикізатты терең қайта өңдеу нәтижесінде соңғы тұтыну заттарынның артуына, импорттың орынын басатын өнімдердің көбейуіне үлесін қосады, аграрлық құрылымдардың экономикалық-шаруашылық қызметіне оң әсерін тигізеді, бұл өз кезегінде отандық аграрлық салада қайта өңдеу саласын қолға алуға және дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

Мемлекеттің қолдауымен аграрлық сала қызметтерін тұрақты жолға қою үшін аграрлық құрылымдарға (аграрлық салаға қажетті техника мен технологияларды лизинг арқылы алуды есепке алғанда) негізгі құралдарды сатып алуға және айналмалы қорды толықтыруға ақша қаржысы керек, олар негізінен екінші деңгейдегі банктер мен қаржы институттарының несиелік қаржысы есебінен төменгі пайызда беріледі. Сонымен қатар, аграрлық сала өндірісінің табиғаттық климаттық жағдайға тәуелділігімен, мал мен өсімдіктің биологиялық және физиологиялық өсу заңдылықтарына байланысты ерекшелігімен, экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда төмен өнімділігі мен тиімділігінің төмендігі, банк және қаржы институттары аграрлық сала тауарөндірушілеріне аграрлық құрылымдарға негізгі және айналмалы құралдарын толықтыруға арналған кредиттер бойынша жоғары сыйақы төлетуде, бұл олардың өнім бірлігін өзіндік құнының артуына және оның бәсекеге қабілеттілігін төмендетуге алып келеді. Бұл жағдайды болдырмау үшін мемлекет қолдауымен төмен ставкада несиелермен қамтамасыз етуді бюджет есебінен кәсіпкерлерді қолдау орталықтары арқылы қолдау көрсетуде.

Қазіргі таңда ел ішіндегі аграрлық салада тәжірибе көрсеткеніндей, құс еті мен жұмыртқа өндірісін негізінен арнайы маманданған құс шаруашылықтары мен құс фабрикаларында ұйымдастырған жөн. Қазіргі қалыптасқан мамандандырылған құс шаруашылықтары мен фабрикаларының өндірістік қуатын толықтырып немесе арттырып, инновациялық нәсілді етті тауықтың гибриді инкубациялық жұмыртқаларын өндіретін асыл тұқымды құс фабрикаларын қосымша салу көзделіп отыр. Құс етін уақтылы терең қайта өңдеу мақсатында ірі құс шаруашылықтарында құс етін сою және консервілеу цехтарын арттыру және кооперация негізде құс еті өнімдерін өнеркәсіптік

өндіріс негізде терең қайта өңдейтін құс еті өндірісі ұйымдарының бірлестіктерін дамыту жолымен де даму қажет.

Болашақта мал шаруашылығы саласын дамыту бұл екі жолмен, мал басын көбейту негізінде экстенсивті даму жолымен немесе мал өнімділігін арттыру негізінде, оны толыққанды азықтандыру, өндіріс тауарлылығын арттыру, шығынның жоғары дәрежесін төмендету негізінде интенсивті пайдалану жолымен дамуы мүмкін [54]. Бұл екі бағытты да тиімді жүргізу үшін саланы дамытуда төмендегі іс шараларды жүзеге асыру қажет: аграрлық шаруашылықтардың әртүрлі түрлерін тиімді түрде ұштастыру, оның дамуының интенсивтік және дәстүрлі факторларын қолдану, жеке тұрғындар шаруашылығын кооперациялық бірлестіре дамыту, маманданған іріленген шаруа (фермер) қожалықтары мен ауыл шаруашылық кәсіпорындарын дамыту, тауар өндірушілерді оларды өндіріс нәтижесіне қызығушылығын арттыру, ынталандыру қажет.

Сүт бағытындағы мал шаруашылығын тиімділігін арттыру инновациялық қалдықсыз өндірісті ұйымдастыруды талап етеді, яғни фермалар мен сүт кәсіпорындары арасындағы байланысты дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындар мен өндірушілер арасында кооперациялық және интеграциялық дамытуды қолға алу қажет етеді [55].

Бұл мал шаруашылығы өнімдерін тиімді қайта өңдеуді жақсартып, жаңа өнімнің асортименті мен оның тауарлылық дәрежесін арттырады. Ол сонымен бірге ет және сүтті қайта өңдеуші шаруашылықтардың материалдық техникалық базасын күшейтіп, өндірістік қуатын арттыруға, өндірісті ұлғайтуға және әртүрлі сату торлары арқылы сүтті және өңделген сүт өнімдерін сатуға, сонымен бірге бұзау өсірудің өзіндік құнын айтарлықтай төмендетуге, сүт өңдеуден шыққан сұйық өнімдерді тасуға кететін қаржыларды қысқартуға мүмкіндік береді.

Аграрлық сала өнімдерін сатудың ең тиімді жолдарын іздестіру өнімдерді сатудың альтернативті инновациялық каналдарын табуды қажет етеді. Сату жолдарын таңдауда маркетингтік инновацияның түрлері мен әдістерін қолданған жөн, шаруашылықтарға мемлекет қажетіне сатып алынатын өнімнің көлемі және номенклатурасы туралы, нарық жағдайын ескере отырып оның сапасы мен жеткізу мерзімдері туралы, өнімді буып тую, сату каналдарын таңдау, баға белгілеу және т.б. әдістері туралы ақпаратты алуы тиіс. Сонымен бірге, сатылатын және сатып алынатын өнімнің бағасы, жеңілдіктер мен ынталандыру туралы талдау жасап шешімдер қабылдаған жөн.

Сүт бағытындағы мал шаруашылығының интенсивтілігін арттыру жем шөп өсіретін жер аумағын интенсивті пайдалануына және жем шөп өнімінің шығымдылығына тікелей байланысты. Жемдік азықтың шығымдылығы артқан сайын жем шөп бірлігінің өзіндік құны төмендейді. Зерттеулер көрсеткеніндей, баланысталған минералдық тыңайтқыштарды енгізудің, есебінен жем шөп өнімділігі 20-30 пайызға артуы, тыңайтқыштарды қолдану жем шөп сапасын көтеруге, ондағы азықтық заттардың көлемі мен құрылым сапасын арттыруға жағдай жасайды.

Елдің аграрлық саласының ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілердің табысы мен экономикалық әлеуметтік параметрлері мен экономикалық даму көрсеткіштерінің артуы осы бағыт шеңберінде төмендегі міндеттерді шешуді алға қояды: аграрлық салада агрохимиялық қызмет көрсету тиімділігін арттыру; тауар өндірушілерді ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін дамыту; егістік дақылдардың мемлекеттік сорттық сынау тиімділігін арттыру; мемлекеттік қызметтер мен қолдау көрсету жүйесін дамыту; мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесінің тиімділігін арттыру; органикалық ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін дамыту үшін жағдайлар жасау.

Аграрлық салаға қызмет атқратын тиімді қаржылық несиелік жүйе Қазақстанда жақыннан бастап қалыптаса бастады. Мемлекет тараптан қолдау көрсетілмесе негізгі шикізат пен тамақ өнімдерін өндіруші кәсіпорындар мен құрылымдар, азық түлік нарығының қалыптасуының негізгі көзі болса да, ауыл шаруашылығы өнімі үшін төмен деңгейде табыс алуы, өндіріс пен өнімдердің бәсекелік қабілеттері төмендеуі мүмкін.

Қазақстанның болашақ стратегиялық дамуы бағдарламасына сай шешілетін мәселе – аграрлық саладағы ұсақ шаруа қожалықтары мен шаруашылықтарын кооперация негізінде ірілендіруді жолға қою болып табылады. Жеке шағын тұрғындар шаруашылықтарында ел ішіндегі мал басының 90% астамы шоғырландырылған және оларда өндірілетін мал өнімдері үлесі де ет - 93%, сүт - 94-96% және с.с. құраса. Елдегі жалпы өндірілетін мал шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлеміндегі орта және ірі маманданған тауарлық мал шаруашылықтары мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өндірген өнімдері үлесі 10%-ға да жетпейді.

Қазақстанда ауылдық елді мекендерде ауылдық несиелік кооперациялық құрылымдарды құру соңғы жылдары шаруа (фермер) қожалықтары мен аграрлық кәсіпорындардың кооперациялық негізде қаржы топтап, несие беру жүйесін жүзеге асыруға қол жеткізді және мақсатты бағдарлама негізінде дамыды. Ауылдық несиелік кооперация жүйесінің қалыптасу үрдісі ұзақ мерзімде жүзеге асады. Алайда Еуропа елдері тәжірибесі көрсеткендей, оның дамуын жоғары деңгейде қысқа мерзімде жүзеге асыру мүмкін.

Мемлекеттік қолдау ел бюджетінен және жеткілікті бюджет көздерінен берілуі, мемлекеттік реттеудің басқа іс шараларымен бірге аграрлық сала тауар өндірушілеріне нарықтық жағдайда өндірісті тиімді қалыптастыру және дамытуды қамтамасыз етуі қарастырылады. Сонымен, аграрлық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау көлемін анықтау, жүргізілген экономикалық саясатқа, нарықтық экономиканы реттеу мен қолдау белсенділігіне тікелей байланысты. Аграрлық өндірісті мемлекет бюджеттен қолдау бағыт ала отырып, ең алдымен, ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің табыстылығын арттыруға, оларға несие беруге жеңілдік жасауға және жаңа техника мен технологиялармен қамтамасыз етуді құрудан тұрады.

Қазіргі таңда Қазақстанның аграрлық секторында шағын және орта бизнестегі тауар өндірушілердің екінші деңгейдегі коммерциялық банктермен нақты несиелендіру 14% деңгейінде несие алу қалыптасқан, ал оның 7%-ын

несие алушы шаруашылықтар ал 7%-ын субсидия ретінде мемлекет тарапынан кәсіпкерлерді қолдау орталығы «Даму» Қоры» АҚ арқылы мемлекеттік қолдау көрсетілу мүмкіндігіне ие болды. Мұндай жеңілдік беру Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласы мен шикізатты қайта өңдеуші кәсіпорындардың өндірілген өнімдері көлемі мен егістік көлеміне байланысты дотация, субсидия және салықтық жеңілдіктер берілуде. Бұндай қордың қызметі мемлекеттік қолдауды жүзеге асыруға, жетілдіруге бағытталған және олардың қалыптасуына қажетті экономикалық жағдайларды құрды.

Мемлекеттік қолдау негізінде арнайы ұрық қорын, өнеркәсіптік өңдеу үшін ауыл шаруашылығы шикізатын, азықты, қосалқы бөлік және басқа ауысымдық сұраныстың материалдық қорын, жанармай материалдарын, минералды тыңайтқыштарды, өсімдікті қорғау заттары мен тәсілдерін, ветринарлық дәрі дәрмектерді алуға берілуде. Сонымен қатар жанар майды төлеу үшін кәсіпорындарға және ұйымдарға, шикізат өнімдерін терең өңдеу және қайта өңдеуі үшін шаруа (фермер) қожалықтарын қосқанда жеңілдік несиелендіру, оларды бақылау, мақсатты қолдануды жүзеге асырады.

Кесте 8 – Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің инновациялық элиталық тұқымдары мен екпелері экономикалық қолжетімділігін өсіру көрсеткіштері

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары				
		2016	2017	2018	2019	2020
1	Субсидиялаумен қамтылған сатып алынған элиталық тұқым көлемі, мың т.	110,1	120,0	140,0	150,5	168,3
2	Субсидиялаумен қамтылған сатып алынған элиталық екпелер көлемі, мың дана	2949	4001	4001	4493	4493
3	Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көшеттерінің аналығын отырғызу алаңы, га.	10,9	-	-	-	-
4	Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көшеттерінің аналықтарына қызмет көрсету алаңы, гектар	46,7	34,3	10,9	-	-
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [47]						

8 кестеде жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің инновациялық элиталық тұқымдары мен екпелерінің экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштерін талдау мемлекет тараптан субсидиялаумен қамтылған, сатып алынған элиталық тұқым көлемі 2017 жылы 120,0 мың тоннадан 2020 жылы 168,3 мың тоннаға жететінін, ал жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық көшеттерінің аналықтарына қызмет көрсету алаңы 2017 жылы 34,3 гектарға, субсидиялаумен қамтылған сатып алынған элиталық екпелер көлемі бұл жылы 4001,8 мың данадан 2020 жылы болашақта 112,2% өсетіндігіне болжам жасалынып отыр.



Қазақстанда отандық инновациялық ерте пісетін шитті-мақта мен мақта талшығы сапасын сараптау бойынша қызметтердің экономикалық қолжетімділігін көтеру мақсатында сараптаудың көрсетілген түрін жүргізуге субсидия бөлу қолға алынған. Жүргізілетін сараптау қызметі мақта мен мақта талшығы өнімдерін сертификаттауға және оны жоғары бағамен сатуға жағдай жасайды, шитті-мақтаны терең қайта өңдеушілердің кірісін қосмша толықтырады толықтырады.

9 кестеде мақтаны қайта өңдеу ұйымдарына қабылдау кезінде қазақстандық мақта талшығы мен шитті-мақта сапасын сараптаудың экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштерді талдау барысында субсидиялау есебінен жүргізілген мақта талшығының сапасын айқындауға арналған сараптамалар саны 2017 жылы 382 мың бірлік болса 2020 жылға жоспрануы 400 мың бірлік жететіндіге болжау берілгендігін байқаймыз.

Кесте 9 – Мақтаны қайта өңдеуде отандық шитті-мақта, мақта талшығы сапасын сараптаудың экономикалық қолжетімділігін арттыру көрсеткіштері

№ р/с	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары				
		2016	2017	2018	2019	2020
1	Субсидиялау бойынша атқарылған мақта талшығының сапасын анықтауға арналған сараптамалар саны, мың бірлік	382	382	391	400	400
2	Субсидиялау бойынша атқарылған шитті-мақта сапасын анықтауға арналған сараптамалар саны, мың бірлік	126	126	129	132	132
Ескерпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [47]						

Қазіргі таңда Қазақстанда ауыл шаруашылық дақылдарының өнімін сақтандыру мәселесіне мемлекеттік тараптан қолдау көрсетілуде. Ережеге тән, сақтандырушылар атынан сақтану жарнасының бөлігі сақтандырушыларға мемлекет тараптан ендіріледі. Аграрлық салада ауыл шаруашылығы дақылдарын егу шартына қол қойған тауар өндірушілерге сақтандыру төлеміне төлеу компенсациясы мемлекеттік бюджеттен алдыннан қарастырылады, ал қалған шаруалар жеке қаржы бойынша жүзеге асырады.

Аграрлық саланы несиелендіру ауыл шаруашылығындағы меншікті қайта құрудың тиімді құралы ретінде қызмет атқара алады. Қолайлы нарықтық жағдайды құру, мемлекет тарапынан табиғи монополия тарифтеріне және бағаны бақылауды, азық түлікке баға белгілеуді реттеу мүмкіндіктері, инвестицияны тарту, тиімді қызмет атқаратын кәсіпорындардың санын көбейту үшін несиелендіруді алдын ала қарастырудың маңызы үлкен. Осы бағытты жүзеге асыру кәсіпкерлерді қолдау орталығы «Даму» қоры» АҚ қатысуымен

кооперациялық бірлесу негізінде іріленген мамандандырылған өндіріс жүйесін құру бағдарламалары арқылы мемлекеттің қолдауымен жүзеге асыру қолға алынды.

Саланың қай саласы болмасын инновациялық жаңа құрал-саймандарды өндіріске ендіру, не инновациялық жаңа өнімдерді өндіруге өтуге немесе өндірілетін өнімдердің сапасын арттыруға негізделген ғылыми жаңалықтар техникалық инновациялар негізінде жүзеге асырылады.

Аграрлық салада инновациялық әзірлемелер мен жобаларды өндіріске ұсыну бойынша қызмет атқаратын құрылымдар біріншіден, ғылыми жобаларды нақты аграрлық өндіріске ендіруге, екіншіден, қаржылық, техникалық және интеллектуалдық қорларды шоғырландырып, оларды мақсатты бағыттауға және қолдануға мүмкіндік жаратады. Өз кезінде бұл аграрлық салада инновациялық үрдістерді ендіруге, ғылымды нақты жергілікті мүддеге пайдалануға, инновациялық ұйымдардың қызметтерін өндіріске ендіруге, ынталандыруға және инновациялық үрдістердің дамуына қаржы құралдары мен тетіктерін тиімді қолдануды, бақылауды артыруға мүмкіндік жаратады.

Аграрлық сала экономикасын инновациялық негізде кооперациялық және интеграциялық бірлесуді мемлекеттік қолдау мен реттеудің жүйесін жасап шығаруда тек қана шетелдік тәжірибені пайдаланып қана қоймай, сонымен бірге ұлттық аграрлық саладағы экономикасын жоғары деңгейде жүргізіп жатқан аграрлық кәсіпорындар мен компаниялардың өндірістің тіжірібесін, дәстүрлер мен бұл өндірістің аймақтық және ұлттық ерекшеліктерін де ескеруді қажет етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында, цифрлық технологиялардың көмегімен ауыл шаруашылығында түрлендірудің үлкен әлеуеті бар, және цифрландырудың ауқымды бағдарламасы жағдайында ауыл шаруашылығы дамудың сапалы жаңа деңгейіне шығуға және ел экономикасының драйвері болуына мүмкіндігі артатынын алға қойды [56].

Ғылыми техникалық зерттеулер мен инновациялық жаңалықтарды жүзеге асыру - нарықтық қатынастың қазіргі жағдайында аграрлық сала құрылымдарының инновациялық ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктерін қалыптастырудың стратегиялық бағыттарын анықтауға, және осы саланың экономикалық дамуын қалыптастыруды жүзеге асыратын әдістер мен құралдарды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда инновациялық іс-шараларды жүзеге асыра отырып, нарық талаптарына сай, аграрлық салада өндірілген және өңделген дайын тауарды нарықтың сұраныс талабына сай сату арқылы экономиканы тұрақты қалыптастыру, ол өз кезінде өндіріс тиімділігінің асуына жаңа мүмкіндіктер ашады, аграрлық өндіріс үшін экономикалық өсуді қамтамасыз етеді, экономикалық жағдай жақсарып, экономиканың қарқынды дамуына қол жеткізуге мүмкіндік жаратылады.

Аграрлық салада инновациялық негізде дамуды терең түсіну үшін салада инновациялық ұйымдастырушылық нысандарды қалыптастыру мен дамыту бойынша, дамыған шетелдік тәжірибені отандық аграрлық салада қолданған жөн. Сол мақсатта келесі бөлімшеде аграрлық салада инновациялық кәсіпкерлікті дамытудың шетел тәжірибесіне зерттеу жасалып, талдау жүргізіледі.

### **1.3 Аграрлық салада инновациялық кәсіпкерлікті дамытудың шетел тәжірибесі**

Америка Құрама Штаттары (АҚШ) ғылыми техникалық саясатын жүзеге асыру жақсы дамыған институционалдық құрылымға негізделеді. Ғылыми-техникалық дамуды (ҒТД) америкалық басқару құрылымының ерекшелігі мемлекеттің және жеке бизнестің арасындағы тығыз өзара әсері болып табылады. Аралас, мемлекеттік және жеке ұйымдар көздері есебінен қаржыландырылатын аралас қызмет жүргізудің үлес салмағы үлкен. Олардың ішінде - өнеркәсіпті зерттеу Ұлттық орталығы, Ұлттық ғылым академиясы, Ұлттық техникалық академия және ғылымды дамытуға қолдау бойынша Америка ассоциациясы және т.б. [57].

Ғылыми зерттеу жұмыстары саласында мемлекеттік және жеке институттардың өзара байланысы - инновациялық тетіктің маңызды сипаты болып табылады. Ірі өндірушілердің мүдделерін білдірушісі болып жеке ұйымдар кері байланысты жүзеге асырады, бизнес үшін жүргізілетін іс шаралардың тиімділігі туралы ақпараттарды мемлекеттік ұйымдарға береді, ал бизнеске мемлекеттің экономикалық саясаты туралы мәлімет береді. Бұл ұйымдар сонымен қатар елдің ғылыми техникалық дамытуды мемлекеттік басқарудың қазіргі үлгісін қалыптастыруда маңызды рөл ойнайды.

АҚШ экономикалық «жаңалығы» соңғы он жылдықта венчурлік бизнесті атауға болады. Ұсақ және орта фирмалар санының ұдайы өсуі, жаңа идеяларды ізденісі, оны жасауда, «бастапқы» өндірісті ендіру, американдық өндірістің сипаттамалық ерекшелігі болды. АҚШ мемлекеттік ұйымдары тәуекелшіл фирмалардың қызметіне салықтық және несиелік жағдайларды жасау және тәуекелшіл капиталдың бірыңғай ұлттық нарығын құру үшін жағдай жасайды [58].

Жапонияда 80 жылдарда ҒТД мемлекеттік реттеу тұжырымдамасында болған ең күрделі өзгеріс, жуырдағы он жылдықта осы елдің мемлекетінің көзқарасы болып табылады, оны жаңашыл салада және өндірісте қалыптаспаған әлемдік көшбасшы қатарына шығару (жаңа материалдар, микроэлектроника, биотехнология және т.б.).

Ғылыми-техникалық саясат мемлекеттің барша экономикалық дамуы болып табылады. Қойылған мәселенің мақсаты ғылыми Кеңес ҒЗТҚӨ-ге мемлекеттік шығындарды ұлғайту туралы шешім қабылдау 2,5-тен 3,5% ЖІӨ болды. Кеңестің шешімі бойынша, барлық көбейтілген қаржының бөлігі фундаментальды зерттеулер және жаңа идеяларды дамытуға принципіальды жұмсалуды керек. Мемлекеттік саясаттың ерекшелігі Жапонияны импортер

лицензиясынан экспортерға айналдыру көзқарасы болды, сонымен қатар, құнды әлемдік тәжірибені ендіруден бас тартпады.

Кесте 10 – Дамыған шетелдердің инновациялық кәсіпкерлік қызметті дамытуды қолдау үлгілері мен сипаттамалары

Аймақтарды дамыту үлгілері	Экономиканы инновациялық дамыту үлгілері және сипаттамалары
1	2
Евроодақ үлгісі: Швеция, Франция, Голландия, Англия	Бірлескен мемлекеттік - жеке меншік институттар, ғалымдар кооперациясы мен бірлескен бағдарлама, жобалар үлгісі; ғылыми зерттеу нәтижесін ендіруді жеделдету іс шаралары; мемлекеттік (еуропааралық) деңгейде мемлекеттік реттеу; жаңа ғылыми идеяны дамытуда коммерцияланған «инновациялық кәсіпкерлікті» (ғылыми-техникалық парк, бизнес инкубатор, және т.б.) оқу орталықтың айналасында қалыптастыру.
Германия	Венчурлік өндірісті қалыптастыру; мемлекеттік, жеке меншік кеңестік қызмет көрсету, 50% қызметін субсидиялау; несиені сақтандыру жүйесі, банктерге тапсырыс бағасының 80% қайтаруға кепілдік; елдегі «инновациялық климатты» құру, қолдау; инновациялық үрдістің жоғары тиімділігі, аймақтық дамудың арнайы бағдарламалары іске асырылады.
Италия, Швеция, Норвегия, Дания.	Мемлекеттік бюджет арқылы ұлттық табыстың үлесі жоғары, салық салу арқылы инновациялық құрылымдық-инвестицияны жүзеге асыру; шағын фирмаларға басқарушылық артықшылықтарын белгілеу; инновациялық кезеңнің «технологияға бағдарланған» (technology driven) өнеркәсіпті қолдау, инновациялық жобаларға зерттеу жүргізу.
Американдық үлгі	Венчурлік бизнесті дамыту; жаңа идеяларды іздену, әзірлеу, «бастапқы» өндіріске ендіру, тәуекелшіл фирмалардың қызметіне салықтық, несиелік жағдайлар жасау; жетекші фирмалар бәсекелестік етуіне қабілетті «ұлттық жеңімпаздардың» - ірі корпорацияларын қолдау; ұсақ инновациялық бизнесті қолдау, грант беру; жаңа өнім, технология жасауға жеңілдік займ, келісім шартқа тұру; инновациялық займға мемлекеттік сақтандыру; шағын кәсіпорындарға ссуданың 90% кепілдігін беру; университеттегі «инкубаторлық» бағдарламаны қаржылық қолдау.
Япония үлгісі	Жаңашыл салаларды өндірісте әлемдік көшбасшы қатарына шығаруды (жаңа материалдар, микроэлектроника, биотехнология және т.б.) мемлекеттік реттеу; аймақтық «жоғары» технологияны дамыту бағдарламалары «инкубаторларды», технопарк, технополис құрылымдарын құру, инновациялық циклда жеңілдік салықтық төлем, жеделдетілген амортизация.

## 10 кестенің жалғасы

1	2
Қазақстан үлгісі	Аймақтарда жеңілдетілген несиелендіруді қолдау, төменгі пайызбен несие беру; несиеге субсидия беру; инвестицияның құюылуын ынталандыру; шетелдік капитал салымын тарту, салықтық жеңілдіктер орнату, лизингтік тетіктерді пайдалану; инновациялық даму қорларын құру; кәсіпорындар, жаңа технология және нновациялық қызмет арасында өзара тығыз байланыстар орнату.
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [54-58]	

Мемлекеттің стратегиясының өзгеруі жетекші жапондық компаниялардың стратегиясына да әсер етеді: арзаншылық есебінен нарықта әлі де едәуір күрделі мәселе болды, сонымен қатар, жаңа өнімнің төмен бағасы және жоғары сапа үшін шет елдік бәсекелестерді ысырып тастау керек, өнімнің төмен бағасын және жоғары сапасын сақтай отырып, өздеріне жаңа нарықты қалыптастыру қажет болды. Жетекші Еуропалық елдерде (Германияда, Ұлыбританияда, Францияда) ұлттық мемлекеттік ұйымдар ұлттық ғылыми техникалық әлеуетті қалыптастыруда, корпорацияларды қолдауда мәнді рөл ойнайды, олар жеке өнімнің және ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін көтереді (кесте 10) [59].

Басқару құрылымының әр түрлігіне қарамастан макроэкономикалық саясаттың принципіндегі айырмашылықтар, тактикалық мақсатта және т.б., батыс еуропалық елдер үшін көптеген жалпы ортақ нәрселер бар. Осы елдің мемлекеттік ғылыми - техникалық тұжырымдамасы АҚШ және Жапонияның жетекші фирмаларымен бәсекелестік етуіне қабілетті «ұлттық жеңімпаздардың» - ірі корпорациялардың аз ғана санының ынталандыруымен базаланады. Оларға ҒЗТҚӘ мемлекеттік қаржының ең қомақты үлесі тиеді.

Жапония мен АҚШ айырмашылығы, батыс еуропалық ұлттық мемлекеттік ұйымдар зерттеуді жасау және нәтижелеріне едәуір кеш қызығушылық білдірді және өндірушілер арасында алынған технологияны таратуға шара қолданбайды. Сондықтан, батыс еуропалықтардың бақару тетігі инновациялық кезең бойынша көбінше «технологияға бағдарланған» деп атайды (technology driven), олардың өнеркәсіптік қолдануына емес, зерттеулер мен жобаларға зерттеу жүргізуге көңіл бөле отырды. ҒЗЖ жүргізуге қаржы қорының шоғырлануы және ірі корпорацияның шағын топтың қолындағы «идея банкі» зерттеудің тиімділігін жоғарылатуға және өндірісте жаңа технологияны жүзеге асыруды әлсіретті [60].

Мемлекеттік ҒЗЖ-дың «ұлттық жеңімпаздарға» бағдарлануы ішкі жеке салалардың бәсекелсетік күресін әлсіретуге алып келді және озық технологияны және жобаларды экономиканың басқа салаларына таратылуын тежеді. Осындай саясаттың нәтижесі Батыс Еуропалық өндірушілердің АҚШ және Жапонияның озық корпорацияларынан көп артта қалуына алып келді, бұл

мемлекеттік ұйымдарды осы елдің ҒТД әлемдік көш басшыларымен технологиялық үзілісінің қысқаруының мәселесін шешуге әкеп тіреді.

Германияда, мысалы, зерттеуге және техника бойынша Федералды министрлік құрылды бірқатар басқа елдерде ғылыми - техникалық саясатқа жауапкершілікті жүзеге асыруды сауда және өнеркәсіп министрлігіне жауапкершілік жүктелді. Мемлекет венчурлы өндірісті жандандыруға әрекететті. Ең аяғында, көптеген ЕЭС елдерінде (Германияны қоспағанда) компания арасында ғылыми-техникалық «бәсекелестік алдындағы» кооперацияға рұқсат бере отырып, антимонополистік заңдылықтың қатаңдығы әлсіреді [61].

Мұндай жағдайда едәуір мәнді мемлекеттің және жеке бизнестің өзара әрекетінің әр түрлі үлгісі жасалынды. Мұндай ынтымақтастықтың көп жақты мысалын Еуропалық елдер береді: бірлескен мемлекеттік - жеке меншік институттар және зертханалары, ғалымдар кооперациясы, бірлескен бағдарлама және жобалар үлгісі, ақпараттық ағымдармен алмасу және т.с.с.

Технологиялық жаңашылдық үрдіс тетігін жеделдетуді ізденуде, ұлттық экономикалық құрылымының қайта құрылуын және оның бәсекеге қабілеттілігінің өсуін жасау жағадайында, жетекші еуропалық елдердегі үкімет өнеркәсіпке мемлекеттік зерттеу ұйымдарының ҒЗБҚӘ нәтижесін ендіруді жеделдету шараларын қолданды.

80-ші жылдардағы батыс еуропалық ғылыми-техникалық басты ерекшеліктердің бірі мемлекеттік (еуропааралық) деңгейдегі ірі көлемдегі мемлекеттік реттеу болды. ЕЭБ кеңесі ғылыми-техникалық дамытудың реттеуші бойынша Бірлестікте едәуір елеулі рөл атқарады, әсіресе жаңа салаларда.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жалпы ғылым, әсіресе ауыл шаруашылығы, бірқалыпты қаржыландырудың өсуінсіз жақсы және нәтижелі қызмет ете алмайды. Кез-келген мемлекеттің, кез-келген ұлттың дамуы ғылымға ұдайы қатысуының өсуімен қамтамасыз етіледі. Орта жылдық өсу ғылымға жұмсалған шығын бойынша 80-ші жылдардың басында АҚШ-та 4,6, Германияда 2,3, Ұлыбританияда 2,7, Францияда 5,5 пайыз, ал ҒЗБҚӘ-ге жұмсалған шығын салыстырмалы түрде жалпы ұлттық өнім 20-шы ғасырдың соңғы жылдары осы елдерде 1,22; 1,18; 1,26; 1,24 пайызды құрады [62].

Инновациялық үрдістің тиімділігін жақсартушы, маңызды бағыттарының бірі ақпараттандыру болып табылады. Барлық дамыған елдерде кеңестік және инжинирингті фирмалар жүйесі коммерциялық жағдайда, мемлекет есебінен қаржыландыру жұмыс істейді. Мемлекеттің бюджет есебінен қаржыланатын кеңестік қызмет көрсетуді құру, ауыл тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдаудың бір үлгісі.

АҚШ кеңестік қызметі ауыл шаруашылығының Министрлік құрамында қызмет етеді. Аймақтық кеңестік қызмет көрсету зерттеу және оқу (білімдік) қызмет жүретін университеттерде жұмыс істейді. Зерттеу және кеңестік бағдарламаларды қаржыландыру федералдық бюджеттен, штат үкіметінен жүргізіледі.

Англияда кеңестік қызмет көрсету мемлекеттік және жеке меншіктік болып табылады. Мемлекеттік (үкіметтік) қызмет ауыл шаруашылық кеңесінің және ғылыми зерттеудің ауыл шаруашылығы бойынша Британия институтының кеңесшілерін, Королдық институттың сарапшыларын, басқа да ғылыми мекемелерді біріктіреді. Жеке меншік кеңестік қызмет көрсету көп жақты кеңестік қызмет көрсететін фирмалардан, ірі көп қызметті фирмадан ұсақ, тар мамандандырылған фирмаға дейін құрайды.

Дат кеңестік қызмет көрсетуі екі деңгейден тұрады: жалпы ұлттық және жергілікті. Жалпы ұлттық деңгей ауыл шаруашылығының кеңестік орталығы болып табылады, ол өз бетінше тәжірибе және ғылыми зерттеулер жүргізеді, жеке меншік орталықтарға жаңа ғылыми жобалар туралы хабарлайды. Жергілікті деңгей бұл ұсақ жер шаруаларының шаруашылық ассоциациямен байланысында жұмыс істейді, фермерлік жүйе орталығы. Германиядағы мемлекеттік кеңестік қызмет көрсетудің ұйымдасушылары шаруа жер одақтары, олар ауыл шаруашылығы Министрлігінің оған бағынатын құрылымдарымен қоса әрекет етеді. Мемлекеттік қызмет көрсетумен қатар жеке меншік кеңестік қызмет көрсетулер қызмет етеді, мұнда мемлекет жеке меншік кеңесшілерінің 50% қызметін субсидияланады.

Соған ұқсас қызмет көрсетулер Австрияда, Венгрияда, Қытайда, Францияда, Швецияда және т.б елдерде қызмет көрсетеді. Барлық қызмет көрсетулерге жалпы болып, құрылғаннан бастап олар мемлекеттен қаржыландырылды және қызмет көрсетуді тегін көрсетеді. Орташа есеппен барлық елдер бойынша мемлекеттік қолдау үлесі 40% шамасында құрайды [61].

Польшадағы ауыл шаруашылық кеңес беру туралы мысалы қызықты. Польша үкіметі және Еуропалық Комиссия Бірлестігі (Одақтастықтар) арасындағы келісімдер нәтижесінде ауыл шаруашылығына көмек қоры құрылған Орталық және Шығыс Еуропа елдері үшін көмек бағдарламасы бойынша құрылған - PHARE. Бұл бағдарлама негізінен кеңестерді, оқытуды, ғылыми зерттеуді және ұйымдастыру жұмыстарын қарастырады. Ақпараттық-кеңестік қызмет көрсету орталығы (АКК) технологиялықтан ұйымдастырушылық экономикалық және әлеуметтік кеңес беруге ауысты [63].

Көптеген экономикасы дамыған елдерде, әсіресе АҚШ да, соңғы он жылдықта кәсіпкерліктің ерекше бір түрі сипатталуда, ғылыми инновациялық қызмет атқаратын ғалымдардың, инженерлердің, өндіріс өнертапқыштардың, игерудегі, жаңа ғылыми техникалық идеясының қалыптасуының коммерцияландырылған кәсіпкерлік қызметте қажеттілікті жүзеге асыру жағдайы, ең алдымен, ұсақ бизнес саласында, «инновациялық кәсіпкерліктің» басты тасушысы болып табылады.

Көптеген ұсақ инновациялық кәсіпорындар дәстүрлі ғылыми зерттеу және азық-түлік кәсіпорындардың, университеттің, ұйымдардың, мемлекеттік зертханалардың, түрлі мақсатты (уақытша) құрылымдардың (мемлекеттік ғылыми техникалық бағдарламалар, фирма аралық және университеттік азық түліктік орталықтар консорциумдар және т.б.) құрастырушылық кешенінің ерекше толықтырылуы болды. Осы ұйымдарға қормен қамтамасыз ету ғылыми

инновациялық салада ұсақ фирмалар ғылыми техникалық қызметкерлердің шығармашылық әлеуеті және ұсынысының ең көп түрде ашылуы мүмкіндігі бойынша ұтымды қызмет атқарды [64]. Ғылыми техникалық кәсіпорын көлемі бойынша тек қана өзінің қызметкерлерінің экономикалық қызығушылығын қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді, бірақ және олардың еңбегін ең аяғында нәтижесімен байланыстырады.

Осы кезге дейін шет елде көп фактілер жинақталды, орта және ұсақ фирмалар тиімділігі, ғылыми зерттеу және тәжірибелі құрылымдық жобалармен айналысушы, көбінше сол немесе басқа жаңашылдықты игерген ірі корпорациядан жоғары болады, олар көп қаржыны және үлкен ұжымды талап етпейді, мамандардың шағын тобы күрделі және бағалы зерттеу жабдығын қолданбай-ақ оны жүргізеді [65]. «Фьючерс групп» америкалық фирмасының бағалауы бойынша, ұсақ фирма үлесіне, соңғы он жылдықта АҚШ жасалынған шамамен 8 мың жаңашылдықтың 55% тура келеді.

Жаңашылдық саласында шағын фирма табысын сипаттай отырып, көптеген шет елдік зертеушілер біріншілікті кәсіпкерлерге береді, олардан ойлап табу, оны игеру мүмкіндігі байланысты. Барлық дерлік зертеушілер шағын фирмаларға тән бірқатар ұйымдастырушылық басқарушылық артықшылықтарына белгілейді, тұтастай инновациялық үрдісті басқару мәселесін шешу үшін, сонымен және қызметкерлерден қайтарымын жоғарылату, оның бастапқы кезеңдерінде, оның ішінде:

- нарыққа тез бейімделу: соңғы сұраныс өзгерісінен хабардар болған фирма иелері тұтынушыларының тұрақты байланысы арқылы, саладағы тез және маңызды мәліметтер, және оларға тез және тиімді түрде жауап беру;

- басқару икемділігі: инновациялық кәсіпорын жетекшісі әрдайым өндірісті бақылайды, және оның өзгерісіне тез жауап береді, және өзіне іскері тәуекелділікті алады;

- ұсақ және орта фирмаларда ішкі коммуникацияның икемділігі, ірі шаруашылық құрылымдардағы үлкен жүйелерден сәтті түрде ерекшелінеді [66].

Қазақстанда ғылыми-техникалық салада ұсақ бизнес жетістігі көбінше ғылыми жұмыстардың тар мамандануымен байланысты. Бұл, көптеген жағдайларда кішігірім фирмалар ірі концерндермен бәсекелесе алады, тіпті өзінің болар болмас қорымен де, ерекше бағытта жұмыс атқарады. Олар ірі кәсіпорындар үшін басымды емес, тіпті тәуекелшіл болып көрінетін салаларда жаңашылдықты жасаумен және игерумен айналысады.

Шағын инновациялық бизнесті нарықтық ортадағы шаруашылықтың ерекше рөлі ретінде қарастыра отырып, нарықтық экономика елдеріндегі шағын және ірі компаниялар бір бірінен бөлінбейді. Инновациялық салада өмірге қабілеттілік симбиоз құрайды. Онда ірі компаниялар ғылыми өнімге тапсырыс беруші және тұтынушы ретінде көрінеді, ал көбі шағын бизнестің негізін салушылар кешегі корпорация қызметкерлері. Корпорацияның инновациялық қызметінің тиімділігін жоғарылату үшін, арнайы және мақсатты түрде шағын тәуелсіз компаниялар құрылады, ал сол корпорация ішінде ұсақ фирмалардың



қызметтің жағдайын көрсетеді. Олар ірі қаржылық өнеркәсіптік топтарға тиімді жерлерде сақталады. Техникалық үрдіс олардың ұйымдасуын бәсекелестік жетістікке жетуге ынталандырады. Олардың мәні ірі фирма қызметін қаншалықты тиімді толықтыруымен анықталады, көп фирмалардың экономикасының негізі болып қалады.

Қазіргі уақытта инновациялық салада, ірі компаниялардағы ғылыми қордың жоғары шоғырлануына сүйенеді, осы салада ұсақ компаниялардың кең түрде қатысуы және сол немесе басқа да қызметтің үйлесетін жүйесі пайда болды.

Дамыған елдерде шағын инновациялық кәсіпорындарды қолдаудың кең тараған үлгісі ретінде аймақтық технопарктік құрылымдар құрылған. Олар шағын инновациялық кәсіпорындарға, осы аймақтарға маңызды, бірқалыпты өмірге қабілеттілігіне қажетті инфрақұрылымды жасайды. Парктегі орындар ұсақ компаниялармен, белгісіз өнертапқыштармен, ірі корпорациялармен және т.с.с. жалданады. Жапонияны қоспағанда, технополисті жасау жалпы ұлттық бағдарлама негізінде болды, ал көбінесе экономикасы дамыған елдерде сол сияқты аймақтық ғылыми өндірістік ендірушілік кешенді және ұсақ инновациялық кәсіпкерлікті қолдау құрылымын жасау жергелікті өкімет билігінің, сол оқу және зерттеу ұйымдарының инициативасы болып табылады [67]. Олардың демеушілері коммерциялық құрылымдар және кәсіпорындар, жоғары тиімді жобаларды алуда қызығушылық танытатын, істің мәні бойынша, көбінесе нарық қажеттілігін белгілеуші болып табылады.

Қатаң орталықтандырылған бастаманың болмауы ұйымдастыру үлгісінің көп жақтылығын туғызды, болашақтағы ғылыми идеяларды және жобаларды жеделдетілген түрдегі коммерциялық игеру: «инкубаторларды», жеке меншік ғылыми парктерді, технологиялық орталықтарды, зоналар мен технополистерді, инновациялық орталықтарды және басқа инновациялық қызметтің ұйымдастыру үлгілерін туғызды.

Университеттердің, ғылыми зерттеу ұйымдарының ғылыми парктегі жеке көзқарасы ең алдымен олардың көмегімен бөлшектеп болса да мемлекеттік бюджеттен ассигнациялануды қысқартуды компенсация жасауға үміттенетінін атап өту маңызды, жаңа қолданбалы зерттеулердің өзекті бағыттарға шығуы, шығармашылық ізденіс үшін қызметкерлерге қосымша ізденіске мүмкіндік беру, кәсіпкерліктің және зерттеу жұмысының нәтижелерін коммерциялық игеруге шығу [68].

Ұйымдастырушылардың мүдделерінің сәйкес келмеуі ғылыми парктерді сәтті қызметінің қажетті алғы шарттары ретінде серіктестер арасында салыстырмалы құрылған парктің институционалды мақсаттың келісіміне жету. Сонымен, Ұлыбританиядағы Хориот Уотт ғылыми паркі үшін, жергілікті университеттің қаржысына құрылған, мақсаты ғылыми зерттеудің нәтижесін өнеркәсіптік игеру, онда Батыстық Шотландия ғылыми паркі үшін, оның қызметі Шотландияны дамыту аймақтық Агенттікпен қаржыланады, шотландтық өнеркәсіптің технологиялық базасын кеңейту және нығайту.

Хориот Уотт университетінің Зерттеу паркінің бастығының пікірінше, едәуір нәтижелі ұйымдастыру үлгісі, кәсіпкерлік игеруге дейін ғылыми жобаны соңына дейін сәтті жеткізуді қамтамасыз ету университет ғалымдары жасаған «компания жеткіншектері» болды. Дегенмен, мұндай компаниялар университеттен заңды және қаржы жағынан тәуелсіз, соңғысы қанша дегенмен ұйымды ынталандырады [69].

Көбінесе, университет әкімшілігі қызметкерлерге жеке іс ашамын деушілерге жарты ставка жұмыс істеуге рұқсат береді. Бұл ғалым кәсіпкерлерге университеттен кепілдік және, сонымен бірге, өзіне арналған жұмысқа қалған уақтытын пайдалануға мүмкіндік береді. Өз алдына, университетке маман кадрларын сақтауға мүмкіндік береді, олар басқа жағдайда оқытушылық немесе ғылыми зерттеу жұмысын тезірек тастап кетуі мүмкін. Университет қызметкерлері және өнеркәсіптік фирмалар арасындағы өзара әрекеттің басқа тиімді үлгілері, Зерттеу паркінің территориясында орналасқан, тексерулер және кеңестер, сонымен қатар, заңды емес байланыстар болып табылады.

Шетел авторларының бағалауы бойынша, территорияда бір немесе бірнеше ғылыми парктерде атақты зерттеу ұйымдарын орналастыру қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспар бойынша оның дамуында оң рөл ойнайды. Ең алдымен, ірі зерттеу ұйымдарының болуы өзінше парктің табысты болу кепілдігіне ие болуға қызмет етеді, қажетті инфрақұрылымды жасайды, іскери байланысқа қаражаты жоқ болғанда, жеке субподрядчик жүйесін ұйымдастыру үшін онымен ұсақ ұйымдар да қолдана алады. Ірі зерттеу ұйымдары ұсақ инновациялық фирмалар бөлуіне қажетті ғалымдардың шоғырлануын жасайды. Америкалық тәжірибе көрсеткендей, көптеген мұндай фирмалар саны зерттеу зертханаларының айналасында шоғырланады, ғалымдар мен кәсіпкерлер қызметіне қажетті, қанша дегенмен оның тиімді инфрақұрылымдық желісіне сүйенеді, олармен іскери және ғылыми байланысты ұстайды [70].

Осындай жолмен, шетелдік тәжірибе көрсеткендей, инновациялық кәсіпкерлік құрылым (ғылыми-техникалық парктер, бизнес инкубаторлары, инновациялық орталықтар және т.с.с.) ірі ғылыми оқу орталықтың айналасында қалыптасуы, ғалымдардың және кәсіпкерлер олардың ғылыми-техникалық жобасына қосылуына инновациялық кәсіпкерлік саласында ат салысады [71].

Батыста ұсақ инновациялық кәсіпкерліктің дамуы, ең алдымен, мемлекеттік жағынан белсенді қолдауымен байланысқан. Едәуір жолын қуушы саясат бұл салада АҚШ та өтеді. Басты мемлекеттік саясатта бұл сала бойынша сол тілде айтқанда «инновациялық климатты» жасау, яғни қолайлы экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық, психологиялық және т.б. жағдайларды жаңа фирманың пайда болуын және дамуын ынталандыру үшін және, бірінші кезекте, генеризациясымен, игеруімен және коммерцияланумен айналысатын ғылыми техникалық жаңашылдықты қамтамасыз етеді. Мемлекет олардың қызметін реттеуде негізгі күшті бастапқы және «бастапқыдан бұрынғы» кезеңі ұсақ инновациялық кәсіпорынның қалыптасу кезеңіне бағыттайды. Көптеген дамыған елдерде бүгінде инновациялық кәсіпкерліктің белсенділігін ынталандырушы тұтастай бағдарлама жүйесі әрекет етеді.

Мемлекеттің реттеуші қызметінде маңызды орынды ұсақ бизнестің инициативасын ғылыми техникалық қаржылық қамтамасыз етуге, ұсақ фирмалардың қаржы көзін табуды оңайлатуға бағыт орын алады. Мемлекеттік саясаттың екі бағытын белгілейді:

Бюджеттен мақсатты бағытталған субсидиялау; жеке капиталды ұсақ фирмалардың инновациялық қызметке қаржыландыруы (венчурлық капиталдық компаниялар кез келген меншік иелерінің қаржысы есебінен қалыптасады) [72].

АҚШ ұсақ инновациялық бизнесті бюджеттік қаржыландыруы қайтарымсыз субсидиялау үлгісінде құрылады (ұсақ инновациялық бизнесті қолдау орталығын ұйымдастыру, грант беру) және жаңа өнім және технологияға жасауға жеңілдік займды және келісім шартқа тұру болып табылады. Дегенмен, тұтастай ұсақ бизнес АҚШ-та ҒЗЖ жалпы федералдық шығынның 3,5-4% алады, ұсақ фирмалардың үштен бір бөлігі зерттеулерге және жобаға сол немесе басқа дәрежеде мемлекетпен қаржыланады. Инновациялық дамудың маңызды тетігін ынталандыру жеңілдік несиесінің жүйесі болып табылады. Италияда, мысалы, технологиялық жаңашылдық қоры жеңілдік несиені 15 жыл мерзімге беруге құқығы бар, сонымен 80% мөлшері бағдарламаны жүзеге асыруда беріледі және 20%-ның аяқталу кезеңінде [73].

Инновациялық дамудың қаржылық реттелу жүйесі сонымен қатар, займның мемлекеттік сақтандыру жүйесін өз ішіне қосады. Мысалы, АҚШ ұсақ бизнес ісінің әкімшілігі коммерциялық банктер арқылы шағын кәсіпорындарға ссуданың 90% кепілдігін береді. Германияда және Ұлыбританияда несиені сақтандыру жүйесі бар, ол 15-тен 20 жылға дейін жеке меншік банктерге тапсырыс бағасының 80% қайтаруға кепілдік береді.

Барлық елдерде шағын инновациялық бизнесті қолдаудың осындай әдісі әрекет етеді, жеңілдік салықтық төлем сияқты барлық кезеңдердегі инновациялық циклдың және жеделдетілген амортизация, салықтық төлем көлемін қысқартуға мүмкіндік береді, табыстың бір бөлігі жұмсаған шығынға кетеді. Жапонияда, мысалы, жеделдетілген амортизация жабдықтың бастапқы бағасының 14% құрайды [74].

Сонымен қатар, айтуға маңызды нәрсе, 80-ші жылдары шетелдерде аймақтық өкіметтің қызметі ұсақ инновациялық бизнесті қолдау көзге түсерліктей белсендірілді. Сонымен олардың қызметінің тиімділігі шағын бизнестің ғылыми техникалық инициативасын ынталандыруда, жалпы мемлекеттік шараларға қарағанда, кішкентай болып көрінбейді.

АҚШ штат деңгейінде университеттегі «инкубаторлық» бағдарламаны ұйымдастырушыларға қолдау көрсету үшін қаржы бөлетін қорлар, комиссиялар, комитеттер құрылған, олар аймақтық мәселерді шешеді. Мұндай штаттық бағдарламалар сол штат бюджетінен қаржыланады, сонымен қатар, федералды үкіметтен, көбінесе өкіметтің жергілікті ұйымдары, ірі корпорациялар, университеттер арқылы қаржыланады. Олардың негізгісі болып аймақтық венчурлық қорлар болып табылады.

Аймақтық дамытудың ерекше қызығушылығы кеңес тәжірибесін құру болып табылады, онда едәуір табиғи-климатикалық және әлеуметтік-экономикалық айырмашылығы бар. Канаданың инновациялық саласында басқа дамыған елдермен салыстырғанда үлкен рөл ойнайды. Аймақтық дамудың Канадалық кеңесі (провинцияның зерттеу кеңесі) негізгі мәселе ретінде өзінің провинциясының өнеркәсіптің көмегі есебінен өзінің провинциясының дамуын қарастырады. Олардың қызметі, ең алдымен өздерінің бөлімшелері жоқ ұсақ және орта жеке меншік фирмаларға бағдарланған (инновацияны таратудағы көмегі, мемлекеттік сектордан жеке меншікке тиімді технологияны өткізуде, кеңестік көмек беруде). Провинцияның зерттеу кеңесі олардың даму бағдарламаларын қалыптастырумен және оларға ғылым және техника саласында жоба жасауда көмек көрсетеді.

Жапондық үкіметінің шараларының ішінен ғылыми техникалық үрдісті қамтамасыз ету бойынша «жоғары» технологияны ынталандыруда ерекше орынды аймақтық дамудың бағдарламалары орын алады. Сондай бағдарламаның бірі «Технополис» бағдарламасы болып табылады. Жапонияның шалғайдағы аудандарының экономикалық дамуын жеделдету жоспары бола отырып, ол біртіндеп тек қана олардың ғылыми техникалық әлеуетін өсіру ғана емес, сонымен бірге ҒТД барлық ел ауқымында жылдамдату болып табылады [75]. Ғылыми техникалық әлеуетті құрылымдық қайта құруда және экономиканың интенсивті дамытуда едәуір мәнді факторы жапон үкіметі және компаниялар жалпы экономикалық, сонымен және аймақтық стратегия ретінде басты кілтінә айналды.

Бұл идеяның мәні, аймақтық дамуға әрекет ету мақсатында, алдағы уақытта ғылыми техникалық үрдістің дамуына және ғылыми салалардың дамуына арнайы мамандандырылған ғылыми қалашықтар технополистер жасалынған, ғылыми өндірістің ғылыми зерттеу қызметінің органикалық үйлесуіне қолайлы жағдайлар қамтамасыз етіледі.

Болашақта аграрлық саланың өнімдерін жаңа инновациялық технологиялар негізінде дайындау, сақтау, өңдеу және сату, инновациялық үрдістер негізінде бір тұтас жүйе ретінде қарастыруды қажет етеді. Қазіргі кезде аграрлық құрылымдардың инновация саласындағы белсендік деңгейі келесідей: экономикасы қарқынды дамыған елдерде АҚШ, Швеция, Жапония, Австралия 50% дейін, ал Ресейде-12%, Қазақстанда-10% құрап отыр [76...77].

ТМД мемлекеттерінің инновациялық қызмет көрсеткіштері бойынша, 2017 жылғы халықаралық инновациялық индекс – Ресейде 38,5%, жоғары технологиялық тауарлардың экспорты Қазақстанда – 30,4%, ал ҒЗТКЖ жұмсалған шығындар бойынша Ресей – 1,1% нәтижелерді көрсеткен. Бұл дамыған елдердің инновациялық индекс деңгейі мен инновациялық қызмет нәтижелерімен салыстырғанда әлдеқайда төмен [78].

Инновациялық қызметтің аграрлық құрылымдардың дамуына әсерін және оның байланыстарын айқындау шетелдік ғалымдар зерттеулерінің негізгі мәселелерінің бірі болды. Бұл салада эмпирикалық жұмыстар кеңінен жүргізілгенімен, ғылыми зерттеулерде агрокәсіпорындарда инновациялық

қызметтің өнім тиімділігіне ерекше әсерін анықтауға аса маңызды рөл бөлінбеуін ескере отырып, Италия мысалында, кәсіпорындардың көрсеткіштерін пайдаланып инновация мен оның өндірістегі тиімділігі арасындағы өзара байланысын айқындап, әсер ету деңгейін зертеген алғашқы ғалымдардың бірі болды [79].

Кәсіпорын, ҒЗТҚЖ, жаңа технология және инновациялық қызмет арасында өзара тығыз байланыстар бар. Қазақстанда аграрлық салада аталған зерттеулерге аса көңіл бөлінбеген.

Инновациялық үрдістің шетелдік тәжірибесінің дамуын қорытындылау көрсеткендей, мемлекеттік техникалық саясат дамыған елдерде екі маңызды мақсатты қояды: нақты аймақтар қызығушылығында және қолданбалы зерттеулердің бірінші кезектегі дамуды сақтау және аймақтық ғылымды қайта құру. Бұл елдердің басты мемлекеттік саясатын да заңды және ұйымдастыру шаралар кешенін жүзеге асыру, елдегі «инновациялық климатты» құруға және қолдауға бағытталған [80]. Көбінше көптеген дамыған елдерде инновациялық үрдістің жоғары тиімділігін қарастыратын, аймақтық дамудың арнайы бағдарламалары іске асырылады.

Ал Қазақстанда арнайы бағдарлама негізінде жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының жағдайы мен дамуының негізгі көрсеткіштерінің деңгейі мен серпінін талдау негізінде ел экономикасындағы инновациялық зерттеулерге жіберілген шығындардың жылдан жылға артуы байқалады. Онда ел ішіндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған ішкі шығыстары 2017 жылы 2005 жылмен салыстырғанда 3 есеге, ал 2010 жылмен салыстырғанда екі есеге артқанын байқаймыз.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылғандардың орташа айлық атаулы жалақысы, соның ішінде ғылыми зерттеулер және әзірлемелер жүргізетін қызметтердің жалақысы соңғы үш жылдың ішінде 23,5% артты.

Сондықтан аграрлық сала экономикасын қалыптастыру және дамытудың қазіргі нарық жағдайында негізгі жолы инновациялық дамытуды қолға алу [81]. Нарыққа тән жекелеген жағдайларда шаруашылықтар өндірісі инновациялық жетістіктерді пайдалану арқылы жоғары нәтижеге жеткізсе болады.

Қазақстанның БСҰ-ға кіруімен сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілікті арттыруға талаптар да күшейді. АҚШ, Канада және Австралия және т.б. елдердің тәжірибесі көрсеткендей, цифрлық технологиялар аграрлық сала экономикасын түбегейлі өзгертеді. Дамыған логистика жүйесі мен электрондық сауда, өнімді өндіруден бастап соңғы тұтынушыға дейін жеткізудің қаржылық шығындарын төмендетуге мүмкіндік береді.

Аграрлық сала құрылымдарын кооперациялық және интеграциялық бірлесу негізінде өндірісті ұйымдастыруын жолға қойып, өнімді өндіруге ең аз шығындан жұмсау жолымен бәсекелік қабілеттігін арттыруға мүмкіндік жаратылады. Оның үстіне, бұл әдіспен технологиялық үрдісті кластерлік

жанасу негізінде құруға қол жеткізіледі, дайын соңғы тұтыну өнімдерді бір кәсіпорын немесе кәсіпорындар бірлестігі аясында шығаруға мүмкіндік береді.

Бірақта дамыған шет елдердің тәжірибесін отандық аграрлық құрылымдарға жай ғана көшіру әр елдің экономикасының ерекшелік жағдайына байланысты тура күткен нәтижелерді бере қоймайды, ең алдымен, энергетикалық және ресурстық сыйымдылықты елеулі түрде азайтуға мүмкіндік беретін, өңірлік ерекшеліктерге және инновациялық жаңалықтарға қажеттілігі бар инвестициялардың тиімділігін арттыратын инновациялық қызметке бағытталған ең қолайлы нұсқалар басымдылыққа ие болуы тиіс [82].

Бірінші бөлімді қорыта келе келесі тұжырымдамаларды жасаса болады:

1) Инновация бұл жаңа өнімге немесе қызметтерге, оларды өндіру жолдарына, ұйымдық, қаржылық, ғылыми және салалардағы жаңашылдықтарды, шығындарды үнемдеуді қамтамасыз ететін кез-келген жетілдіруді немесе осындай үнемдеуге жағдай жасауды айтамыз;

2) Инновациялар (жаңашылдық) - жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдіс ретінде іске асырылған инновациялық қызметтің түпкі нәтижесі;

3) Инновациялық үрдіс, жаңа немесе жақсарған өнімдер мен оның қайта өңделген өнімдерін, шикізатты өндеудің жаңа немесе жетілген технологиясын жетілдіру мақсатында ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер жүргізіп, инновацияны құру, тікелей өндірісте игерудің нақты іс-шараларын заңды, кезекпе-кезек жүргізу жүйесі;

4) Инновациялық қызмет инновациялық үрдіспен тығыз байланысты және оның негізі болып табылады. Инновациялық үрдіс инновацияларды құру, дамыту және таратумен байланысты. Инновациялық үрдіс технологиядағы жаңа сипаттамаларды, дайын өнімнің жаңа сапалық көрсеткіштерін, қоғамдық және жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған жаңа технологияларды енгізуді қамтиды;

5) Инновациялық кәсіпкерлік, ол кәсіпорынның өсуін немесе инновациялық қызметтердің нәтижесі жаңа тауар немесе жаңа айрықша сипаттамалары мен қасиеттері бар тауарларды, жаңа технологиялар қызметін өндіріске ендіреді, басқаруды жүзеге асырады.

6) Дамыған шет ел тәжірибесінен инновациялық, жаңашылдық саласында шағын фирма табысты сипатта болып, инновацияны ойлап табу, оны игеру мүмкіндігіне байланысты басымдылықты кәсіпкерлерге береді. Шағын фирмалар тұтастай инновациялық үрдісті басқару мәселесін шешеді, оның ішінде:

– нарыққа тез бейімделеді: соңғы сұраныс өзгерісіне тұтынушылардың тұрақты байланысы арқылы, оларға тез және тиімді түрде жауап береді;

– басқару икемділігі: инновациялық кәсіпорын жетекшісі өндірісті бақылайды, оның өзгерісіне тез жауап береді, өзіне іскер тәуекелділікті алады;

– ұсақ және орта фирмалар ішкі байланыс икемділігі, ірі шаруашылық құрылымдардағы үлкен жүйелерден сәтті түрде ерекшелінеді.

7) Дамыған елдерде ғылыми идеяларды және жобаларды жеделдетілген түрдегі коммерциялық игеру: инновациялық кәсіпкерлік құрылымдар (ғылыми-техникалық парктер, бизнес инкубаторлары және т.с.с.) ірі ғылыми оқу орталықтың айналасында қалыптасуы, ғалымдардың және кәсіпкерлер олардың ғылыми-техникалық жобасына қосылуына инновациялық кәсіпкерлік саласында қызмет атқаруы анықталды.

8) Инновациялық дамудың маңызды тетігін ынталандыру жеңілдік несиесі жүйесі арқылы жүзеге асады. Италияда, технологиялық жаңашылдық қоры жеңілдік несиені 15 жыл мерзімге береді, сонымен 80% мөлшері бағдарламаны жүзеге асыруда және 20%-н аяқталу кезеңінде беруі анықталды. Инновациялық дамуды ынталандырудың шетелдік тәжірибесін отандық аграрлық саланы дамытуда елдің ерекшеліктерін ескере отырып қолдануды қолға алу ұсынылады.

2 бөлімде Түркістан облысында аграрлық саладағы кәсіпорындардың инновациялық қызметтерінің қазіргі жағдайы мен даму барысы зерттеліп, талдау жүргізілді.

## **2 ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА АГРАРЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ БАРЫСЫН ТАЛДАУ**

### **2.1 Қазақстанның аграрлық саласында инновациялық кәсіпкерлік қызметтің қазіргі жағдайы және дамуын талдау**

Қазақстан Республикасының аграрлық саласында инновациялық қызметтердің қалыптасуы мен дамуы аграрлық өндірістің тұрақты дамуына әсерін тигізеді және оның болашақтағы дауына жаңа міндеттер қояды. Бұл мәселе саланың бәсекелестік әлеуетін арттыру мақсатында, тиімді тетіктердің болмауынан болған күрделі жағдайда қалыптасады. Бұның барлығы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлін арттыру, ынталандыру, қазақстандық аграрлық тауарөндірушілердің өндірісін бәсекеге қабілеттілігін арттыру саясатында мемлекеттің қолдауынан туындады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Қазақстан үшінші жаңғыртылуы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауында, «елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін, экономикалық өсімнің жаңа моделін жасау қажет», ... ол жоғары сапалы өнім шығаруға және өңделген өнімдер дайындауға дейін негізгі өндіріске көшуді қамтамасыз ету үшін қажет екенін атап өтті. Тек сонда ғана халықаралық нарықтарда бәсекеге түсе аламыз» [2]. Бұл экономикасы дамыған шетелдердің оң тәжірибесі көрсеткендей, Қазақстан Республикасында аграрлық саясаттың оң нәтижесі болып табылады.

Қазақстанда аграрлық саланың өнімдерін жаңа инновациялық технологиялар негізінде өндіру, бұл елдің осы саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстармен олардың нәтижелерін сала өндірістеріне ендіру бойынша инновациялық қызметтерге жұмсалған қаражаттарға тікелей байланысты

Қазіргі кезде аграрлық саланың құрылымдарында инновациялық белсендік деңгейі экономикасы қарқынды дамыған елдерде - 50% дейін, ал Ресейде-12%, Қазақстанда-9% құрап отыр. ТМД елдерінің инновациялық қызмет көрсеткіштері бойынша, 2017 жылғы халықаралық инновациялық индекс – Ресейде 38,5%, жоғары технологиялық тауарлардың экспорты Қазақстанда – 30,4%, ал ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған шығындар бойынша Ресей – 1,1% нәтижелерді көрсеткен [83]. Бұл экономикасы жоғары шет елдердің инновациялық индекс деңгейі мен инновациялық қызмет нәтижелері деңгейімен салыстырғанда өте төмен.

Төмендегі 11 кестеде көрсетілген мәліметтер бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған ішкі шығыстар 2017 жылы 2010 жылмен салыстырғанда 2,0 есе, ҒЗТҚЖ-ны орындаған қызметкерлер саны 1,29 % артқанын байқаймыз, соның әсерінен жалпы ішкі өнімнің көлемі 21 815,5 млрд. теңгеден 2017 жылы 53 101,3 млрд. теңгеге жетті немесе 2,4 есеге өскенін байқаймыз. Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылғандардың орташа айлық атаулы жалақысы, соның



ішінде ғылыми зерттеулер және әзірлемелер орындаған қызметкерлер мен жоғарғы білімдегі қызметкерлердің салыстырып жатқан жылдары 2,2 есеге өскенін көреміз.

Кесте 11 – Қазақстанда ғылыми зерттеу жұмыстарының жағдайы мен дамуының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2005	2010	2015	2016	2017	2017 ж. 2010 ж. (%)
Жалпы ішкі өнім, млрд. теңге	7 590	21 815	40884	46971	53101	2,4 есе
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған ішкі шығыстар, млн. теңге	21527	33466	69302	66600	68884	2,0 есе
Жалпы ішкі өнімнен зерттеулер мен әзірлемелерге арналған ішкі шығындардың үлесі, %	0,28	0,15	0,17	0,14	0,13	0,86
ҒЗТКЖ-мен айналысқан ұйымдар (кәсіпорындар) саны, бірлік	390	424	390	383	386	0,91
ҒЗТКЖ-ны орындаған қызметкерлер саны, адам	18912	17021	24735	22985	22081	1,29
Экономикалық қызмет түрлері бойынша қызметкерлердің орташа айлық атаулы жалақысы, мың теңге						
Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер	41,5	103,5	184,9	208,7	228,3	2,2 есе
Жоғарғы білім	30,3	71,0	125,9	136,4	142,4	2,2 есе
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84]						

12 кестеде Қазақстан бойынша және аграрлық салада экономикалық қызмет түрлері бойынша инновациялық тауарларды (қызметтерді) енгізген кәсіпорындар саны ел деңгейінде 2017 жылы 451 бірлікке жетсе, соның ішінде аграрлық салада 41 бірлік болды. Ол 2015 жылмен салыстырғанда 5 бірлікке артқанын көреміз.

Қазіргі уақытта аграрлық өндіріске инновация мен ғылыми жаңалықтарды ендіру жылдамдығы қысқаруда және күрделі сипатқа ие болуда, экономикалық және технологиялық бәсекелестік шиеленісуде. Кәсіпорындар мен ұйымдар жаңа технологияны, жаңа білімді ізденуде, іргетасты зерттеулер жүргізуге қатысуға ұмтылуда, өндірістік жағдайға тез бейімделу мақсатында тікелей өндіріске инновацияны ендіруді ұйымдастыруда.

Кесте 12 – Қазақстанда және аграрлық салада экономикалық қызметтерде инновациялық тауарларды (қызметтерді) енгізген кәсіпорындар саны, бірлік

	Тауарлар			Қызметтер		
	Жаңа немесе жетілдірілген	Жетілдіруге әкелінген	Өзгеде инновациялық	Жаңа немесе жетілдірілген	Жетілдіруге әкелінген	Өзгеде инновациялық
Қазақстан республикасы, барлығы						
2015	536	174	151	241	88	82
2016	438	144	68	295	115	91
2017	451	156	63	285	86	74
2017 ж. 2015 ж. (+,-)	-85	-18	-88	44	-2	-8
Ауыл шаруашылығы саласы						
2015	36	4	5	6	-	-
2016	30	5	4	1	1	1
2017	41	11	8	-	-	-
2017 ж. 2015 ж. (+,-)	5	7	3	-6	-	-
Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84]						

Қазақстанда және аграрлық салада экономикалық қызмет түрлері бойынша кәсіпорындардың инновацияға жұмсалған шығындары 13 кестеде көрсетілген, бұл мәліметтер бойынша ел ішінде өткізілген инновациялық өнімдер (тауарлар, қызметтер) көлемінен экспортқа жіберілгені соңғы үш жылдағы талдау бойынша 31428 млн. теңгеден 83655,6 млн. теңгеге артқанын немесе 266,2 % өскенін көреміз, ал ауыл шаруашылығы саласы бойынша бұл көрсеткіш жылдары 141,4% өскенін байқаймыз [84].

Қазіргі жағдайда әлемдік экономиканың дамуында экономикасы дамыған елдерде экономикалық дамудың индустриалдық түрінен, дамудың инновациялық түріне өту жүзеге асуда, өндірістік үрдістердің тікелей ғылыми-техникалық негізін құру қолға алынған. Инновациялық қызмет тікелей өндірістік үрдіске өтеді, оның құрамдас бөлігіне айналады және басқа да экономикалық мәнге ие болады.

Әр елдің ғылыми-техникалық саясатының мақсаты - бұл өндірісті ұйымдастыру мен басқарудың қағидаларын, оның техникалық қамтамасыз етілуін және жаңа өнімді жобалауда, осы негізде инновациялық қызметті дамытуды өз ішіне ендірген кешенді үрдіс болып, экономикалық қызмет түрлеріне қарай өндірілген және өткізілген инновациялық өнімдердің көлемін көбейту мен құрылымдық сапасын арттыру болып табылады [85].

Біздің ойымызша инновациялар жаңа немесе жетілген өнімдерді (тауарлар, көрсетілетін қызметтер), жаңа түрдегі құрал жабдықтарды пайдалануға, өндіріс пен сатуды ұйымдастырудың жаңа түрлерін, басқарудың жаңа әдісін ендіруге және қолдануға бағытталған болуы тиіс.

Кесте 13 – Қазақстанда және аграрлық салада экономикалық қызмет түрлері бойынша кәсіпорындардың инновацияға жұмсалған шығындар, млн. теңге

Жылдар	Өткізілген инновациялық өнімдер (тауарлар, қызметтер) көлемінен экспортқа жіберілгені, барлығы, млн. теңге	Соның ішінде	
		Тауар, қызмет, нарық үшін жаңа немесе жетілдірілген тауарлар, млн. теңге.	Ұйым үшін жаңа болып табылатын жаңа, жетілдірілген тауарлар, млн. теңге
1	2	3	4
Қазақстан республикасы, барлығы			
2015	31428	10705,3	20722,6
2016	70883,6	28980,9	41902,7
2017	83655,6	57996,8	25658,8
2017 ж. 2015 ж. %	266,2	541,7	123,8
Ауыл шаруашылығы саласы			
2015	1610,9	1151,3	459,6
2016	2079,4	1935,0	144,4
2017	2278,2	2087,0	191,2
2017 ж. 2015 ж. %	141,4	181,2	41,6
Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84]			

Қандай елде болмасын бәсекелестік экономикалық орта инновациялық үрдістерді жеке кәсіпорындар шеңберінде белсенді жүргізуде шешуші рөл ойнайды, ол ірі кәсіпорындарға қатысты тоқырау беталысын жеңуге мүмкіндік береді. Бәсекелестік оларды тауарлар мен қызмет нарығында өздерінің позициясын сақтау мақсатында инновацияны игеруге тәуекелге баруға мәжбүр етеді.

Инновациялық қызметке жеткіліксіз назар аудармаған жағдайда кәсіпорындар өздерінің қалыптасқан нарығынан айырылуы және қаржылық жоғалтуларға ұшырауы мүмкін, ол туралы Қазақстанда өндірісті басқарудың ескі технологиялары мен әдісін қолданып жатқан кейбір кәсіпорындарының тәжірибелері куә бола алады. 14 кестеде Қазақстанның және оның аграрлық саласында өндірілген және өткізілген инновациялық өнімдердің көлемі және оның экспортқа жіберілген үлесі серпініне талдау жасалған. Соңғы үш жылдың ішінде инновациялық өнімдер мен оның сатылған көлемі ел деңгейінде жылдан-жылға өсуі байқалады. 2017 жылы 2015 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіштердің көлемі 123,9% және 150,3% артты.

Ал, ауыл шаруашылығы саласында өндірілген және өткізілген инновациялық өнімдердің көлемі салыстырып жатқан жылдары 7,5% және 15,0 пайызға ғана өскенін байқаймыз, ол аграрлық салада инновациялық өнімдердерді (тауар, көрсетілетін қызмет) өндіруге әліде болса назар төмен аударылып жатқаны байқалады. Қазақстанда және оның аграрлық саласында өндіріліп жатқан және өткізілген инновациялық өнім көлемдерінің экспортқа жіберілгені, бұл талдап жатқан жылдары 2,6 есеге және 1,4 есеге артқанын кестеден көрсек болады, ол инновациялық өнімдердің экспортқа бағытталуы

негізінде жеткен жетістік, болашақта бұл бағытта даму стратегиялық басымды бағыттың біріне айналуы тиіс.

Кесте 14 – Қазақстан және оның аграрлық саласында өндірілген және өткізілген инновациялық өнімдердің көлемі мен серпіні

Жылдар	Инновациялық өнімдер (тауар, көрсетілетін қызмет) көлемі, барлығы	Өткізілген инновациялық өнімдер (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) көлемі, барлығы	Соның ішінде		Өткізілген инновациялық өнім көлемінен экспортқа жіберілгені, барлығы
			тауар (қызмет) нарығы үшін жаңа болып табылатын жаңа немес едәуір жетілдірілген тауарлар (қызметтер)	ұйым үшін жаңа болып табылатын жаңа немесе едәуір жетілдірілген тауарлар (қызметтер)	
Қазақстан республикасы, барлығы, млрд. теңге					
2015	377,2	341,3	186,8	154,4	31,4
2016	445,7	451,6	216,2	235,3	70,8
2017	844,7	854,2	562,9	291,2	83,6
2017 ж. 2015 ж., %	223,9	250,3	301,2	188,6	266,1
Ауыл шаруашылығы саласы, млн. тг					
2015	17 424,3	15 808,3	3 710,0	12 098,3	1 610,9
2016	21 716,9	21 935,5	6 577,0	15 358,5	2 079,4
2017	18 743,6	18 188,8	4 475,9	13 712,9	2 278,2
2017 ж. 2015 ж., %	107,5	115,0	120,6	113,3	141,5
Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84]					

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол –Болашаққа бастар жол» – атты Қазақстан халқына 2016 жылғы Жолдауында келешекте ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту стратегиясы елді халықты азық түлікпен толық қамтамасыз ету және экспорт көлемін арттыру бұл мемлекет тараптан кең қолдау табатынын атап өтті [86].

15 кестеде Қазақстанның өсімдік шаруашылығының өнімі 2017 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 35,3%-ға өскенін немесе 1 327,8 млрд. теңге жеткенін байқаймыз. Ал, мал шаруашылығының өнімі салыстырып жатқан жылдары 17,6% өскені көреміз. Яғни облыстағы ауыл шаруашылығы саласының жалпы өнімінің көлемі жылдан-жылға артып келеді.

Қазақстанның барлық аумақтарында ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің өндіріс салалары бойынша құрылымы зерделеніп жатқан 2015-2017 жылдары мал шаруашылығының 2015 жылы 50,7%-дан 2017 жылы – 47,7%-ға үлес салмағы төмендеді, ал өсімдік шаруашылығының керісінше бұл жылдарда үлес салмағы 49,3% дан 52,3% артқанын байқаймыз. Бұған Қазақстанның аграрлық саласының нарықтың сұранысы мен бәсекелестік күрес нәтижесінде

ішкі салаларының құрылымының өзгерісінен қалыптасқан экономикалық жағдай деп түсіндіруге болады.

Кесте 15 – Қазақстанда ауыл шаруашылығы саласының негізгі экономикалық жетістіктері серпіні

Көрсеткіштер	2015	2016	2017	2017 ж. 2015ж., %
Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласының жалпы өнімі серпіні				
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімі, млрд. тг.	1992,3	2377,3	2517,3	126,3
өткен жылға пайызбен	84,3	119,3	105,9	+21,6
Өсімдік шаруашылығының өнімі, млрд. теңге	981,2	1313,0	1 327, 8	135,3
өткен жылға пайызбен	72,4	120,7	98,5	+26,1
мал шаруашылығының өнімі, млрд. теңге	1011,1	1064,3	1 189,5	117,6
өткен жылға пайызбен	96,2	102,4	103,9	+7,7
Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84]				

Диссертациялық жұмыста аграрлық саладағы инновациялық кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы мен оның даму барысы Түркістан облысы мысалында атқарылған болған себебі, төменде осы облыстың аграрлық саласының қазіргі экономикалық даму жағдайына қысқаша талдау жасалынып, зерттеу жүргізілді.

Түркістан облысы аграрлық аймақ ретінде 1932 жылы құрылған және елдің оңтүстік бөлігінде орналасқан, Еуроазия материгінің қыйылысқан жол торабында орналасқан аумақ. Облыстың ауа райы ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қолайлы өте континенталды, қысы жұмсақ, қысқа, жылылық жиі қайталанып тұрады, жазы аптапты, ыстық ұзаққа созылады. Ылғалдың жылдық мөлшері солтүстікте 150-170 мм, биік таулы аудандарда 750-950 мм-ге дейінгі аралықта тербелуде.

Облыстағы соңғы алты жылдың ішінде егістік алқабы жылдан-жылға артып келеді, 2015 жылы 641,2 мың гектардан 2017 жылы 782,4 мыңға жетті. Ал 2015 жылы облыс ауыл шаруашылығы жалпы өнім көлемі 259,2 млрд.теңгеден 2017 жылы 322,8 млрд. теңгеге жеткенін немесе үш жылдың ішінде 24,5% артқанын төмендегі кестеден байқаймыз (кесте 16).

Облыстағы ауылшаруашылық құрылымдарының алдыңғы Кеңес дәуірінен кейінгі қайта қалыптастыру барысында ірі ұжымдық шаруашылықтар мен кеңшардың қоғамдық мүлкін жекешелендіріп жойылған себебінен олар өз өндірісік қуатын жасанды түрде жойды, сөйтіп алғашқы алып жүрген үлкен үлесіне әлі де болса жете алмауда және жуық арада жету қйынға түсуде.

Сол себептен Үкімет тарапынан мемлекеттік қолдау негізінде тек ірі-ірі ауылшаруашылық кәсіпорындарына ғана жәрдем бере қоймастан, ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлеміне үлкен үлес қосып отырған жеке тұрғындар шаруашылығы мен шаруа (фермер) шаруашылықтарына да

мемлекеттік қолдау көрсету тетіктерін құрып, оларға қолдау көрсету өте маңыздылыққа ие деп ойлаймыз.

Кесте 16 – Түркістан облысы ауыл шаруашылығы экономикалық көрсеткіштерінің серпіні

Көрсеткіштер	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2017 ж.2015 ж. салыстырғанда	
				(+, -)	%
Ауыл шаруашылығы құрылымдарының саны, бірлік	74050	81409	80325	6275	108,5
оның ішінде:					
шаруа қожалықтары	69562	76724	76018	6456	109,2
жұртшылық шаруашылықтары	347790	355122	356200	8410	102,2
саяжай кооперативтері	82	83	83	1	101,2
Жалпы өнім, млрд. теңге	259,2	296,9	322,8	63,6	124,5
оның ішінде:					
мал шаруашылығы	115,5	127,4	141,2	25,7	122,2
егін шаруашылығы	142,5	167,9	180,4	37,9	126,5
Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84]					

Түркістан Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы саласындағы шаруашылық құрылымдарының саны 2017 жылы 80325 бірлікті құрады, оның ішінде шаруа қожалықтары 76018 бірлік, жалпы 2015 жылмен салыстырғанда құрылымдардың саны 6 275 бірлікке артқанын 16 кестедегі көрсеткіштерді талдаудан байқаймыз [87].

Түркістан облысы ауыл шаруашылық саласындағы шаруашылықтар мен кәсіпорындарды жекешелендіру нәтижесінде, ауыл шаруашылығы саласында көптеген өндіріс түрлерінің көлемі қысқарды 1991 жылмен салыстырғанда егістік жер 1073,1 мың гектардан 2017 жылы 782,4 мың гектарға қысқарды, немесе 290,7 мың гектарға азайды, егіндік жердің аумағы азайды, соның себебінен ауыл шаруашылығында айналымдағы пайдаланбайтын жер көлемі көбейді (кесте 17).

17 кестеден облыс шаруашылықтарының барлық санаттарындағы негізгі ауылшаруашылық дақылдарының егістік көлемін талдау барысында облыс шаруашылықтарында жалпы егістік көлемі 105,4% артып 2017 жылы оның көлемі 782,4 мың гектарға жетті, мақта дақылы ауданы 147,7 мың гектардан 2017 жылы 127,5 мың гектарға қысқарды, бидай (күздік және жаздық) үш жылдың ішінде 119,9 пайызға артты. Картоп, көкөніс-бақша дақылдары, барлығы 105,8 пайызға өскен болса, оның ішінде картоп 100,8 пайызға, көкөніс 107,7 пайызға, бақша дақылдары 105,9 пайызға артты.

Кесте 17 – Түркістан облысы шаруашылықтарының барлық санаттарындағы негізгі ауылшаруашылық дақылдарының егістік көлемі

Көрсеткіштер	2015	2016	2017	2017 ж. 2015 ж., %
1	2	3	4	5
Бүкіл егістік көлемі	742 233	774 267	782 432	105,4
Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар	186 435	217983	239 806	128,6
оның ішінде:				
бидай (күздік және жаздық)	127 678	160 161	153 186	119,9
арпа (күздік және жаздық жүгері)	27 706	27 258	43 234	156,0
күріш	24 485	25 129	38 017	155,2
дәнді - бұршақ дақылдары	3 312	1 709	2 289	69,1
Техникалық дақылдар	2 515	3 193	2628	104,5
оның ішінде:				
мақта	270 460	249 269	221 719	81,9
дән алуға арналған күнбағыс				
Картоп, көкөніс-бақша дақылдары, барлығы	147 780	140 568	127 563	86,3
оның ішінде:	4 435	5 995	6 176	139,2
картоп	101 540	100 429	107 430	105,8
көкөніс				
бақша дақылдары	14 717	14 148	14 842	100,8
Мал азықтық дақылдар	32 495	33 472	35 008	107,7
Жеміс-жидек екпелердің (көшеттердің) барлығы	54 328	52 809	57 580	105,9
Жүзімдік, барлығы	183 216	206 035	213 446	116,4
Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84]	17 539	16 437	16 889	96,3
	9 126	8 498	9 167	100,4

Аймақтағы жеке тұрғындар шаруашылықтары мен қазіргі ауылшаруашылық кәсіпорындарының өндіріс көлемі мен оның тиімділіктерінің қажетті деңгейде болуы шаруашылықты ұйымдастыруға байланысты. Қазіргі кезде көптеген кәсіпорындарда жұмыс істеп тұрған шаруашылықтар ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу цехтары ауқымды мәселелерді шешкенімен, өңдеудің қажетті тереңдігі мен тиімділігін қамтамасыз ете алмауда.

Қазіргі таңда облыстағы ауыл шаруашылығы тауарөндіруші шаруашылықтарына мемлекет қолдауымен қызмет атқарушы орта және шағын бизнеспен шұғылданушы кәсіпорындардың саны жылдан жылға көбейіп, олар құрылыс материалдарын, аспаптар мен жабдықтарды өндіру, көлік қызметін көрсетумен шұғылдануда. Сонымен қатар, жеке тұрғындар шаруашылығына жем сатуды ұйымдастыру, мал мен құстарды бордақылау үшін өсімтал малды сатуды ұйымдастыру, ауылшаруашылық өнімді жиып сатуды ұйымдастыру және т.б. инфрақұрылымдық қызметтер атқаруды жолға қойды.

Сонымен бірге, мемлекеттің қолдауымен соңғы уақытта ауыл шаруашылығы саласына берілетін субсидия мен дотацияның көлемінің өсуімен

егістік жердің көлемі, бау мен жүзімдік аумақтары жылдан-жылға ұлғайуда және ауыл шаруашылығы құрылымдарының нарықтың сұранысына байланысты көкөніс пен бақша егістігі жер көлемі қайта қалыптасып, олардың егіс аумағы өсті, жемісті ағаштар мен жүзім екпелерінің жер алқаптары мемлекеттік қолдау негізінде облыс деңгейінде ұлғайып келеді.

Кесте 18 – Түркістан облысы шаруашылықтың барлық санаттарындағы негізгі ауылшаруашылық дақылдарының жалпы түсімі, мың тонн

Көрсеткіштер	2015	2016	2017	2017 ж., 2015ж.(%)
Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдары, барлығы	282,5	471,4	421,2	149,5
оның ішінде:				
бидай (күздік және жаздық)	137,2	308,4	200,6	146,2
арпа (күздік және жаздық)	25,4	47,1	46,3	182,2
жүгері	93,9	99,7	155,3	165,3
күріш	19,8	10,0	13,8	69,7
дәнді-бұршақ дақылдары	4,7	4,9	4,3	91,5
Шитті-мақта	379,6	396,7	320,7	84,5
Дән алуға арналған күнбағыс	6,4	8,7	8,9	139,0
Картоп	241,9	238,4	249,4	103,1
Көкөніс	705,7	756,2	812,8	115,2
Бақша дақылдары	1 093,0	1 095,2	1 236,6	113,1
Жеміс-жидек	81,8	76,9	80,2	98,0
Жүзім	51,2	47,7	49,4	96,5
Ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығы, 1 гектардан, цен.				
дәнді дақылдар	8,6	11,6	11,7	136,0
күнбағыс	5,9	7,0	6,7	113,5
шитті мақта	26,2	28,7	25,1	95,8
қант қызылшасы	168,2	267,7	240,6	143,0
темекі	21,8	22,6	29,6	135,7
картоп	165,9	181,5	184,3	111,1
көкөніс	234,0	238,7	243,0	103,8
Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84]				

Соңғы жылдары мемлекеттің қолдауымен өтіп жатқан аграрлық салаға жәрдемдер саланы қайта құру барысында ауылшаруашылық құрылымдарды ірілендіруді ұйымдастыру қажеттілігінен туындауда. Бұл өз кезеңінде ауылшаруашылық кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарын іріленуіне, ықпал етеді, себебі бір шаруашылықтың шегі өндірісті шоғырландырудың оңтайлы деңгейін құруға жеткіліксіз, тек кооперациялық бірлесу және мемлекеттің қолдауы мен реттеуі нәтижесінде қол жеткізу мүмкін.

Түркістан облысы ауыл шаруашылығы санаттары бойынша ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің құрылымын зерттеу барысында негізгі үлесті тұрғындар шаруашылығы 49,9% құрады, ал шаруа немесе фермер қожалықтары үлесі 41,4% болды, ауылшаруашылық кәсіпорындарының үлесінде тек 8,5%-ақ



болғаны анықталды. Облыстағы егін шаруашылығының жалпы өнім көлемінде 2017 жылы негізінен шаруа (фермер) қожалықтарының үлесінде 71,7% болса, мал шаруашылығында негізінен тұрғындар шаруашылығының үлесінде 90,3% құрады [88].

Салыстырып жатқан үш жылдың ішінде, яғни 2015 жылдан 2017 жылдың арасында барлық санаттарда ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 24,5%, шаруа немесе фермер қожалықтарында 28,6%, жұртшылық шаруашылықтары 19,9%-а өскенін жоғарғы кестеден байқаймыз.

Түркістан облысы шаруашылықтың барлық санаттарындағы негізгі ауылшаруашылық дақылдарының жалпы түсімі бойынша дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар 2017 жылы 2015 жылға қарағанда 149,5 % артты, шитті мақта 320, 7 мың тонна құрап, салыстырып жатқан жылға қарағанда 84,5 пайызды құрап оның көлемінің қысқарғанын байқаймыз. Зерттеліп жатқан жылдары картоп, көкөніс және бақша дақылдары артып, жеміс пен жүзімнің көлемінің қысқарғанын 18 кестеде бейнеленген көреміз

Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының 1 гектардан шығымдылығын зерттеу бойынша шитті-мақтаның шығымдылығы қысқарған болса, басқа дақылдардың барлығы үш жылдың ішінде артқаны көрінеді. Мақта дақылының шығымдылығының төмендеуі мен егістік көлемінің қысқаруынан облыста өндірілген шитті-мақта көлемі 379, 6 мың тоннадан 320, 7 мың тоннаға қысқарды.

Зерттеліп жатқан аймақта 2017 жылы 2015 жылмен салыстырғанда дәнді дақылдар, бақша және картоп, көкөніс өнімдерінің өндіріс көлемінің артуы негізінен бұл дақылдардың әр гектардан өндірген шығымдылығының артуынан деп тұжырымдасақ болады. Сонымен бірге, облыс деңгейінде бұл дақылдардың егістік көлемінің өсуіне де тікелей байланысты болды.

Келесі бөлімшеде Түркістан облысындағы инновациялық ғылыми зерттеу кәсіпорындарының ерте пісетін жаңа инновациялық шитті-мақта сорттарын табу және оларды облыстағы мақта саласы шаруашылықтарына ендіру бойынша инновациялық қызметтерінің даму барысына талдау жасалып баға беріледі.

## **2.2 Аграрлық саланың мақта шаруашылығында инновациялық кәсіпкерлік қызметтердің даму барысын талдау**

Қазіргі таңда Қазақстанның аграрлық саласының экспортқа бағытталған секторының бірі болған мақта шаруашылығында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу және инновациялық жаңалықтарды ендіру негізінде сала экономикасын дамыту үлкен маңыздылыққа ие және өзекті болып табылады.

Тәуелділік алған жылдардан кейін шитті-мақта өндіріс көлемінің төмендеуі елдің тоқыма секторын шиттізатпен қамтамасыз етуді және экспорттық өнім қажеттілігінің қысқаруына алып келді. Шитті-мақта саласының төмен өнімділігі, жоғары еңбек және өндіріс құралдары шығындары, сондай-ақ, отын және энергия шығындармен салыстырғанда сатып

алу бағасының төмендігі, инфляцияның болуы өндірістің тиімділігін төмендетуге, шитті-мақта өзіндікқұнының өсуіне алып келді.

Мұндай факторлар бұрынғы материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесінің бұзылуынан, ауылшаруашылық және өнеркәсіптік өнімдерге бағаның теңсіздігінен, қаржы тапшылығы салдарынан ескірген өндіріс құралдары мен ресурстарға арналған технологиялар және т.б. жаңарту мүмкін еместігі өз кезегінде мақта-тоқыма кластерін дамытуға теріс әсер етті.

Қазақстан Республикасында шитті-мақта өндірудің санаттар бойынша көп жылдық мәліметтерін талдау жылдан-жылға шитті мақта өнімінің артып бара жатқанын көрсетеді. 19 кестеде келтірілген мәліметтерге сүйенсек, шитті-мақта өндірудің ең үлкен көлемі 2005 жылы 465,0 мың тоннаға жетті. 2010-2017 жылдар кезеңінде шитті-мақта өнімдерін өндірудің орташа жылдық өсімі 8,6 мың тоннаны құрады.

Бәсекеге қабілетті мақта құрылымдарын құру аймақ бойынша өндірістің арнайы мамандануын ескере отырып өндіріс орындарында олардың параметрлерін негіздеуге ерекше талаптар қойылды.

2017 жылдың деректері бойынша жалпы өндіріліп жатқан шитті-мақтаның 95,0% шаруа (фермер) шаруашылықтарының үлесінде, 5,0% ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үлесінде. Талданып жатқан бес жылдың ішінде шаруа (фермер) шаруашылықтарындағы шитті-мақта өндірісі көлемі 33,6% артты немесе 77,0 мың тоннаға артық өндірілді [88].

Мақта шаруашлығындағы 1 гектардан өндірілген шитті-мақтаның орташа өнімділігі 25,1 центнер, ал шаруа (фермер) қожалықтарында шитті-мақтаның орташа өнімділігі 29,3 ц/га болды.

Мақта өндірісінің өсуі мен қаржылық тұрақтылығының қалыптасуына қарамастан көптеген мақта өсіретін шаруашылықтарда олардың сапалы тұқымдық материалдарының тапшылығы, тыңайтқыштардың төменгі деңгейдегі базасы мен олардың құнының жоғарылғы, көптеген шешілмеген мәселелерді алға қоюда.

Инновациялық жаңа технологиялық «Түркістан» шитті-мақта сорты Түркістан облысының Сарыағаш ауданындағы экология және тәжірибелік биология ғылыми-зерттеу институтында (инновациялық зерттеу кәсіпорынында) зерттеуден өтіп, әзірленді. Бұл ерте пісіп жетілетін, инновациялық артықшылығы бар мақта тұқымын егу мерзімі мен климаттық жағдайларға байланысты өнімнің пісіп жетілуіне дейінгі уақыт мерзімі 50% көшеттің шығуынан 50% мақтаның пісуіне дейін өсетін мезгілі - 108-111 күнді құрайды. Мақта қораптарының ашылуы жоғары деңгейде. 1 қазанға дейін шитті-мақта өнімі 36 - 46 ц/га құрайды. Талшықтың өнімділігі 36 - 37%, талшықтың ұзындығы 35 - 36 мм. Талшығы жарқыраған ақ түсті. Метрлік номері 6000 - 6150, жүктеме үзілуі 4,5 - 4,6 г. Салыстырмалы үзілу жүктемесі 27,5 - 28,5 гс/талшық. Талшықтың сапасы IV типті талаптарға сәйкес келеді. Халықаралық сертификаттау бойынша талшық 4,3 - 4,6 микронейр, коды 36 - 37 ие. Тұқымның май мөлшері 19-20% құрайды [89].

Кесте 19 – Қазақстандағы мақта саласының негізгі көрсеткіштерінің серпіні

Жылдар	Мақта дақылының жалпы егістік көлемі		Шитті-мақтаның жалпы өнімі		Шитті-мақтаның өнімділігі	Мақта талшығының көлемі
	мың га.	Алдыңғы жылға %-бен	Мың тн.	Алдыңғы жылға %-бен	цен./га.	мың тн.
1991-1995 ж. орташа	112,3	100,0	234,9	100,0	20,9	85,0
1996-2000 ж. орташа	124,0	110,4	215,7	91,8	17,4	74,2
2001-2005 ж. орташа	196,2	158,2	422,6	195,9	21,8	135,9
2005	204,0	103,9	465,0	110,0	23,1	156,3
2006	200,0	98,0	435,4	93,6	22,2	145,0
2007	206,1	103,1	441,7	101,4	22,1	110,5
2008	178,7	86,7	317,5	71,9	18,2	133,3
2009	140,0	78,3	270,0	85,0	19,6	97,1
2010	137,2	98,0	239,8	88,8	17,9	91,4
2015	99,3	77,8	273,9	85,4	27,8	110,7
2016	109,6	110,4	286,7	104,6	26,2	94,2
2017	135,5	123,6	330,5	115,3	24,4	93,1
2017 ж. 2010 ж.-ға (+,-)	-1,7	97,8	+90,7	137,8	+6,5	136,3

Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84]

Инновациялық жана «Түркістан» шитті-мақта сортын оңтайлы су мен минералды қоректенуді қамтамасыз етілсе, оның өсу нүктесі кесуді қажет етпейді, ал кешіктірілсе, өсімдіктің биіктігі жеміс бұтақтары мен жапырақ аралық моноподиалық бұтақтың қысқаруымен төмендейді яғни өсуін тоқтатады, бірақ өсімдіктің өнімділігі сақталады. Бұл сорттың өтілген сорттық сынақтардың нәтижелері Қазақстанда қолданыстағы басқа шитті-мақта сорттарымен салыстыру бойынша таңдалды (20 кесте). Түрлі сорттық сынақтар «Сарыағаш» мемлекеттік сорттау телімі инновациялық кешенінде жүргізу барысында мақта сорттары әртүрлі көрсеткіштер бойынша бір-бірімен салыстырылды.

20 кестенің деректеріне сәйкес, «Түркістан» шитті-мақта сорты басқа тексерілген сорттармен салыстырғанда инновациялық жетістіктерімен барлық көрсеткіштер бойынша асып түседі.

«Түркістан» шитті-мақта сортының инновациялық артықшылығы бұл сорттың егілгеннен піскенге дейінгі вегетациялық мерзімі 110 күнді құрайды. Бұл мақта өсімдігінің базалық сортымен салыстырғанда 3 күнге қысқа. Осылайша, «Түркістан» шитті-мақта сортының бірінші қорабының салмағы 6,0 г, базалық сортқа қарағанда 0,4 г жоғары, талшықты өнімділігі - 38,5%, бұған вилт ауруы әсер етпейді.

Кесте 20 – ҚР-да шитті-мақта дақылының әр түрлі сорттарының салыстырмалы көрсеткіштері

№	Сорт	Шитті-мақтаның өнімділігі, ц/га			Орта өнімділік, ц/га	Стандарттан ауытқу, цен.	Вегетациялық мерзім	1-ші қорықтың массасы, г	Талшықтың шығуы, %	Вилтпен ауыру, %
		Тәжірибе жылдары								
		1 жыл	2 жыл	3 жыл						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	12
1	С-4727	22,1	22,6	26,8	23,8	стандарт	113	5,4	37,6	6,1
2	Махтарал 4005	22,8	22,4	25,9	23,7	-0,1	112	5,7	36,2	2,0
3	Махтарал 4007	23,8	21,3	24,5	23,2	-0,6	114	5,7	36,4	2,7
4	Махтарал 4011	24,4	21,6	23,7	23,2	-0,6	118	5,5	37,1	0,2
5	Мырзашөл-80		22,6	26,8	24,7	0,9	118	5,8	37,3	0
6	Береке-07	21,2	28,3	30,9	26,8	+3,0	117	5,7	38,4	0
7	Мақсат	23,6	21,6	30,1	25,1	+1,3	116	5,2	36,3	2,1
8	МА-3047	-	-	29,8	29,8	+6,0	117	5,7	37,4	0,3
9	Түркістан	24,2	29,1	31,3	28,2	+4,4	110	6,0	38,5	0
10	Түркістан -1	24,3	28,7	30,7	27,9	+4,1	109	5,7	36,6	0,3
Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [89]										

Жобалық инновациялық технологияның артықшылықтарын зерттеу мақсатында тәжірибе үш жыл (2012-2014 жж.) Ордабасы ауданындағы «Март» ЖШС-де Дүниежүзілік Банк пен Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ауылшаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру» бағдарламасының қолдауымен қаржыландыратын шағын жобаның шеңберінде өткізілді.

«Түркістан» шитті-мақта сортының сапалық технологиялық көрсеткіштері талдау нәтижесі бойынша оның 1000 тұқымының салмағы басқа сорттарға қарағанда 10 граммға артық бірінші терім бойынша, талшықтың шығуы 2,1%, екінші терімде - 3,4%, бірінші терімде талшықтың ұзындығы 2,0%, екіншісінде - 2,4 мм., С-4727 мақта сортына қарағанда артық. Алғашқы терімде екі сортта сапалығы жағынан бірінші сұрыпты мақтаға жатса, ал екінші терімдегі шитті мақта «Түркістан» сорты 2-ші сұрыпты шитті мақтаға жатса, ал С-4727

сотының екінші терімі сапалығы жағынан 3 сұрыпты шитті мақтаға жатады (21 кесте).

«Түркістан» сортты мақта тұқымының шығуы С-4727 шитті мақта сортына қарағанда жоғары. «Түркістан» шитті мақта сорты тез құрғақ салмақ жияды, сондықтан бұл сорттың құрғақ салмағы С-4727 сортының құрғақ салмағымен салыстырғанда шамамен 2 есе асады. Зерттеулер «Түркістан» сортының қораптарының ашылуы С-4727-ге қарағанда әлдеқайда қарқынды екенін көрсетті. Қораптар 12-13 күн бұрын ашылады. Сондай-ақ, қораптың өлшемі мен массасы бойынша «Түркістан» сорты С-4727 деңгейінен асып түседі [89].

Кесте 21 – Ордабасы ауданы «Март» ЖШС-де С-4727 және «Түркістан» шитті-мақта сорты тұқымдарының технологиялық сапасының салыстырмалы көрсеткіштері

Сорттар	1000 данасалмағы		Талшықтың шығуы, %		Талшықтың ұзындығы, мм		Талшықтың үзілу жүктемесі, мм		Сұрыпы	
	1-терім	2-терім	1-терім	2-терім	1-терім	2-терім	1-терім	2-терім	1-терім	2-терім
С-4727	109,0	96,0	32,2	30,1	33,5	31,2	23,5	22,8	1	3
«Түркістан»	119,0	98,0	34,1	33,5	35,5	33,6	24,0	23,6	1	2
Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [89]										

22 кестеде «Түркістан» шитті-мақта сортын ендіру жобасын SWOT талдау барысында анықталғаны оның басқа сорттармен салыстырғанда мықты жақтары: мақта өнімнің жоғары сапалылығы; негізгі өндірушілерге қарағанда өзіндікқұны төмендігі; элиталық тұқым ретінде пайдаланылуы; өндіріс көлемінің өсуінен масштабты экономия алынуы елдің мақта шаруашылықтары үшін қазіргі таңда табылмайтын мүмкіндік болып табылады. Сонымен қатар, шаруашылықтар үшін өндірісте қолданылатын мүмкіндіктер: қосымша мақта өнімділігінің арқасында жалпы өнімнің артуы; сапасның артуынан жаңа нарыққа шығу мүмкіндігі; шаруашылықтардың мақта өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің артуы олардың табысының көбейуіне және экономикасының өсуіне мүмкіндік береді.

Көптеген аграрлық сала ұйымдары мен кәсіпорындары өндірістік ресурстарды шоғырландыру мен өндірісті мамандандырудың жоғары деңгейімен сипатталады, дегенмен, олар өз өндірісінде кейде айналым қаражатына тапшылықты сезінеді, соның арқасында олар шикізаттық өнімдерін қайта өңдейтін өңдеуші кәсіпорындарға тәуелді болуда, және өнімін сатуда және өткізуде баға деңгейін белгілеуде қиындық туындауда. Бұл мәселелер тек ұйымдар мен кәсіпорындар арасында кластерлік жанасу негізінде инновациялық интеграциялық бірлесу негізінде шешіледі.

Кесте 22 – «Түркістан» шитті-мақта сортын өндіру жобасын SWOT талдау кезінде мынадай күшті және әлсіз жақтары анықталды:

<p><u>Мықты жақтары:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– мақта өнімнің жоғары сапалылығы;</li> <li>– негізгі өндірушілерге қарағанда өзіндікқұны төмендігі;</li> <li>– элиталық тұқымдар пайдаланылады;</li> <li>– өндіріс көлемінің өсуінен экономия алу мүмкіндігі.</li> </ul>	<p><u>Әлсіз жақтары:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– температураның шектеулігі;</li> <li>– су ресурстарының жетіспеушілігі;</li> <li>– тұтыну нарығына айтарлықтай тәуелділік.</li> </ul>
<p><u>Мүмкіндіктер:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– өнімділіктің, жалпы өнімнің артуы;</li> <li>– жаңа нарыққа шығу;</li> <li>– өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.</li> </ul>	<p><u>Қауіп-қатерлер:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– бәсекелестердің көбейуі;</li> <li>– заңнаманың өзгеруі, реттеу шараларын күшейуі;</li> <li>– жанар-жағар май бағасының өсуі;</li> <li>– салықтардың, инфляцияның өсуі.</li> </ul>
<p>Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [90]</p>	

Ондай құрылымдар, аграрлық сала және өңдеу кәсіпорындарын біріктіріп өнім өндіруді, және дайын өнімнің нақты бағасын анықтайтын түпкілікті тұтынушыға жеткізуді де қамтиды. Бұл өз кезегінде, азық-түлік пен аграрлық шикізатар нарығында күшті бәсекелік орналастыруға дайын өнімді өткізуден түскен түсімді технологиялық үрдіс бойынша серіктестіктер арасында үлесіне сай бөлудің әділетті тәсілін табуға мүмкіндік береді.

Мақта-тоқыма кластерін құру негізінде аграрлық өнімдерді өндіруге және терең қайта өңдеуге мамандандырылған бірлестіктеріне кіретіндер: шитті-мақта өндіретін аграрлық сала кәсіпорындары мен шаруа (фермер) шаруашылықтары; мақта майын қайта өңдеуден өткізіп, өндіретін өнеркәсіп кәсіпорындары; дайындау, сақтау және тасымалдау ұйымдарының кәсіпорындары; тамақ өнімдерін сақтайтын және сататын, өткізетін ұйымдар мен компаниялардан тұрады [91].

Бұл үрдіске аграрлық сала кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарынан басқа, жеке тұрғындардың қосалқы шаруашылықтарын да тарту қажет, себебі, олардың арасында өндірісті кооперациялық бірлестіру нәтижесінде бірлескен құрылымдар құру өндірістің және кәсіпорындардың іріленуіне, яғни арнайы техника мен озық технологияларды пайдалана алатын маманданған өндірістерді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Мақта-тоқыма кластерін дамытуда кластерлік негізде интеграциялық бірлесу шартында экономикалық-ұйымдастырушылық, ұйымдық ресімделуі болуы немесе болмауы мүмкін. Бұл кезде интеграциялық бірлесуші ұйымдар мен кәсіпорындар арасындағы экономикалық қатынастар - келісім шарттар, сату-сатып алу және өткізу қатынастары және басқа экономикалық қатынастар негізінде құрылуы мүмкін. Инновациялық интеграциялық бірлестіктің орталықтандырылған ұйымдық органы құрылуы, онда, интеграциялық бірлескен ұйымдар бірлестіктері мен кешендері құрылуы мүмкін. Бұл

интеграциялық аграрлық өнеркәсіптік құрылымдар толық заңды, дербес, немесе басты ұйымға қызметтерін ішінара табыстау негізінде қызмет атқаруы мүмкін [92].

Қазақстанның экономикалық бәсекеге қабілетті мақта саласы таңдалып, осы секторларда жұмыс істейтін мақта шаруашылықтары мен мақта талшығын өңдейтін өнеркәсіп кәсіпорындарын кластерлерге біріктіріп, қолданыстағы өңірлік алғышарттарды зерделеп, талдап, Түркістан облысында мақта-тоқыма кластерін қалыптастырып дамыту қолға алынды.

Инновациялық мақта-тоқыма кластерін дамыту мақсатында Түркістан облысында «Оңтүстік» еркін экономикалық аймағы құрылды. Оның дамуына мемлекеттерара келісім-шартпен құрылған Кеден одағының әсері де ауқымды. Қазақстанның Үкіметі тарапынан бұл басымды бағдарламаны дамыту үшін дотация, субсидиялар және басқа жеңілдіктер берілуде. «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағының (АЭА) аумағында жылына 100 мың тонна мақта талшығын өңдейтін 15-ке жуық тоқыма кәсіпорындарын құру және оларда өндірістің негізгі түрлері – Қазақстанда жасалынған инновациялық жаңа өнімдер джинси, терри, тоқыма, киім және қатты маталар, үй тоқыма өнімдерін инновациялық өндірісін құрып, отандық «Қазақстанда жасалынған» бренді бойынша өндіруді қолға алды.

«Хлопкопром-Целлюлоза» ЖШС – «Құрамында мақтасы бар шикізаттардан гигроскопиялық мақтаны, мақта целлюлозасын және техникалық карбоксиметилцеллюлозасын өндіруді ұйымдастыру», «ҚазДемирТекстиль» ЖШС – «Мақта талшығын және түкті бұйымдардың ассортиментін өндіруді ұйымдастыру» және «Оху-Textile» ЖШС – «Жіп иіру-айналдыру кешенді автоматтандырылған фабрикасы» құрылды, қызмет атқаруын бастады [92].

Мақта-тоқыма кластері бүгінгі күні ең үлкен бәсекеге қабілетті әлеуеті бар жаңа иірілген жіптер мен маталарды өндірудің қарқынды дамуы үшін мақта-тоқыма өнеркәсібінің қосылған құн тізбегінде аралық байланыстың қалпына келтірушісі болып табылады.

Қазақстанда алынған шитті-мақта – мақта талшығы орташа талшықты сұрып түріне жатады. Мақта-тоқыма кластері негізінде өндірілетін мақта талшығының негізгі көлемі 80%-дан астамы - экспортқа бағытталған. Қалғаны Түркістан облысында орналасқан «Alliance Kazakh Russian Textile» ЖШС, «Меланж» АҚ, «Ютекс» АҚ, «Nimex Textile» ЖШС сияқты тоқыма кәсіпорындарында қолданылады. Алдын елдегі өндірілген барлық мақта көлемі Ресейге бағытталатын болатын.

Батыс Европа елдері Германия, Франция және АҚШ сияқты дамыған елдерде өнеркәсіптік өндірістегі тоқыма және жеңіл өнеркәсіп үлесі 4%, Италияда - 12%. Бұл оларға бюджеттің 20%-ын қалыптастыруға мүмкіндік береді және отандық нарықтың 75-85% өздері өндірген өнімдерімен қамтамасыз етеді. Түркия мен Қытайда тоқыма үлесі ЖІӨ-де 30%-ға жетеді. Қазақстанның тоқыма және тігін өнеркәсібі отандық нарықтың сұранысының 10%-ын ғана қамтиды. Сонымен бірге еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қалыптастыру үшін отандық өндірістің көлемі кем дегенде ішкі сұраныстың

30%-ын қанағаттандыруы тиіс. Қазақстан тоқыма өнеркәсібі саласын табысты дамыту үшін үлкен әлеуетке ие. Өндірістегі шитті-мақта талшығының арзан баға көрсеткіштері, мақта шиттізатына жақындығы және шығарылатын өнімдер үшін әлеуетті сату нарығы, тартымды инвестициялық климат және дамыған көлік инфрақұрылымы бұған дәлел.

Бұл бөлімді зерделеу нәтижесі бойынша келесі қорытынды жасаса болады:

Тәуелдік алған жылдардан кейін шитті-мақта саласының төмен өнімділігі, жоғары еңбек шығындары мен өндіріс құралдары шығындары, шитті-мақтаны сатып алу бағасының төмендігі, инфляцияның болуы өндірістің тиімділігін төмендетуге, шитті-мақта өзіндікқұнының өсуіне алып келді. Себебі, бұрынғы материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесінің бұзылуынан, аграрлық сала және өнеркәсіптік өнімдерге бағаның теңсіздігінен, қаржы тапшылығы салдарынан, ескірген өндіріс құралдары мен ресурстарға арналған технологиялар және т.б. жаңарту мүмкін еместігі дамытуға теріс әсерін тигізді.

Қазақстан республикасының инновациялық даму бағдарламасы бойынша облыс аумағында мақта-тоқыма кластері құрылды, инновациялық қызметтерге мемлекеттен қолдау көрсетілді, инновациялық жаңа өнімдер джинси, тоқыма, киім және т.б. өндірісі құрылып отандық «Қазақстанда жасалынған» бренді бойынша ішкі және сыртқы нарықта сатылуда.

Инновациялық жаңа «Түркістан» шитті-мақта сортты мақтаны өндіріске енгізу әрбір гектар егін алқабынан 10,1 центнерден қосымша шитті-мақта өндіруге мүмкіндік береді және оларды өндіріске ендіру шитті-мақта өнімінің көлемінің артуына, өнім бірлігінің өзіндік құнының төмендеуіне, яғни жалпы табыстың ұлғайуына алып келеді, мақта саласының экономикалық өсуін қамтамасыз етеді.

Түркістан облысы жағдайында инновациялық ерте пісетін «Түркістан» мақта сортты инновациялық технологиялық жобасын жүзеге асыру, шикізаттық және техникалық жағынан үлкен сұранысқа ие және экономикалық тиімді. Облыс аумағында қалыптасқан мақта-тоқыма кластерін дамытуға экологиялық таза отандық мақта талшығы шикізатымен қамтамасыз етеді.

### **2.3 Аграрлық саланың мал және құс шаруашылығында инновациялық кәсіпкерлік қызметтердің қазіргі жағдайын талдау**

Аграрлық сала мен оның құрылымдарында өндірілетін өнімдер көлемін еселеу міндеті сала экономикасын шикізат экономикасынан инновацияға негізделген экономикаға, ғылым мен білім жетістіктеріне негізделген индустрияны дамытуға көшкен кезде ғана табысты шешілуі мүмкін. Инновация бұл қазіргі заманғы экономиканың қарқынды дамуын қалыптастыратын объективті күшті ынталандыру және оның қажетті шарты болып табылады.

Аграрлық сала кәсіпорындарында инновациялық қызметті шектейтін негізгі факторлар қатарына: ынталандыру мен инновациялық қызмет субъектілерін қолдаудың толыққанды жүйесінің жоқтығы, жоғары кәсіпкерлік тәуекелдік, заңнамалық базаның жетілмегендігі, ұйымдардың инновацияға деген өз түсінігінің жетіспеушілігі, сондай-ақ, инновацияға кеткен қаражаттың



ұзақ мерзімді қайтым мерзімі, инновациялық жаңалықтарды ендіру саласында білікті мамандардың тапшылығы жатады.

Инновациялық қызмет тұрақты экономикалық дамудың, бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастырудың, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды жүйелік факторларының бірі болып табылады. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру инновациялық ғылыми зерттеулердің нәтижелерін нарықтық тауарға айналдыру тиімділігі мен жылдамдығына байланысты. Салалар мен оның кәсіпорындарында бәсекелік артықшылықтардың негізі – ондағы бизнесті дамыту үшін құрылған және қолау болған қолайлы жағдайларға тікелей байланысты.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметтерінде инновацияның болуы немесе болмауы қазіргі кезде олардағы кәсіпкерлік қызметтің әлеуеті туралы түсінік бере қоймай, сонымен бірге кәсіпорындардың жағдайларының тұрақтылығын және олардың келешекке даму бағытын бағалауға мүмкіндік береді.

Инновацияға бағытталған кәсіпорындарды қалыптастыру тәжірибесі ғылыми зерттеулердің жетіспеушілігін көрсетеді, себебі ғылыми әзірлемелер мен инновациялар экономика саласын ұйымдастыру мен дамытудың негізі болып табылады. Сондықтан бүгінгі күні инновациялық кәсіпкерліктің жұмыс істеу тиімділігіне байланысты мәселелер өзекті. Қойылған бұл мәселелер инновациялық кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы, дамыту бағыттары мен перспективаларына ғылыми зерттеу жасауға деген қажетті сұранысты тудырады және ол үшін қажетті ғылыми зерттеулер туралы өзекті мәселені көтереді. Инновациялық кәсіпкерлікті қалыптастыру мен дамытудың әр түрлі қыр сырын үнемі зерделеу, экономиканың инновациялық секторын тиімді басқару тетігін қалыптастыруға көмектеседі, оның қайта қалыптастырудағы орны мен рөлін айқындауға және оны дамытудағы заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді [93].

Соңғы жылдары аграрлық сектордың мал және құс шаруашылықтарында нарыққа тән күрделі экономикалық жағдайлар мен сыртқы нарықтағы бәсекелестік күреске қарамастан, салада инновациялық үрдістердің бірте-бірте белсенді дамуы орын алды. Бұл, әсіресе, инновациялар мен ғылыми жаңалықтарды өнеркәсіп өндірісі негізінде өндіріске қарқынды енгізетін аграрлық құрылымдарына қатысты. Соның арқасында, өндірістегі ғылыми әзірлемелерді меңгерген көптеген ұйымдар өндірістік, экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерінің айтарлықтай жақсаруына қол жеткізді.

Инновациялық үрдіс бұл өзара тура және кері байланыста болған кіші жүйелерді: ғылыми зерттеулер; ғылыми-техникалық әзірлемелер; эксперименттік және пилоттық тәжірибелік өндіріс; өнім өндірісі; маркетингтік зерттеулер; тауар өнімдерін сату және өткізуді өз құрамына алады. Инновациялық қызмет өзінің оң нәтижесіне тек сонда жетеді, егер ол ұтымды түрде ұйымдастырылған болса, бұған дамыған елдердің тәжірибесінде дәлел, олар негізінен өңірлік инновацияларға назар аударып, өңірлік өндіріске серпіліс

жасай отрып, инновациялық іс-әрекеттің ең тиімді болуына мүмкіндік жаратады.

Ел ішінде, әр облыста инновациялық қызметті қолдау үшін аймақтық бюджеттен тыс қор құруы және нарықтық инфрақұрылымды қалыптастырып, инновациялық бизнес-құрылымдарды қолдау негізінде, меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындар мен ұйымдарға қаржыны шетелдік және отандық инвесторлардан тартуға және тағы басқа қолдаулар көрсетуі тиіс.

Бірақта дамыған шет елдердің тәжірибесін отандық аграрлық құрылымдарға жай ғана көшіру әр елдің экономикасының ерекшелік жағдайына байланысты тура күткен нәтижелерді бере қоймайды, ең алдымен, энергетикалық және ресурстық сыйымдылығын елеулі түрде азайтуға мүмкіндік беретін, өңірлік ерекшеліктерге және инновациялық жаңалықтарға қажеттілігі бар инвестициялардың тиімділігін арттыратын инновациялық қызметке бағытталған ең қолайлы нұсқа басымдыққа ие бола алады.

Салаларда енгізілетін инновациялар мазмұны бойынша сол саланың салалық, қызметтік, техникалық, технологиялық және ұйымдық сипаттамаларына қарай айтарлықтай ерекшеленеді. Мәселен, қазіргі таңда мал мен құс шаруашылығы өндірістерінде инновациялық даму мен әзірлемелердің басым бағыттары болып: жануарлар мен құстың жоғары өнімді жаңа нәсілі, түрлері мен кросстарын шығару; жануарлар мен құстың өнімділігінің биологиялық әлеуетін арттыру; мал шаруашылығындағы генофонды сақтау және жетілдіру; трансгендік жануарлардың жаңа түрлерін жасау; жоғары өнімді асыл тұқымды жануарлардың аналық таптары мен фермаларын құру; мал шаруашылығындағы экологиялық қауіпсіз және техникалық қалдықсыз технологияларды жетілдіру; мал шаруашылығында жаңа өнеркәсіптік технологияларды жетілдіру; қарқынды жемшөп өндірісінің жаңа жүйелері; жемшөпті және жем қоспаларын тиімді пайдалану әдістері; мал шаруашылықтары мен кешендерінде механикаландыру, электрлендіру, автоматтандыру және өндіріс үрдістерін компьютерлендіру жүйелері бойынша кешендер құру және т.б. жатады.

Мал шаруашылығындағы инновациялық үрдістер мал шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау, өңдеу, сату және өткізуді ұйымдастыру, ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді ендіретін инновациялық құрылымдарың мамандануна, тиімді қызмет атқаруына байланысты.

Кез келген инновациялық үрдіс бұл жаңа білімнен (идея, өнертабыс, зерттеу нәтижесі) басталады. Олар екі жолмен жүзеге асады: бастапқы ақпарат алу (патенттер мен лицензиялар алу, ғылыми-техникалық ақпарат және т.б.) немесе инноватордың өз жаңалықтары болуы мүмкін [94]. Кейбір жағдайларда инновациялар бұрыннан бар және іске асыру мүмкіндіктері жеткілікті негізделген болуы мүмкін. Басқа жағдайларда, инноватор (ұйым, кәсіпорын) инновациялық жаңалықты өздігінен әзірлейді, оның өз лабораториясы немесе тапсырыс бойынша зерттеу жүргізетін үшінші тарап ұйымы болуы мүмкін.

Қазақстанның мал және құс шаруашылық саласы азық-түлік өнімдеріне деген халықтың сұраныстарын қанағаттандыруда маңызды роль атқарады.

Саланың ел ішінде тиімді жұмыс істеуі бизнесті басқару тетігін дамытуды, қолданыстағы ресурстарды тиімді бөлуді және тиімді үйлестіруді, салада бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз ететін алдыңғы қатарлы технологияларды енгізуді талап етеді. Салада бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету, оның шаруашылық құрлымдарымен қатар, тұтастай алғанда саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру басымды маңыздылыққа ие болып отыр.

Бәсекелестіктің негізгі мақсаты - тұтынушы үшін бәсекелелік күрес, оның сұраныстарын толық қанағаттандыра отырып, елдің аграрлық өндірісінің экономикалық тиімділігін арттыру [95]. Мұндай жетістікке инновациялық ғылыми жетістіктер негізінде, өндіріске ресурстарды үнемдеуші қарқынды технологияларды енгізу, ел тұрғындарын азық-түлік өнімдерімен толық қамтамасыз ету, сондай-ақ экспортқа бағытталған тауар көлемін ұлғайту негізінде бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіру арқылы қол жеткізуге болады.

Сала экономикасының соңғы жылдардағы қызмет нәтижелерін талдау еліміздің аграрлық саласының объективті және субъективті сипатта болған қиыншылықтарға тап болғанын көрсетеді. Осыған қарамастан, өндірістік әдіс бойынша елдің ішкі жалпы өніміндегі ауыл шаруашылығының үлесі 2015 жылы 4,3%-дан 2017 жылы 7,6%-ға дейін өсті.

Кесте 23 – Қазақстанда әртүрлі шаруашылық мал мен құстың саны және оның серпіні, мың бас.

Жылдар	Ірі қара мал	Оның ішінде, сиыр	Қой мен ешкі	Шошқа	Жылқы	Түйе	Құс, млн. бас
1991	9 592,4	3 490,0	34 555,7	2 976,1	1 666,4	145,1	59,9
1995	6 859,9	3 045,0	19 583,9	1 622,7	1 556,9	130,5	20,8
2000	4 106,6	2 014,7	9 981,1	1 076,0	976,0	98,2	19,7
2005	5 457,4	2 442,6	14 334,5	1 281,9	1 163,5	130,5	26,2
2010	6 175,3	2 751,3	17 988,1	1 344,0	1 528,3	169,6	32,8
2015	6183,9	3130,5	18015,5	887,6	2070,3	170,5	35,6
2016	6413,2	3209,9	18184,2	834,2	2259,2	180,1	36,9
2017	6764,2	3358,0	18329,0	815,1	2415,7	193,1	39,9
2017 ж. 2015 ж., %	109,4	107,3	101,7	91,8	116,7	113,2	112,1
2017 ж. 1991 ж., %	70,5	96,2	53,0	27,4	144,9	133,1	66,6
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84, 88]							

Мысалы, мал шаруашылығы саласы ел ішінде қатты өзгеріске ұшырады. Жүргізілген қайта қалыптастыру шаралары ел экономикасын дамытудың өнеркәсіптік және аграрлық бағытын өзгертпеді, ал елдегі экономикалық жағдай мал шаруашылығы саласына қатты әсерін тигізді. Қазақстанда әртүрлі

шаруашылық мал түрлерінің 1991-2017 жылдар аралығында саны мен оның серпіні 23-кестеде қарастырылған.

23 кестеде Қазақстанда шаруашылық мал мен құс басының 1991-2017 жылдар аралығында, алдын қысқарып, соңғы жылдары бірте-бірте бас саны артып келе жатқаны байқалады. Ірі қара мал басы соқғы үш жылда 9,4%-ға, жылқы басы 116,7%-ға, құс басы 112,1%-ға артты. Бірақ 1991 жылғы деңгеймен салыстырғанда ірі қара мал басы 29,5%, қой мен ешкі 47,0%, құс басы 33,4% қысқарып кеткенін байқаймыз.

24 кестеден, 1991-2017 жылдар аралығында мал шаруашылығы өнімдерін өндіру соңғы жылдары жылдан-жылға артып келетінін байқаймыз: мал мен құстардың шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілген (тірідей салмақта) еті, 2017 жылы 2015 жылымен салыстырғанда 1651,1 мың тоннадан 1794,4 мың тоннаға жетті немесе 8,7%-ға, сүт 6,2%-ға, жұмыртқа – 7,7%-ға, жүн - 2,25-ға артқанын, ал бұл көрсеткіштер бойынша 2017 жылы 1991 жылмен салыстырғанда ет өнімін өндіру - 30,3%-ға, сүт - 1,0%-ға, жүн – 62,6% қысқарғанын, тек, жұмыртқа өндірісі 25,2%-ға артқанын байқаймыз.

Кесте 24 – Қазақстанда мал шаруашылығы өнімдерінің жеке түрлерін өндіру

Жылдар	Мал мен құстардың шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілген еті (тірідей салмақта), мың тонна	Мал мен құстардың шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілген еті (сойыс салмақта), мың тонна	Сүт, мың тонна	Жұмыртқа, млн. дана	Жүн, мың тонна
1991	2 573,1	1 524,4	5 556,9	4 075,3	104,4
1995	1 773,8	984,8	4 619,1	1 840,8	58,3
2000	1 054,1	569,4	3 730,2	1 692,2	22,9
2005	1 252,0	675,9	4 749,2	2 514,0	30,4
2010	1 501,2	834,4	5 381,2	3 720,3	37,6
2015	1651,1	931,0	5182,4	4737,0	38,0
2016	1702,0	960,7	5341,6	4757,2	38,5
2017	1794,4	1017,6	5503,4	5103,0	39,0
2017 ж. 2015 ж., %	108,7	109,3	106,2	107,7	102,2
2017 ж. 1991 ж., %	69,7	66,7	99,0	125,2	37,4
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84, 88]					

Мал өнімдерінің 2017 жылы қысқаруының бірден бір себебі 1991 жылдан кейін ұжымшарлар мен кеңшарлардың жойылып, жекешелендіру саясаты нәтижесінде мал мен құс басы санының қысқаруынан болды. Ол мал шаруашылығы өнімдерінің ет өндіру, сүт, жүн өндіру бойынша әлі де 1991

жылғы деңгейге жете алмай келе жатқанын кестеден байқасақ болады. Тек, жұмыртқа өндірісі бойынша құс санының 33,3% ға қысқарғанына қарамастан 2017 жылы Қазақстанда 5103,0 млн. дана жұмыртқа өндірілді, бұл 1991 жылмен салыстырғанда 25,2%-ға артық өндірілгенін көрсетеді.

Соңғы кездерде инновациялық жаңалықтар мен мал шаруашылығына арналған интенсивті технологияларды өндіріске енгізу шаруашылық малдарының өнімділігін айтарлықтай арттырды. Мысалы, сүтті мал шаруашылығында, мал бордақылауда және құс шаруашылығында қарқынды технологияларды жақсы ұйымдастырумен өнімділіктің деңгейі әдетте ауыл шаруашылық кәсіпорындарының дәстүрлі мал шаруашылықтарына қарағанда 2-3 есе жоғары екені анықталды.

Аграрлық сала өндірісін дамытуда, соның ішінде құс шаруашылығы өндірісіне ғылыми жетістіктер мен инновациялық жаңалықтарды ендіру елдің экономикасын дамытуға тікелей әсерін тигізді, екі мамандандырылған: құс шаруашылығында ет өндіру және жұмыртқа өндіру бағыты бойынша құс өндірісі дамыды. Өндірістік кооперация мен интеграциялық бірлесу, шаруашылықаралық қатынастарды дамыту құс шаруашылығындағы қарқынды дамудың маңызды факторлары болды, әсіресе, құс компанияларын өнеркәсіптік негізде инновациялық қайта құру басталды.

Құс компанияларындағы материалдық-техникалық базаны жаңарту, өндірістің шоғырлануымен қатар салалық мамандануды одан әрі дамыту инновацияның жетістіктерін кеңінен қолдануға мүмкіндік берді. Мұның бәрі, өз кезегінде, қысқа уақытта құс компанияларында экономикалық тұрғыда тиімді жүйені құруға мүмкіндік береді.

Сонымен, аграрлық саламен оның құрылымдарында қолда бар ресурстардың әлеуетін іске асыруды қамтамасыз ететін инновациялық жаңалық пен даму бағыттарын айқын таңдауы, жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсудің жаңа үлгісін қалыптастырады. Қолданыстағы инновациялық жаңалықтар, біріншіден, кәсіпорындар мен компаниялардың орнықты экономикалық өсуін, екіншіден, компаниялардағы және тұтастай аграрлық сала өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік жаратады.

Зерттеуде аграрлық сала мен оның құрылымдарында инновациялық қызметтерді қалыптастыру және дамыту қарастырылған. Инновация - экономиканың қарқынды дамуын қалыптастыратын объективті күшті ынталандыру және оның қажетті шарты. Елдің аграрлық саласында инновациялық үрдіс - жаңа идея, өнертабыс, зерттеу нәтижесі негізінде және дамыған кәсіпорындар мен компаниялардың патенттер мен лицензиялар алу, ғылыми-техникалық ақпарат негізінде немесе инноватордың өз жаңалықтары негізінде жүзеге асуда. Инновациялық жетістіктер негізінде «Ордабасы құс» ЖШС өз өндірісінде қайта өңдеуді: күркетауық етін өндіру және бордақылау, оны қайта өңдеу, шұжық және ысталған ет өнімдерін «Дәмді ет» бренді түрінде сатуды зерттеу арқылы жүзеге асырды. Қолданыстағы инновациялық жаңалықтар, біріншіден, кәсіпорындар мен компаниялардың орнықты

экономикалық өсуіне, екіншіден, компаниялардағы және тұтастай аграрлық сала өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік жаратты.

Кесте 25 – Түркістан облысы шаруашылық санаттарында мал өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру

Көрсеткіштер	2015	2016	2017	2017ж. 2015 ж., %
Шаруашылықтың барлық санаттарында				
Ет (тірідей салмақта), тонна	174 787	182 517	192 633	110,2
Сиыр сүті, тонна	653 014	671 610	692 516	106,0
Жұмыртқа, мың дана	276 592	276 592	280 203	101,3
Қой жүні, тонна	7 084	7 025	6 793	95,8
Аграрлық кәсіпорындар шаруашылығында				
Ет (тірідей салмақта), тонна	10 396	12 539	15 959	153,5
Сиыр сүті, тонна	4 252	4 521	7 420	174,5
Жұмыртқа, мың дана	125 985	129 505	143 250	113,7
Қой жүні, тонна	511	461	430	84,1
Шаруа немесе фермер қожалықтарында				
Ет (тірідей салмақта), тонна	4 330	5 013	6 469	149,3
Сиыр сүті, тонна	15 175	16 396	18 433	121,4
Жұмыртқа, мың дана	601	614	546	90,8
Қой жүні, тонна	787	829	782	99,3
Жеке тұрғындар шаруашылықтарында				
Ет (тірідей салмақта), тонна	160 061	164 965	170 205	106,3
Сиыр сүті, тонна	633 587	650 694	666 664	105,2
Жұмыртқа, мың дана	150 005	146 473	136 407	90,9
Қой жүні, тонна	5 786	5 735	5 580	96,4
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84, 88]				

25 кестеде Түркістан облысы мал шаруашылығының өнімдерінің негізгі түрлерін санаттар арасындағы өндіру көлемі және олардың үлес салмағы көрсетілген. Онда соңғы үш жылдың ішінде ет және ет өнімдері (тірідей салмағы мен) көлемі ел ішінде 192,6 мың тн. құраған болса, оның 88,3%, сиыр сүтінің 96,2%, жұмыртқаның 48,6% жеке тұрғындар шаруашылықтарында өндірілді.

Аграрлық саланың объективті және заңды құбылыстарының бірі – өндірісте интеграциялық және кооперациялық бірлесуді дамыту арқылы – шаруашылық аралық құрылымдар құру болып табылады. Аграрлық сала мен оның шикізатын өңдеу өнеркәсібінің экономикалық, ұйымдық бірігуі, интеграциялық дамуының алғы шарттары, еңбек бөлінісі мен еңбектің кооперация мен интеграциялық бірлесу заңына негізделі қалыптасады. Кооперациялық бірлескен кәсіпорындар арасындағы тұрақты, өндірістік, технологиялық, экономикалық байланыстар, өндірісті ұйымдастырудың ерекше түрін білдіреді, өндіріс тиімділігін арттыруға ықпал етеді, кластерлік

негізде интеграциялық бірігіп тұтынушыға бағытталған соңғы дайын өнімді өндіруді тездетеді.

Аграрлық салада шағын және орта шаруа (фермер) қожалықтарын ірілендірудің жаңа үлгісін негіздеп, ұйымдастыру бойынша Қазақстан ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы қабылдаған шаруашылық аралық өндірісті реттеу заңдылықтарын айтуға болады: ол заңдар бойынша ел ішінде тек біріккен және іріленген шаруашылықтарға мемлекет тарапынан қолдау көрсету, субсидиялар беру қарастырылған.

Мал шаруашылығы экономикасын қалыптастыруда шаруашылық аралық инновациялық кооперация тек қана ірілендіріп отырған кәсіпорындардың мүдделерін қорғап қоймай, сонымен бірге барлық аграрлық сала мүддесін де қорғауы тиіс.

Шаруашылықаралық инновациялық кәсіпорындардың мал мен құс шаруашылығы кешендерінде күрделі өнеркәсіптік технология қолданылатыны мәлім. Бұндай технологиялық үрдіс инновациялық кооперациялық бірлестікке енген тұлғалардың нақты өзара әрекет етуін талап етеді, кооперациялық бірлестік мүшесі өзіне бекітілген қызмет бөлігіне жауап береді. Бұған тек қана шаруашылықаралық бірлесіп әрекет ету туралы келісімді заң тұрғысынан сауатты толтырған жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Бұндай келісімнің экономикалық маңызының зор болуына байланысты оны қолданыстағы заңға жеке келісім ретінде енгізуге болады.

Шаруашылықаралық бірлесіп әрекет ету жөніндегі келісімнен басқа малды бордақылау жөнінде үлгілі келісім жасау қажет, өйткені мал бордақылау жөніндегі келісімдер бұрынғы келісімдердің аясына сыймайды және шаруашылық жүргізудің жаңа түрлеріне негіз болады. Мал шаруашылығындағы шаруашылықаралық кооперациялық бірлесу негізінде ірілену қазіргі жағдайларда осы салаға өндірістің индустриалды әдістерін және шаруашылықтардың мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің жекелеген циклдарына мамандандыруды кең енгізу негізінде дамуда. Малды бордақылау жөніндегі келісімдердің заңдық табиғаты туралы әртүрлі көзқарас орын алған.

Мал бордақылау жөніндегі келісімдер кешенді келісімдерге жатады, оларда заңдық табиғатында әртүрлі міндеттемелер кездеседі және үлгілі немесе типтік келісімдердің негізінде реттелуі керек. Ойымызша, мал бордақылау, оларды өсіру, малды қолдан ұрықтандыру жөніндегі шаруашылықаралық кәсіпорындар арасындағы келісім шарттар ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізу туралы келісімдерге қарағанда ерекшелігін ескерген жөн.

26 кестеде Қазақстанда және аграрлық салада экономикалық қызмет түрлері бойынша кәсіпорындардың инновацияларды жүзеге асыруға жұмсалған шығындары, барлығы соңғы үш жылдың ішінде 136,8%-ға, соның ішінде ауыл шаруашылығы саласыда 212,9%-ға артқанын көруге болады. Соның ішінде, ауыл шаруашылығында үрдістік инновацияға кетірілген шығын төрт есеге артқанын байқаймыз.

Кесте 26 – Қазақстанда және аграрлық салада экономикалық қызмет түрлері бойынша кәсіпорындардың инновацияға жұмсалған шығындары, млн. теңге

Жылдар	Инновацияларды жүзеге асыруға жұмсалған шығындар, барлығы	Соның ішінде			Маркетингтік инновацияға	Ұйымдық инновацияға
		Технологиялық (өнімдік, процестік) инновацияларға	Соның ішінде			
			Өнімдік инновацияға	Процестік инновацияға		
1	2	3	4	5	6	7
Қазақстан Республикасы, барлығы						
2015	662 972	655 361	160 168	495 192	384,1	7 227,1
2016	1533765	1528645	203663	1324982	1156,5	4003
2017	907231	899681	228488	671193	635,7	6913,7
2017 ж. 2015 ж.%	136,8	137,2	142,6	135,5	165,5	95,6
Ауыл шаруашылығы саласы						
2015	9 420,6	9 108,8	4 629,1	4 479,6	-	306,5
2016	19904	12896	3049	9647	-	5,3
2017	20058,8	20042,9	2431,8	17611,2	6,1	10,8
2017 ж. 2015 ж.%	212,9	220,0	52,5	393,1	-	3,5
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84, 88]						

2004 жылдан бастап «ФудМастер» компаниясы әлемнің көптеген түрлі елінде 200-ден аса кәсіпорынды біріктірген, жоғары сапалы сүт өнімдерін өндіру бойынша әлемдегі көшбасшы – халықаралық «Лакталис» (Франция) тобына енген инновациялық компания болып табылады және Қазақстан аграрлық саланың сүт бағытындағы мал шаруашылығында жеке тұрғындар шаруашылығы үшін Қазақстанда осы уақытқа дейін жүзеге аспаған. өте маңызды инновациялық кооперациялық бірлесу негізінде жаңа «инновациялық сүт өнімдері кластерін» құрды [96].

Бұл сүт компаниясының жаңа «инновациялық сүт өнімдері кластері» үлгісін Қазақстанның барлық аймақтары мен ауылдық елді мекендері орталықтарында құру және өндіріске өндіру елдің аграрлық саласы экономикасын еселеп арттыруға мүмкіндік жаратуы толық мүмкін. Сол мақсатта «ФудМастер» инновациялық сүт компаниясының ел ішіндегі атқарылып жатқан қызметіне зерттеу жүргізудің маңызы үлкен.

«ФудМастер» инновациялық компаниясы 1995 жылдан бастап, сүт бағытындағы мал шаруашылығын дамытуға өнімдік инновациялары бар ұйымдық үрдіс негізінде Қазақстан үшін «жаңа инновациялық өнім» йогурт өнімін өндіруге өтті. Есік қ. сүт компаниясының цехын жалға алған «ФудМастер» Қазақстанда алғаш болып йогурт өндірісінен бастады.

«ФудМастер» ұйымдық инновациялық компаниясы өндірістік қызметі қолданыста жүзеге асып жатқан, жалпы сапа талаптарына жауап беретін сүтті



қайта өңдейтін инновациялық жоғары технологиясы бар сүтті өңдеу зауыты болып есептелінеді. 2013 жыл – 5 маусымда Бүкіләлемдік қоршаған орта күні қарсаңында халықаралық ақпараттық тобы тұрақты өндіру және тұтыну орталығымен бірлесе отырып Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының түбегейлі тиімділігін (экологиялық және энергетикалық) бағалау нәтижелерін ұсынды.

«ФудМастер» зауыты әдетте ең күрделі болып саналатын шикізат көздерін анықтау және сүтпен қамтамасыз ету мәселесін шешуді қолға алды. Мұндай қиыншылықтармен көбінесе ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу кәсіпорындары тап болады, мұның бірден бір себебі 1990 жылдардан 60 пайызға дейін төмендеп кеткен ауыл шаруашылық өндірісіндегі негізгі құралдар мен техника және жабдықтардың қысқаруынан болатын. Сәйкесінше сүт саласына да өз ықпалын тигізетін ірі қара малдың есеге қысқарып кетуі барлық кәсіпорын үшін оңайға соққан жоқ. Тап осы жағдайды «ФудМастер» компаниясы да бастан кешірді.

Көп ұзамай компания өзінің өндірісін ұлғайту және дамуы үшін инновациялық жаңадан құрылып, оның әрбір дайындық кезеңіне байланысты қажетті шикізат материалдармен қамтамасыз етумен айналысатын сүт өндірушілермен инновациялық кооперациялық бірлесу үрдісін дамытты, компания қысқа мерзім ішінде шаруа (фермер) қожалықтары мен жеке тұрғындар шаруашылықтарынан сүтті жинақтау бойынша арнайы бағдарлама құрды. Қазақстанның төрт аймағында 200-тен аса сүт қабылдау пунктері құрылды. Әр бір пункте құрал жабдықтарды алуға 800 мың доллар несие алды. Сонымен қатар пункте жұмыс істеу үшін тоңазытқыш құрал жабдықтарды құру, сүтті экспресс – талдау, есептік нұсқаларды енгізу және т.с.с. үйрету бойынша мамандар арнайы оқып үйретілді. Нәтижесінде бұл жүйе сәтті өткізілуіне байланысты қазіргі таңда қайта өңдеуге қажетті шикізаттың 70%-ын жеке тұрғындар шаруашылықтарынан жыйып алып отырады.

Күн сайын компанияның сүт өнімдері ұлғайып келе жатыр. Шымкенттегі қайта өңдеу зауытынан басқа Астанада және Қордай поселкесінде компания филиалдары жұмыс істеуде. Бүгінгі таңда заманауи жоғары технологиялы «ФудМастер - Алматы» компаниясы күніне 150 тоннаға дейін сүт өнімдерін өңдеуге қабілетті. Есік қаласындағы контактісіз өндірістің озық технологиялары мен барлық жабдықты автоматтандырылған зарарсыздандыру және тазалау жүйелерінің арқасында «ФудМастер» сүт зауыты жоғары сапалы сүт өнімдерінің мол түрін өндіріп шығарады. Бұл сүт зауыты жаңадан ультрапастерленген сүт өндіретін елдегі алғашқы зауыт болды, аталмыш зауыт швед компаниясының бүкіл әлемге танымал жоғары технологиялы инновациялық «Тетра Пак» желілерінде ультрапастерленген сүт өндіру бойынша Қазақстандағы құрылған алғашқы зауыт есептелінеді.

Астана қаласында құрылған «ФудМастер-Н» («Жаңа Астана») атты кәсіпорын ашылғалы бері жаңа өнімдік инновация негізінде балмұздақ, йогурттік сусындар, йогурт өндіріп сатуды қолға алды.

1998 жылы «ФудМастер» компаниясы құрамынан тағы екі зауыт ашылды: бірі Түркістан облысындағы Көксәйек ауылдық округінде орналасқан сүт – ірімшік зауытының базасынан ашылған «ФудМастер-Шымкент» зауыты болса, екіншісі Қордай поселкесіндегі «Май ірімшік» АҚ-мы болып ашылды. Қазіргі таңда «ФудМастер-Шымкент» зауыты өнімдік инновациялары бар сүзбе, сары май, «ленгерлік», «чечель» сырларын, «брынза» және сүзбе сырларының түрлерін өндіруде, сонымен қатар компания үшін инновациялық «голландық» және «кастромдық», сары май мен сүзбелерді өндірумен айналысады және де қазақстандықтардың талғамы мен сұранысын қанағаттандыруға: айран, қаймақ, «үй» сүзбесі, «Дольче» йогурттері, «БИО-С Имун+» ұйыған сүті сияқты көптеген басқа да инновациялық өнімдер тұтынушылардың көңілінен шығуда [96].

Өндірушілер қатарында жүретін инновацияға бағыталған кәсіпкерлердің көбі қажетті ғимараттарды салумен, жөндеумен, қазіргі заманғы құрал жабдықтарды енгізумен алғашқы қадамдарымен айқындалды. Түбегейлі тиімділіктің жеке компоненттері, атап айтқанда, кәсіпорын тиімділігінің қарқындылығы бойынша «ФудМастер-Шымкент» зауыты көшбасшы болды.

«ФудМастер-Павлодар» зауыты компаниясының құрамында зауыт тарихының басталуы 2009 жыл, - деп саналады, сол жылы Павлодар сүт зауытына ауқымды жетілдіру жұмыстары жүргізілді.

«ФудМастер» компаниясы кәсіпорынды қайта құруға қомақты инвестиция салды, тіпті, ауасына дейін зарарсыздандырылған өндірістік желілер компанияның барлық зауыттарында қолдануда, бұл сақтау мерзімі жоғары табиғи әрі сапалы өнімді өндіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда «ФудМастер-Павлодар» зауыты шын мәнінде, ең заманауи сүт өндіру алаңдарының бірі болып саналады, онда автоматтандырылған өндіру үрдістері мен сапаны арттыру мақсатында көп сатылы бақылау жүйесі енгізілген табысты қызмет етуде.

«ФудМастер» компаниясының Алматы және Павлодар облыстарында орналасқан екі жеке ірі сүт-тауар фермасы бар. Бұл компанияның инвестицияларының арқасында дамып, ірі қара мал басын ұлғайтып келе жатқан екі заманауи сүт кешені, бүгінгі күннің өзінде Междуреченск ауылындағы фермада азықтық жем рационын оңтайландыру және азықтық элементтерді баланысты сақтай жем беру бойынша инновациялық ұйымдастыру негізде бір сауынды сиырдан жылына 6500 литр сүт алынады, бұл республикалық орташа статистикалық көрсеткіштен үш есе артық.

«Междуреченск-Агро» ЖШС – жеке егіндік жерлері бар, жеке азық базасы болуының арқасында сүтінің сауындылығы жоғары Алматы облысындағы ірі сүт кешені. Ферманың жеке суармалы жерлерінде сауынды сиырларды теңдестірілген жем-шөппен қамтамасыз ету үшін жоңышқа, жүгері, бидай, соя және басқа да азықтық дақылдар өсіріледі. Фермада асыл тұқымды қоңыр швиц немесе алатау (Brown Swiss) және голштин (Swiss Holstein) қоңыр сиырлары өсіріледі. Бұл сиырлар көбіне Алматы облысында кеңінен таралған, өйткені Іле Алатауының климаттық жағдайлары бұл тұқымдар үшін керемет қолайлы.

«Киров» ЖШС – жеке егістік және жайылымдық жерлері бар үлкен фермерлік шаруашылық. Шаруашылық жерлерінің жалпы ауданы – 36 000 га, оның – 16 000 га – жайылымдық, ал 12 000 га – егістік жерлер. Фермада өсірілетін жоңышқа, жүгері, сұлы, күнбағыс, арпа және т.б. дақылдар фермадағы 1000-ға жуық бас сиырдан сүт сау мөлшерін арттыруға көмектесетін бірегей азықтық базаны қалыптастырады. Бұл фермада симментал тұқымы (Swiss Simmental) және қызыл голштин (Swiss Red Holstein) деген екі асыл тұқымды сиыр өсіреді.

Қазіргі таңда компанияның өндірістік базасы әлемге танымал Tetra Laval, Nimko, Phoenix сынды бірқатар жаңа технологиялармен жабдықталып. Болашақта «ФудМастер» компаниясы өзінің географиялық шекарасын ұлғайтуды көздеп отыр. «ФудМастер» компаниясының миссиясы: «Фирма жұмысын алға сүрейтін бірден бір күш әрі ең басты құндылығы болып - онда қызмет ететін барлық адамдар», деп атайды. «ФудМастер өз ісінің шебері» атты лозунгіге негізделіп отырып, компанияның ең құнды капитал салымы болып қызметкерлерді оқыту және біліктілік деңгейін жоғарылатуды қолға алған.

Қазіргі таңда «ФудМастер» компаниясы инновациялық даму мақсатында қырықтан астам ассорименттегі өнім түрлерін өндіреді, сонымен қатар компания «Роверси», «Хугарт», «Микстер» сынды әйгілі еуропа елдерінің қазіргі заманғы технологияларымен жабдықталуынан инновациялық жаңа өнім болған, жоғары сапалы әртүрлі сүзбе және ірімшік түрлерін өндіреді.

Компанияда сүттің сапасын анықтайтын экспресс – лаборатория жұмыс істеуде. «ФудМастер» тек қана пайдалы, сапалы өнім», - атты басты концепсиясын қолдануына байланысты өнімді бақылап отыру негізгі стратегиясы қалыптасқан. Сүттің 85%-ын кооперациялық байланыс негізінде (3 мыңдай жеке тұрғындар шаруашылықтары мен шаруа қожалықтарынан) жеке сүт өндірушілерінен, сүт өткізушілерден келісім шарт арқылы алады. «ФудМастер» компаниясы өздерінің қарамағындағы қызметкерлеріне ынталандыру мақсатында уақытылы жалақысын төлеп отырады, көп балалы қызметкерлерге әлеуметтік қосымша көмек көрсету және тағы сол сияқты жағдайлармен қамтамасыз етуді қолға алған.

«ФудМастер – Шымкент компаниясы» өз тауарларын шет елдерге шығаруға мүмкін жарататын ИСО-9000 халықаралық стандартына ие. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында өндірістің тұтынуға бейімделген икемді жүйесіне сай жұмыс жүргізуде.

Яғни, сүт өндірісінің артуы екі жолмен: экстенсивтік және интенсивтік жолмен арту мүмкін. Мысалы, экстенсивтік жол ол сауын сиырлар басын көбейту есебінен артады. Зерттелген кезең аралығында ірі қара мал басының орташа жылдық арту қарқыны 5,1%, ал өнімділігі 1,9%-ды құрады. Оның ішінде ауыл шаруашылық кәсіпорындарының өнімділік көрсеткіштері неғұрлым жоғары (2500 килограмға дейін немесе республикалық орташа деңгейден 13,7%-ға жоғары) болса, шаруа қожалықтарында төмен (1850 кг дейін немесе республикалық деңгейден 12,4% төмен) болуда. Жеке қосалқы

шаруашылықтардағы бір сиырға шаққандағы орташа сүт сауы 2114 кг-ға жетеді немесе шаруа қожалықтарына қарағанда 14,5%-ға артық [96].

Сүтті өндіру көлемі ел шаруашылықтарының барлық санаттары бойынша 2015 жылға дейін қысқарып келген, ал кейінгі жылдары өндіріс көлемі тұрақтанды және өсуі байқалады. Осындай тенденция республика халқының сүтті тұтынуында да орын алды. Оның үстіне, сүт импортының көлемі азайды және осы өнім экспорты едәуір артты.

«ФудМастер» АҚ-ы 2016 жылы 23 мамырда Еуропа Қайта құру және Даму банкі мен «Фудмастер-Трэйд Компаниясы» ЖШС арасында ірі келісім шартқа отыру туралы шешім қабылданды.

Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) елдің агроөнеркәсіптік секторындағы көптеген жеке кәсіпорындарды тартуға бағытталған талпынысында Қазақстанның тамақ өнеркәсібі секторындағы жаңа жобаны қаржыландырады. ЕҚДБ 2016 жылдан бастап әлемдегі ірі сүт өнімдерін өндіруші болып табылатын халықаралық Lactalis тобының бір бөлігі болып табылатын Қазақстандағы озық «ФудМастер» сүт компаниясына 15 млн еуроға тең көлемде теңгемен кредит ажыратты.

Шаруашылық аралық инновациялық кәсіпорындар жасайтын келісімдерде басқа заңдық объект, яғни белгілі бір жұмысты істеу орын алады, мысалы, мал бордақылау, сиырларды етке өсіру, малды қолдан ұрықтандыру және тағы басқалар. Бұл қызметтерді орындау шаруашылық аралық кооперациялық бірлесу, ірілену негізінде жүзеге асады.

Мал бордақылау жөніндегі қызметтердің дамуы жаңа түрдегі келісімнің пайда болуы туралы мәселе қоюға негіз болады, ол келісімді зерттеу тек қана құқықтық емес, сонымен бірге экономика ғылымының да міндеті болып табылады.

Біздің ойымызша, ет және сүт өнімдері бірлестігінің дамуын қолдау және реттеу аясында, сонымен бірге бірқатар келесідей жағдайларды да ескеру керек:

- экономикалық маңызды, қолданыстағы заңға жеке келісім ретінде инновациялық шаруашылықаралық бірлесіп, ірілене қызмет атқаратын мал бордақылау және сүт өндіру бойынша келісім жасауды енгізу;

- аграрлық құрылымдардың шаруашылық аралық кооперациялық байланыстар жасауын реттейтін ережелермен толықтыру;

- Үкіметтің шаруашылықтарара кооперациясы туралы заңына мемлекет тарапынан шаруашылықаралық кооперацияларға жеке қолдау көрсету қағидасымен толықтыру;

- аграрлық сала құрылымдарның қызметін мемлекеттік реттеу және қолдауды олардың ерекшеліктерін ескере отырып, жасау және қабылдау;

- аграрлық салада кооперациялық байланыс негізінде дамыту өндірістің тиімділігін арттырудың басты бағыты екенін ескере отырып, инновациялық жаңа құрылымдардың қалыптасуы мен қызмет етуін реттейтін ережелер жасап шығару керек: ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтің жарғысын; акционерлік қоғамдар мен серіктестіктер арасында бірлестік құру [97].

Сонымен бірге ауыл шаруашылық несие кооперативтері туралы, жеке тұрғындар шаруашылықтары туралы, аграрлық сақтандыру туралы заңдарды әзірлеп, оны қабылдау; салықтық және монополияға қарсы заңға ауыл шаруашылық кооперативтерінің ерекшеліктерін ескеретін өзгерістер енгізу; аграрлық құрылымдардың және қаржылық несие топтардың банк құру ісінің жеңілдетілген тәртібін құру қажет.

Қазақстанда құс етін өсіру еліміздің тамақ өнеркәсібіндегі ең жылдам және серпінді дамушы аймақтардың бірі болып есептеледі. Құс шаруашылықтарын мемлекет тараптан қаржылай қолдаудың арқасында ел ішінде құстар санының өсуі байқалды. Мәселен, 2010 жылдан бастап 2017 жылға дейін елдің құс өсіру саласында оң өзгерістер болды. 2010 жылдан құстар саны 7,1 млн. басқа артып, 2017 жылға қарай 39,9 млн. басқа жетті. Бірақ бұл деңгей 1991 жылмен салыстырғанда 33,3%-ға төмен болғанымен, Қазақстанда 2017 жылы 5103,0 млн. дана жұмыртқа өндірілді, яғни жұмыртқа өндіру 1991 жылғы деңгейге қарағанда 25,2%-ға артқанын байқаймыз.

Түркістан облысының құс өсіретін шаруашылықтарда инновациялық жаңашылдыққа бағдарланған үш бағытта қызмет атқаратын құс компанияларында құсты өсіру нәтижелерін талдау барысында олардағы құсты бордақылау мерзімі әр түрлі екендігі анықталды. Егер құс етінің бордақылау мерзімі (тауық бройлеры) 2014-2017 жылдары аралығында «Инфрастрой ЛТД» ЖШС-де 48 күн болса, «Ордабасы құс» ЖШС-інде күрке тауықтардың бордақылау мерзімі, аталық күрке үшін - 135 күн, сату немесе өткізу орташа салмағы - 20 кг., аналық күрке тауық үшін 105 күнде орташа салмағы 10 кг-ды құрайды (кесте 27).

Кесте 27 – Түркістан облысы құс компанияларының қарқындылық және нәтижелік экономикалық көрсеткіштерін талдау (2014-2017 жж. орташа)

Көрсеткіштер	«Шымкент құс» ЖШС	«Инфрастрой ЛТД» ЖШС	«Ордабасы құс» ЖШС
	Жұмыртқа бағытта	Ет бағытта (бройлер)	Өнеркәсіп негізінде (күрке тауық өсіру)
1	2	3	4
Қарқындылық және нәтижелік экономикалық көрсеткіштері			
Бордақылау мерзімі, күн	64	48	күрке – 135 күрке тауық – 105
Орташа күнделікті өсім, гр.	12	34	күрке – 140 күрке тауық – 100
Бір бастың тапсырыс салмағы, кг	1,5	1,6	күрке – 20 күрке тауық – 10
Азықтық жем шығыны, ц.			
1000 жұмыртқаға:	2,8	-	-
1 ц. ет өсіміне	-	3,2	3,8
Сойылған еттің шығу үлесі, %	63	70	82
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84, 88]			

Құс шаруашылықтарының өндіріс тиімділігінің экономикалық көрсеткіштерін талдау барысында өндірілген құс етінің 1 центнерінің өзіндік құны құс компанияларында әр түрлі тербелісте екендігі байқалады: «Инфрастрой ЛТД» ЖШС кәсіпорында - 490 теңге; «Ордабасы құс» ЖШС күрке тауық өсіретін компаниясында орташа алғанда өзіндік құн 510 теңгені құрайды (кесте 28). Соңғы жылдары «Ордабасы құс» ЖШС-дегі ересек құстардың сақталу үлесі 93% болса, бұл басқа құс шаруашылықтарына қарағанда 4-5% жоғары екенін байқаймыз. Нарықтық экономикада кәсіпорындар өздерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында қарқынды технологияларды қолдануға өтуі қажет [98].

Кесте 28 - Түркістан облысы құс компаниялары өндірісінің экономикалық тиімділігі көрсеткіштерін талдау (2014-2017 жж. орташа есеппен)

Көрсеткіштер	«Шымкент құс» ЖШС	«Инфрастрой ЛТД» ЖШС	«Ордабасы құс» ЖШС
	Жұмыртқа бағыты	Ет бағыты (бройлер)	өнеркәсіп негізінде (күрке тауық өсіру)
1	2	3	4
Құстардың сақталу үлесі көрсеткіштері, %			
Ересек құстардың сақталу үлесі, %	88	89	93
Ересек құстар өлімі, %	6	5	3
Жас балапандардың сақталу үлесі, %	86	87	92
Барлық жастағы құстар өлімі, %	10	9	4
Өндіріс тиімділігінің экономикалық көрсеткіштері			
Өзіндік құны: 10 жұмыртқаның, тг. 1 кг еттің, тг.	150 -	- 490	- 510
Сату бағасы: 10 жұмыртқаның, тг. 1 кг еттің, тг.	175 -	- 570	- 605
Тиімділік деңгейі, %	16,7	16,3	18,6
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84, 88]			

Күрке тауықты етке өсіру мақсатында инновациялық қызметке бағытталған «Ордабасы құс» ЖШС өндірісінің инновациялық оң артықшылықтары төмендегілермен сипатталады: компаниядағы құстардың өсуінің орташа тәуліктік салмағы: күрке - 140 гр., күрке тауық - 100 гр.; ауруларға жоғары тұрақтылық (басқа құстармен салыстырғанда); күрке 135 күнде - 20 кг дейін салмағы жетеді, ал күрке тауық 105 күнде салмағы - 10 кг жетеді; өсіру кезінде күрке мен ересек құстардың сақталу үлесі орташа 93%; Сойылған еттің шығу үлесі тірі салмаққа қатынасы шамамен орташа 80-82% құрайды, мұндай көрсеткіш деңгейі мал шаруашылығы өндірісінде еш бір жануарда кездеспейді; ет өнімін терең қайта өңдеу өнімнің өнімділігі мен тиімділігін айтарлықтай арттырады.

Кесте 29 - Түркістан облысы мен «Ордабасы құс» ЖШС 2014-2017 жж. аралығындағы шұжық және ысталған құс еті өнімдері көлемі көрсеткіштері серпінін талдау

Көрсеткіштер	жылдар				2017ж. 2014 ж. % -да
	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	
Шұшық және ысталған ет өнімдері, барлығы, тн.	630	792	1472	1530	242,8
соның ішінде: құс етінен: «Ордабасы құс» ЖШС, тн.	149	242	615	639	428,8
Шұшық және ысталған ет өнімдері құны, барлығы, млн. тг.	920,1	924,7	1208,1	1345,3	146,2
соның ішінде: құс етінен: «Ордабасы құс» ЖШС, млн. тг.	96,9	126,4	314,4	353,2	364,4
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84, 88]					

29 кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес, облыста инновациялық жетістіктерді қолдана отырып, ет өнімдерін қайта өңдеу көлемі, айта кеткенде шұжық өнімдері мен ысталған ет өнімдерін өндіру 2014-2017 жылдар аралығында 142,8%-ға өсті, орташа жылдық өсімі 47,6%. Сонымен бірге облыста шұжық және ысталған өнімдер құны төрт жыл ішінде 46,2%-ға өссе, құс етінің өңделген өнімдерінің құны 3,6 есе артты. «Ордабасы құс» ЖШС-де шұжық және ысталған ет құны аталған кезеңде 256,3 млн. теңгеге ұлғайды. Мұның бәрі құс етінің жоғары мөлшерде өңделіп, өңірдегі тұтынушыларға сатылып, аймақтан тыс жерлерге экспортталатындығын көрсетеді. Қазіргі уақытта компанияның «Дәмді ет» брендімен шығарылған өнімдері Ресей тұтынушылары арасында үлкен сұранысқа ие.

Сонымен, аграрлық саламен оның құрылымдарында қолда бар ресурстардың әлеуетін іске асыруды қамтамасыз ететін инновациялық жаңалық пен даму бағыттарын айқын таңдауы, жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсудің жаңа үлгісін қалыптастырды. Қолданыстағы инновациялық жаңалықтар, біріншіден, кәсіпорындар мен компаниялардың орнықты экономикалық өсуін, екіншіден, компаниялардағы және тұтастай аграрлық сала өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік жаратады.

Екінші бөлімнің зерттеу нәтижесі бойынша келесі қорытындыны жасаса болады Түркістан облысы аграрлық саласы санаттарында жекешелендіру нәтижесінде, көптеген өндіріс түрлерінің көлемі қысқарды 1991 жылмен салыстырғанда егістік жер 1073,1 мың гектардан 2017 жылы 782,4 мың гектарға қысқарды, немесе 72,9% құрады, соның себебінен аграрлық салада айналымнан шыққан пайдаланбайтын жер көлемі 290,7 гектарға жетті, егіндік жердің аумағы қысқарды.

Зерттеліп жатқан 2017 жылы 2015 жылмен салыстырғанда дәнді дақылдар, бақша және картоп, көкөніс өнімдерінің инновациялық қызметтердің арқасында әр гектардан өндірілген шығымдылығының артуынан өндіріс көлемдері артты.

Қазақстанның оңтүстік аймақтарында елдің мақта ғылыми зерттеу орталықтарында әзірленген инновациялық ерте пісетін «Түркістан» мақта жаңа инновациялық тұқым сортын өндіріске ендіру шитті-мақта дақылының өнімділігін басқа сорттарға қарағанда 10,1 центнерге артық өндіріліп, өндірілген өнімнің көлемі артатындығы анықталды. Бұл жаңа инновациялық мақта тұқымын барлық мақта шаруашылықтарына тарқату және өндіріске ендіру ұсынылады. Бұл облыстағы инновация негізінде құрылған мақта-тоқыма кластерін қарқынды дамытуға экологиялық таза отандық мақта талшығы шикізатымен қамтамасыз етуге мүмкіндік жаратады.

Қазақстанда және аграрлық салада экономикалық қызмет түрлері бойынша кәсіпорындардың ел ішінде сатылған инновациялық өнімдер көлемінен экспортқа жіберілгені соңғы үш жылдағы талдау бойынша 2,6 есеге өскені, ал ауыл шаруашылығы саласы бойынша бұл көрсеткіш 1,4 есе болғаны анықталды.

Келесі 3 бөлімде Түркістан облысында аграрлық инновациялық кәсіпкерлік қызметтерді стратегиялық дамыту бағыттары: тұрғындар шаруашылықтарыара кооперация негізінде сүтті өңдеу бойынша инновациялық кәсіпкерлікті дамыту стратегиясы мен «Ордабасы құс» және ЖШС «Инфрастрой» компанияларында ішкі шаруашылық интеграциясын тереңдету негізінде «жаңа инновациялық өндірісті құру» инновациялық-ұйымдастырушылық түрін қалыптастыру және стратегиялық дамыту жолдары қарастырылады.



### **3 АГРАРЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМА БАҒЫТТАРЫ**

#### **3.1 Тұрғындар шаруашылықтарына кооперация негізінде сүтті терең өңдеу бойынша инновациялық кәсіпкерлікті дамыту стратегиясы**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтар «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» - атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жаңа технологиялар мен бизнес-модельдерді енгізу, агроөнеркәсіп кешенінің ғылымға негізделуін арттыру шаруашылықтарды кооперациялау қажеттігін күшейтеді [1]. Ауыл шаруашылығы субъектілерінің кооператив түрінде жұмыс істеуіне жан-жақты қолдау көрсету керек. Мемлекет бизнеспен бірлесіп, отандық өнімді халықаралық нарыққа шығарудың стратегиялық жолын тауып, ілгерілетуге тиіс» - деп атап өтті.

Бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық аяның әрбір саласының өзінің даму стратегиясы және оны жүзеге асыруға бағытталған салалық бағдарламалар қабылданған. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын жасау әдістемесі салааралық тұжырымдамаға негізделуі тиіс. Бұл тұжырымдаманың мәні салалық ұсыныстарды кеңістіктік келісуі, өзара салалық талаптарды анықтау, және оларды есепке алу бойынша ұсыныстарды дайындауды қамтуы қажет.

Стратегияны дайындау шеңберінде аграрлық сала құрылымдарында, оған қоса өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарына қызмет көрсететін нысандарды шоғырландырудың шаруашылық орталықтары қызметін атқаратын салаларалық және шаруашылықаралық интеграциялық қызмет көрсету орталықтары құрылымдарын құру мәселесін көтеруге болады. Осы тұжырымдаманың іс жүзіне асуы экономикалық іс-шаралар мен қаржылық тетіктерді (белгілі бір уақытқа жеңілдік, салық салу, ссудалар мен несиелер беру) дайындауды талап етеді [99].

Өнімді өндіру және өткізу, сатуды жылжыту жүйесі инновацияны, стратегияны қолдануды ұсынады, себебі ол өнімді өткізудің экономикалық тиімді жолдарын таңдауды, оны бөлуді қамтиды.

Өнімді өндіру және өтімді сату жолдары – бұл өндірістік шаруашылықтар мен өнімді өткізу, өңдеу кәсіпорындарының мүмкін болған инновациялық жаңа үйлесуі, сол арқылы өндірушіден соңғы тұтынушыға тауар жеткізіледі. Өнімді сатуға жылжытудың екі негізгі жолы – тікелей және жанама жолдары қалыптасқан. Жанама жолдары, тікелейден айырмашылығы, тауар жылжытудың тәуелсіз мүшесіне өнімді ауыстырумен байланысты, сонымен қатар, тұтынушыға тауар өндірушілердің басым бөлігі делдалшылар арқылы нарыққа шығады, оларға қызметінің бір бөлігін береді (өтімділікті реттеу, тауарды жетілдіру, бағаға келісу, тасымалдау, қоймаға сақтау және т.б.)

Осындай жолмен, аграрлық сала өнімдерін өндірі және сату жүйесі өзара бір-біріне байланысты технологиялық, материалды-техникалық және ұйымдастырушылық-экономикалық элемент кешендерінен тұрады.

Біріншісіне сату саласындағы жұмыстың орындалуы бойынша инновациялық әдістер жатады – тауар жетілдіру, іріктеу, қораптау, тасу, сақтау және т.б. материалдық-техникалық элементтер (немесе, нарық инфрақұрылымын сипаттайтын) – инновациялық тәсілдер тоназытқыштар, қоймалар, жүкті тиіп-түсіру және транспорттық тәсілдер, ыдыс және орау материалдары; ұйымдастырушылық-экономикалық өнімдерді сату әдісі мен формалары, бағасы, серіктестердің өзара есебі, екі жақтық тауарды сату-алуда, құқығы мен міндеттеме регламенті және т.б.

Өнімнің өтімділігін ұйымдастыру түрінің прогрессивтілігі мен тиімділігі өндірістің баға деңгейімен сипатталады, тұтынушыға дейін өнімді даярлау және жеткізу үрдісімен, оның көлемі мен сапасын сақтаумен байланысты. Мұндай жұмсалған қаражаттар тұтынушыға тауар бағасы 40%-ға жетеді. Қазақстан жағдайында қазіргі кезде ауыл шаруашылық өнімін сатудағы жұмсалған қаржы шамамен 40-50%-ды құрайтын бағада болады. Қаражат мөлшеріне, тауарды жетілдіруге жұмсалған қаражаттан және өнімді тасымалдауда, өтім нарығын үйрену және ол туралы мәлімет алу, келісім шартқа қол қоюмен оны орындаумен және т.б. байланысты.

Аграрлық саланың өнімін бөлудің тиімді тетігін жасау барлық аграрлық маркетингтің қарапайым түрлерін қолдануға маркетингтік инновациялық стратегияны қосқанда, сонымен қатар түрлі деңгейдегі басқарманың маркетингтік қызметінің жүйесін құруда мүмкін болады.

Өнімді өткізу стратегиясы тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыруға көмектеседі, мақсатты таңдайды (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді), арнаулы топтар (олардың сатып алушыларына қызмет көрсету) және нарықтағы сатып алушыларды қамтиды. Барлық сатып алушыларды – бұл өтімділіктің бірінші тобына өнімге меншіктік құқығы өтеді, нарық – бұл түбегейлі нарықты пайдаланушы. Материалдық нәтижеге қарап сату жолдары бағаланады. Бұл баға өтімділіктің сол немесе басқа жолдың дамуына инвестиция көлемін көрсету керек, өтімділік әлеуетін, кіріс және шығыс арақатынасын, бақылаудың жеке мүмкіндіктерін, серіктестіктің шарты, бәсекелестіктің шарты анықталады.

Маркетингтік инновацияны ендіру қажеттігі меншіктіліктің әр түрлі формасының пайда болуына байланысты, олардың арасындағы бәсекелестік, материалды-техникалық қордың және өтімділіктің жолын өнімнің тауар жеткіздірушіге таңдауына мүмкіндік береді. Маркетингтік қызмет мына деңгейде дамуы керек: жеке кәсіпорында; әкімшілік ауданда; республикада; өлкеде, облыста; тұтастай ел ішінде. Көп деңгейлі бірыңғай мақсат шеңберінде шаруашылық субъектілерінің қызығушылығының тәжірибелік келісімі арқылы жүзеге асуы мүмкін [100].

Басқару қызметінің бірқатарын орталықтан жергілікті орындарға ауыстыру маркетингті инновацияны дамытуға жеке кәсіпорынның және бірлестіктің, сонымен қатар ауданды тұтастай аймақты тиімді қызмет атқару ролі – ауданның тиімді дамуын қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық мақсаттың дәліздегі бағытын, аймақтық немесе облыстық деңгейдегі стратегиялық маркетингпен берілген. Стратегиялық аудандық маркетингтің көмегімен орта

құралады, онда кәсіпорын, фирмалар, жеке кәсіпкерлер және ол стратегиялық бағыттағы жалпы бағытты, бірақ, әкімшіліктің мәжбүрінсіз ынталандырып отырады [101].

Стратегиялық аудандық маркетингін қалыптастыру шарты мыналар болып табылады:

– басқару қызметінің нақты бағыты және облыстың орталық пен аудан аралығындағы жауапкершілік;

– барлық облыс аумағының экономикалық және құқықтық тұтастығын бақылай отырып дербес даму бағдарламаларының болуына аудандарға құқық беру.

Аудандық деңгейде маркетингтік инновацияны жасау мақсатты белгілеуді және қажетті шектеуді ұсынады. Нақты жағдайды қорытындылай келе, қазіргі кезеңде анықтаушы мақсаты аграрлық нарықтың өндірістік-экономикалық қатынасының бір қалыпқа келуі, кәсіпорын және аудандағы шаруашылықтардың қаржылық сауықтандырылуы, халықты жұмыспен қамсыздандырылуы тиіс.

Маркетингті елдердің алғашқы бағыттары болып өтімділік мәселесін шешу және аграрлық нарықтың субъектілерінің нәтижелі экономикалық өзара әрекетінің реттелуі шаруашылық механизм жағдайында және елде қоғамдық өндірісті ұйымдастыруда тік түрдегі өтімді (сауда) кооперативтерін құру болып табылады.

Өнімді өткізу бойынша кооперация, шаруашылық субъектілерінің өзара әрекет әдісі ретінде көптеген артықшылыққа ие:

– кооперация көмегімен ұйымдық инновацияға кооперациялаушы өндірушілердің жеке жұмсаған қаржыларын үнемдеу (өнімді сақтау және сатудағы көліктік және мамандану есебінен өнімділікті жоғарылату);

– кооперация кооператив мүшелерін кез-келген басқа өтімді құрылымдардың, сонымен қатар олардың қызметіне қандай да бір араласудан қорғайды;

– кооперация ауыл шаруашылық тауар өндірушілері жеке өзі айналыса алмайтын (мысалы, нарықты зерттеуді жүргізу, өнімді сақтауды және оны сату тиімділігін жасау) шаруашылық қызметімен айналысуға мүмкіндік береді [102].

Өтімді кооператив ұйымдық инновацияға тауар өндірушілердің өзінің шаруашылық дербестігін жоғалтпай экономикалық қызметінің жеке жақтарын біріктіреді. Тауар өндірушілер жеке меншік кәсіпорын құқығының иесі ретінде өндірушілерді біріктіреді. Мұндай кооператив мүшелері болып жеке тұлға, заңды тұлға болып табылады (соның ішінде акционерлік қоғамдар, серіктестіктер, ауыл шаруашылық кооперативтері және т.б.).

Аграрлық сала өнімінің өтімділігі бойынша ұйымдық инновацияға кооперация негізде қалыптастыру пайшыларға, әсіресе, шаруа (фермерлік) және жеке қожалық шаруашылықтарға, өнімді сатуда шығынды қысқарту, оның сапасын сақтау және экономикалық ең тиімді деңгейін алуға мүмкіндік береді. Бұл делдалшыларды ең кіші көрсеткішке жеткізу арқылы өндірушілерді тұтынушыларға өнімді жеткізуге қатысу негізінде жүзеге асады.

Қазіргі кезеңде кооперативтер бүкіл әлем бойынша бір-бірімен бәсекелесуші нарықта жұмыс істейді. Кооператив ұйымның көмегімен баламалы коммерциялық құрылымдарға қыйын жағдайларды жеңілдетіп нарықтық тетіктің қағидасында әрекет ететін ұйымдар белгілі нарықтың секторында едәуір әлсіз құрылымдарға белгілі қорғанысты қамтамасыз етеді.

Сүт кешеніндегі ең көп тараған өндірістік типтегі кәсіпорындарға өндірістік кооперациялық бірлескен құрылымдар жатады. Сүт шаруашылықтары сүт сатып алу, сүтті қайта өңдеу және сүт өнімдерін сатумен айналысатын шаруашылық аралық кооперативтер құру арқылы циклді тұйықтайды. Кооперациялық ұйымдастыру жүйесінде асыл тұқымды мал шаруашылықтары да бар, олар тауарлы сүт және шаруа (фермер) шаруашылықтарды жоғары сапалы жас малмен қамтамасыз да етеді. Кооперативтік шаруашылықтың негізгі мал табындарын қалпына келтіру үшін шаруашылықтар аналық сиырлардың орнын басатын бағытта бұзауларды өсіру кооперативтерін құру қажет.

Жақын келешекте ет және сүт беретін мал шаруашылығы, шаруашылықтар экономикасында басты орын алатын болады. Қазіргі жағдайда мал шаруашылығын шоғырландыру мен мамандандыруды іске асыру әртүрлі формаларда жүзеге асады. Тиімділік бағалау көрсеткіші ретінде ең жоғары экономикалық тиімділік беретін кооперациялық байланс түрі алынады. Тереңдетілген мамандандыру дегеніміз бұл сүт және ет беретін мал шаруашылығын интенсивтендіруге мүмкіндік беретін кооперациялық байланысты ұйымдастыру және технологиялық жағдайлардың кешенімен тығыз байланысты мақсатты және жоспарлы үрдіс. Бұл жағдайда қазіргі кезде мамандандыру мен шоғырландыруды толыққанды жем базасын, баланстанған азықтандыру типін, мал ұстаудың озық технологиясын, мал басының жоғары сапалы болуын, негізгі өндірістік қорлармен тұрақты түрде қамтамасыз етуді, фермаларды кешенді түрде механикаландыруды, яғни мал шаруашылығын жүргізуді интенсивтендірудің кешенді факторларын ұйымдастырусыз мүмкін емес.

Мал шаруашылығын мамандандыру мен шоғырландыру сүт пен етті өндірудің жалпы өнім көрсеткіштерін арттырып, олардың өзіндік құнын төмендетумен қатар жүруі керек. Бұл үшін, облыс көлемінде жүргізілген зерттеулер көрсетіп отырғанындай, мал шаруашылығы өнімдерін өнімдерін өндірудің тиімді технологияларына көшу керек. Оның ішінде сүт өндірісінде сауынды сиыр саны 200 бастан бастап, сиыр сүті өнімділігін 3000 кг аз емес көлемде өсіруге мүмкіндік берер еді.

Мал басы санын қалпына келтіруді көбінесе өз төлдері есебінен жүргізу жоспарлануда. Сиырларды пайдаланудың орташа мерзімін ұлғайтудың қағидасы бағытына сүт фермаларын осы фермадағы мал ұстау жағдайларында өсірілген жас төлдермен толықтыру жатады. Оны арнайы өсіру мал басының өнімділік және технологиялық қасиеттерін айтарлықтай жақсартып, өндіріс тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеулер көрсетіп отырғанындай, өсіру мерзімі 2-4 айға қысқарып, малшылардың еңбек өнімділігі 1,3-2,0 есеге дейін өседі, қысыр сиырлардың өзіндік құны оларды негізгі табынға ауыстыру кезінде айтарлықтай төмендейді, ересек сиырлардың сүт өнімділігі артады. Алғаш бұзаулайтын тұмса сиырларға назар көбірек аударылатын болады. Олардың өнімділігін жоғарылату үшін буаздықтың екінші жартысындағы оларға күтім жасау, бұзауларды өсіру мен бағудың маңызы үлкен. Бұл жұмыстар маманданған фермаларда табысты жүргізіледі. Сауылатын алғаш бұзаулаған құнажындар осындай фермалардан кейін келіп түскен соң сауу нормасының жоғарылығымен және өнімділігін қолдану мерзімінің ұзақтығымен ерекшеленеді.

Мал басының құрылымдық ерекшелігін ұйымдастыру экономикалық шаралар кешенінің бір элементі болып табылады, мал шаруашылығының жалпы және тауарлық өнімділігінің, мал басы санының өсуін есептеу, жемге қажеттілікті анықтаудың, қызметкерлер саны мен еңбек ақы төлеу қорын, негізгі табынның құрылымын оңтайлатуға және асыл тұқымды мал сатып алуға кететін шығынды есептеуге, сүт пен еттің өзіндік құнын және шаруашылықтың қаржылық жоспарын есептеуге негіз болады.

Сүт кластерін дамытуда шаруа (фермер) шаруашылықтары және жеке тұрғындар шаруашылықтары мен «ФудМастер» инновациялық компаниясы арасындағы кооперациялық және интеграциялық байланыстың маңызы үлкен. «ФудМастер» ұйымдық инновациялық кәсіпорын өндірістік қызметі қолданыста жүзеге асып жатқан, жалпы сапа талаптарына жауап беретін жеке тұрғындар шаруашылықтары арасындағы кооперация негізінде интеграциялық келісім шартпен байланысқан сүтті өңдейтін инновациялық жоғары технологиясы бар Қазақстанда құрылған ең алғашқы сүтті қалдықсыз терең өңдейтін «инновациялық кооперациялық кәсіпкерлік» екендігі анықталды.

Біздің ойымызша, «инновациялық-кооперациялық кәсіпкерлік» бұл жаңа жеке тұрғындар шаруашылықтарыара инновациялық кооперациялық бірлесу негізінде шикізаттық өнімді жию және оны қайта терең өңдеуді инновациялық ұйымдастырған жаңа үлгіде қызмет атқаратын кәсіпорындар деп тұжырымдама жасауға болады.

Еңбек өнімділігін арттыру мен өзіндік құнды төмендетудің маңызды факторына мамандандыруды тереңдету мен шоғырландыру деңгейін арттыру жатады. Мамандандырылған кәсіпорындарда кешенді механизация ендіру, автоматтандыру технологиясын құру, озық технология ендіру, өндірісті кеңейту және еңбек өнімділігін арттыруда, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге жағдай жасайтын мүмкіндіктер жаратылады. Сүт бағытындағы мал шаруашылығын инновациялық жанасу негізінде мамандандыру есебінен сүттің тауарлылық деңгейін айтарлықтай арттыру компания үшін стратегиялық даму жоспары болып отыр.

«ФудМастер» компаниясының негізгі міндеті Қазақстандағы сүт өндірісін тұрақты дамыту және республика халқын әлемдік сапа стандарттарына сай табиғи ингредиенттерден дайындалған инновациялық өнімдермен үздіксіз қамтамасыз етуді жолға қою болып табылады.

«ФудМастер» компаниясы қолданып жатқан өндірістік, үрдістік, өнімдік, маркетингтік инновациялардың экономикалық мәні біздің ойымызша төмендегі анықтамалармен тұжырымдалады:

1) Өндірістік инновациялар жаңа өнімдерде, қызметтерде немесе өндірістік үрдістің технологияларында іске асырылады немесе жаңа өндірісті құру, өндірістік үрдіске жаңа элементтерді енгізуді білдіреді.

2) Үрдістік инновациялар - бұл тауарларды (қызметтерді) өндірудің немесе жеткізудің жаңа немесе едәуір жақсартылған әдісін енгізу. Бұл өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталған технологиядағы, өндірістік жабдықтардағы елеулі өзгерістерді қамтиды.

3) Өнімдік инновациялар - техникалық, қызметтік, тұтынушылық сипаттамалары бар жаңа немесе едәуір жақсартылған немесе жетілдірілген материалдарды пайдалана отырып өндірілген тауарлар мен өнімдерді өндіруден тұрады. Инновациялық өнімдер (қызметтер) кәсіпорын үшін жаңа немесе жақсартылған болуы тиіс.

4) Маркетингтік инновациялар - бұл компанияда жаңа маркетингтік тұжырымдамаларды немесе стратегияларды қолдану. Өнімнің дизайнында немесе қаптамасында, өнімді орналастыруда, нарықта жылжытудың жаңа тәсілдерін қолдану немесе баға белгілеуде айтарлықтай өзгерістер болуы мүмкін. Олар сондай-ақ азық-түлік, ет және ет өнімдері үшін олардың сыртқы түрі үшін шешуші мәнге ие орамдағы өзгерістерді қамтиды [103,104].

Кесте 30 - Қазақстанда және аграрлық салада экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде инновация түрлері бойынша кәсіпорындар саны, бірлік

Жылдар	Инновацияның 4 түрінен біреуіне ие болған кәсіпорын саны	Өнімдік инновациялары бар кәсіпорын саны	Процестік инновациялары бар кәсіпорын саны	Маркетингтік инновациялары бар кәсіпорын саны	Ұйымдық инновациялары бар кәсіпорын саны	Инновацияның барлық 4 түріне ие болған кәсіпорын саны
Қазақстан республикасы, барлығы						
2015	2585	976	1360	505	835	50
2016	2 879	856	1 300	720	1 235	49
2017	2974	843	1316	705	1029	70
2017 ж. 2015 ж. (+,-)	389	-133	-44	200	194	20
Ауыл шаруашылығы саласы						
2015	134	43	90	16	32	2
2016	144	35	96	7	45	3
2017	220	45	153	21	75	11
2017 ж. 2015 ж. (+,-)	86	2	63	5	43	9
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84, 88]						

30 кестеде Қазақстан және оның аграрлық саласындағы шаруашылықтарда экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде инновацияны ендірген және қызмет атқару түрлері бойынша кәсіпорындар мен шаруашылықтардың санына талдау жасалынған. Онда инновацияның 4 түрінен біреуіне ие болған кәсіпорындардың саны Қазақстан бойынша соңғы үш жылда 389 бірлікке артқаны, ал ауыл шаруашылығы кәсіпорндары 86 бірлікке көбейгенін кестеден көреміз, соның ішінде процестік инновациялары бар кәсіпорындардың саны 63 бірлік, ұйымдық инновациялары бар кәсіпорындар мен шаруашылықтардың саны 43 бірлікке артты. Бұл елдің аграрлық саласында соңғы кездері инновациялық жаңалықтардың барлық түрлерін өндірісті дамыту және оның белсендігін арттыру үшін өндіріске ендіруді жүзеге асырып жатқанын байқасақ болады.

«ФудМастер» зауыты аграрлық салада экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде инновация түрлері бойынша инновацияның 4 түрінде қамтыған кәсіпорындар қатарына жатады, яғни, өнімдік инновациялар мен процестік инновациялар, маркетингтік инновациялар мен ұйымдық инновацияларды өз ішіне қамтыған.

«ФудМастер-Шымкент» ЖШС сүтті қайта өңдеу өндірісі қалдықсыз технология негізінде қызмет атқару мақсатында төмендегі 12 бірлік өнімдік инновацияларды жүзеге асырды: тұрғындардан кооперация негізде сүт жию қызметтері, сүт және сүт өнімдері, «БИО-С Имун+» ұйыған сүт өнімдері, қаймақ, сливки, сметаналар, айран, кефир, «Дольче» йогурттері, сары май, «голландық», «ленгерлік», «кастромдық», «чечель» сырлары, ірімшік, «үй» сүзбесі т.б. өнімдері, балмұздақ ассортиментері өнімдері, сүт ұнтағы өнімі, қоймадағы сүт өнімдерін сақтау қызметтері, дүкенде сүт өнімдерін сақтау өнімдік (қызметтік) инновацияларды жүзеге асыру мәселелері қолға алынды.

Бұл сүт өңдеу компаниясы 31 кестеде көрсетілгендей маркетингтік инновацияларды ендіру (нарықта сату) бойынша барлығы 14 бірлікті құрады, олар: шаруа, тұрғындар сүт нарғын құру, баға белгілеу, сатып алу, буып-оралған сүт, буып-оралған ұйыған сүттерді сату, буып-оралған мұздатылған қаймақ, буып-оралған айран, йогурттар, буып-оралған мұздатылған сары май, буып-оралған мұздатылған сырлар, буып-оралған мұздатылған ірімшік, сүзбе, мұздатылған балмұздақ; тоңазытылған балмұздақ, қорапта сүт ұнтағы; көтерме саудада сату; интернет желіде сату (ұсыныс), фирма дүкендерінде сату, жаңа жарнамалар, бренд имиджі, көтерме сауда, тікелей сату, ет өнімдерін сату кезінде баға белгілеудің жаңа маркетингтік стратегиялары қолданылған.

Қазіргі таңда «ФудМастер» компаниясының Қазақстандағы үш зауытында күніне 330 тоннаға дейін үрдістік инновациялар негізінде сүт өнімдерін өңдеуді жүзеге асырған. Одан басқа маркетингтік инновация негізінде құрлған 16 сауда филиалы және екі жеке сүт-тауар фермасы қызмет атқаруда. «ФудМастер» компаниясы Қазақстан нарығында сүт өнімдерін өндіру бойынша көш бастап келеді, сондай-ақ республика аумағында көптеген жаңа инновациялық сүт өнімдері түрлерін өндірісте алғаш болып іске қосқан да осы компания.

Компания қызметкерлері өздерінің біліктілігін арттыру мақсатында оқу үрдістері мен стажировкаларын Еуропа, АҚШ және де басқа шет елдерде оқып келуде. Компанияның тағы да бірден бір басты қағидаларының бірі– бұл тек қана сапалы өнім түрлерін шығару, сондықтан өнеркәсіп өнімдерінің шикізат ретінде өндіріске түскеннен, қайта өңделіп, дайын өнімді дүкендерге сату кезеңге дейін жүретін барлық іс әрекеттерге мұқият түрде бақылау жасайды [105]. Қазақстандағы ИСО-9000 халықаралық стандартын ең алғаш енгізген компания ретінде, компания халықаралық стандарт бойынша тиімді басқару сапалы өнімді шығарудың бірден бір кепілі болып келеді.

Кесте 31 – «ФудМастер» ЖШС сүтті қайта өңдеу өндірісінде «өндіру-өңдеу-сату» технологиясы бойынша жүзеге асырған және болашаққа ұсынылатын инновация түрлері

р/с №	Өндірістік және үрдістік инновациялар	Өнімдік (қызметтік) инновациялар	Маркетингтік инновациялар (нарықта сату)
1	2	3	4
1	Шаруа және тұрғындар қожалығынан кооперациялық келісім-шартпен сүт жию	№ 1 тұрғындардан кооперация негізде сүт жию қызметтері	№1 шаруа, тұрғындар сүт нарғын құру, баға белгілеу, сатып алу
2	Сүт және сүт өнімдері өндірісі	№ 2 сүт және сүт өнімдері	№ 2 буып-оралған сүт
3	Сүтті ұйыту өндірісі	№ 3 «БИО- С Имун+» ұйыған сүт өнімдері	№ 3 буып-оралған ұйыған сүттерді сату
4	Қаймақ, сметана өндірісі	№ 4 қаймақ, сливки, сметаналар	№ 4 буып-оралған мұздатылған қаймақ
5	Айран, йогурттер өндірісі	№ 5 айран, кефир, «Дольче» йогурттері	№ 5 буып-оралған айран, йогурттар
6	Сары май өндірісі	№ 6 сары май	№ 6 буып-оралған, мұздатылған сары май
7	Сыр өндірісі	№ 7 «голландық», «ленгерлік», «кастромдық», «чечил» сыры	№ 7 буып-оралған, мұздатылған сырлар
8	Сүзбе, брынза өндірісі	№ 8 ірімшік, «үй» сүзбесі т.б. өнімдері	№ 8 буып-оралған, мұздатылған ірімшік, сүзбе
9	Балмұздақ өндірісі	№ 9 балмұздақ ассортиментері өнімдері	№ 9 мұздатылған балмұздақ; № 10 тоңазытылған балмұздақ
10	Сүт ұнтағы өндірісі	№ 10 сүт ұнтағы өнімі	№ 11 қорапта сүт ұнтағы;
11	Көтерме сауда торы, қоймалар	№ 11 қоймадағы сүт өнімдерін сақтау қызметтері	№ 12 көтерме саудада сату; № 13 интернет желіде сату (ұсыныс)
12	Бөлшек сауда, дүкендер	№ 12 дүкенде сүт өнімдерін сақтау қызметтері	№ 14 фирма дүкендерінде сату;
Барлығы			
	Өндірістік инновация - 12 бірлік	Өнімдік (қызметтік) инновация -12 бірлік	Маркетингтік инновация - 14 бірлік
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [106]			



7 суретте «ФудМастер» компаниясының аймақтағы жеке тұрғындар шаруашылықтары мен шаруа (фермер) қожалықтары және ауылшаруашылығы кәсіпорындарынан сүт өнімдерін алуы бойынша инновациялық кооперациялық байланыстарының суреттемесін байқайтынымыз, сүт өнімдері нарығының барлық субъектілерін төрт топқа біріктіргені анықталды:

- сүтті өндірушілер – ауылшаруашылық кәсіпорындары, шаруа (фермер) қожалықтары және жеке тұрғындар шаруашылықтары;
- сүтті алғашқы жинаушылар – сүтті жинаумен және алғашқы өңдеумен айналысатын ұйымдар;
- сүт ресурстарын соңғы сатып алушылар – сүт өңдеуші кәсіпорындар;
- сүт және сүт өнімдерін соңғы тұтынушылар – тұрғындар мен әр түрлі ұйымдар [107].



Сурет 7 – Сүтті терең қайта өңдеуді құруда «ФудМастер» компаниясының аграрлық санаттармен шаруашылықтарына инновациялық кооперация байланыстары сызбасы.

Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [102, 107]

Сонымен қатар, бұл бәсекелестікті және әлеуметтік қорғау қағидаларын сақтауды мемлекеттік реттеу жүйесі бақылап отырады. Қайсы нарық түрі болмасын, олардың барлығы да мемлекеттік реттеу объектілері болып

табылады, ал болашақтағы дамуы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының бір бөлігі ретінде анықталады.

Қазіргі уақытта зерттеудің негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығы кәсіпорындары дамуының жоғары қарқынын қамтамасыз ету, ал болашақта – тұтынушылар нарығындағы олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Сүт және сүт өнімдері нарығының қалыптасуы мен дамуы тағы да мемлекет тарапынан реттелуге тиіс инфрақұрылымның жағдайына, маңызына және жетілгендігіне байланысты. Тұрғын халықтың төмен төлем қабілеттілігі жағдайында, импортталған шетелдік сүт өнімдері отандық өнімдерге айтарлықтай бәсеке тудыратынын ескеру қажет. Сондықтан, Қазақстандық сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін әлемдік стандарттарға бейімделген және сыртқы нарық талаптарына сай өнімдер шығару жолымен арттыруға болады.

Негізінен сүт өндіру және өңдеу аясында жүргізілетін саясат мағыналы сипатта болуда. Аграрлық сала өндірісі мен өңдеуші кәсіпорындардың кезең-кезең қайта жарақтануы негізінде елдің азық-түлік қажеттілігін қанағаттандыратын және жоғары экспорттық әлеуетке ие заманауи бәсекелес өндіріс қалыптасуда.

Сүт және сүт өнімдері нарығын реттеу жүйесін қалыптастыруда әрбір сектор үшін де нарықтық ортаны, өнімнің ерекшелігін, бағасы мен нарық инфрақұрылымды ескеру қажет. Сүт және сүт өнімдері нарығының ең негізгі сипатты ерекшелігі тұтынушылармен тікелей байланыста болатын бөлшек сауда нарығы болып табылады. Бөлшек сауда кәсіпорындары сүт өнімдерінің көлемі, құрылымы және бағасын қалыптастырып қана қоймай, сұраныс пен аграрлық саланың тиімділігіне де тікелей әсер етеді.

Сүт және сүт өнімдерімен қатар, азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етуіне жету үшін мемлекетте халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін көлемде сапалы өнімді өндіру қажет және ел аумағында өндірілген өнімдердің экономикалық қол жетімділігі кепілдендірілуі қажет. Елде сүт өнімі бойынша өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі халықтың жан басына шаққандағы оның нақты өндірісі тұтынудың қолданбалы мөлшеріне жетпейді, яғни қамтамасыз етудің деңгейі нормативтіден төмен.

Соңғы жылдары ел экономикасына маңызы бар сүт өндірісінің тұрақты артуы байқалады. Өндіріс қарқынының артуы шаруа қожалықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтарда, ал төмендеуі ауылшаруашылық кәсіпорындарында байқалады. Бұл сүт өндірісін орталықтандырылмаған ұсақ шаруашылықтарға таратып жіберудің тиімсіз екенін көрсетті.

Бір адамға шаққандағы сүт және сүт өнімдерін тұтынудың мөлшері соңғы жылдары тұтынудың минималды стандартынан артқанымен, ғылыми негізделген мөлшерлемелерге сай емес. Сүт саласының үлесіне жалпы өндіріс көлемін ақшалай есептегенде өндірілетін өнімдердің 16 пайызы тиесілі. Әлемде сүт өнімдерін өндіру жылына орташа есеппен 1,8-2,2 пайызға артуда. Мұндай жағдайда сүт өнімінің көлемі ғана емес, сонымен қатар оны өңдеу көлемі де бағаланады, яғни, бұл сүттің тауарлық көрсеткіші.

Сүт өндірісінің экономикалық тиімділігі әр түрлі әсер етуші өлшем қасиеттерімен және өндірістік ресурстарымен қамтылған жүйелі көрсеткіштермен көрсетілген. Олардың ішінде негізгілері: бір сиырдан сауылатын сүт; 100 сиырға шаққандағы бұзау саны; 1ц сүт өнімге еңбек шығыны; сүтті мал шаруашылығындағы еңбек өнімділігі; өнімнің бір өлшемінің өзіндік құны; сүтті өткізуден түскен пайда; өндірістің пайдалылық деңгейі.

Компания ЕҚДБ кредитін инновациялық идеяларын жүзеге асыру мақстанында үш сүт өңдеу зауытын жетілдіруге, жаңа сүт қабылдайтын пункттерді салуға және екі жеке тауар-сүт фермасын жабдықтауға жұмсады. Сондай-ақ сүт тасыйтын көліктер мен жүк автокөлігі рефрижераторларының паркін ұлғайту және айналымдағы капиталды қаржыландыру жоспарын жүзеге асырды. Бұл инновациялық инвестициялық бағдарлама «ФудМастер»дің өндіріс көлемін арттыруға, елдің сүт өнімдерін озық халықаралық стандарттарға сәйкес жақсартуға, сондай-ақ елдегі тұтынушыларға арналған сүт өнімдері түрлері мен олардың ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік береді.

ЕҚДБ өнеркәсіп, сауда және агробизнес бойынша басшысы Жиль Меттетал «Біз Президент ірімшігі және майы сияқты атақты брендтермен танымал Лакталис (Lactalis) компаниясының Қазақстан тұтынушыларына жоғары қосымша құнмен сүт өнімдерін жеткізу көлемін ұлғайтуға деген ұмтылысына қолдау көрсеткенімізге ризамыз», - деп атап өтті.

«Лакталис – ФудМастер» Қазақстанның бас директоры Арман Алдабергенов «Бұл жобаның компаниямыз үшін маңызы зор. Lactalis-тің бүкіл әлем бойынша саясатына сәйкес, инвестициялардың барлығы сүт қабылдайтын пункттерді дамытуға, қазіргі таңда фермадан бөлшек саудаға дейінгі барлық кезеңдердегі сапаны бақылау жүйесі бар Қазақстандағы сүт өнімдерін өндіретін ең заманауи кәсіпорындар болып табылатын үш зауыттың барлығын әрі қарай жаңартуға бағытталады. Бұл қадамдардың барлығының мақсаты бір: тұтынушыларды табиғи сүттен өндірілген жоғары сапалы сүт өнімдерімен қамтамасыз ету және Лакталис өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру», - деп атап өтті.

ЕҚДБ Қазақстанның сүт саласын тікелей қаржыландырумен қатар, Фудмастердің кәсіби ноу-хауға кіруіне қолжетімділік беріп отыр. ЕҚБД БҰҰ-ның (ФБА) азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымдарымен бірге Қазақстандағы сүт өндіру және жинауды жетілдіру бойынша жеке компанияларымен техникалық кооперациялық байланыс жасау бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті. Бағдарлама аясында жануарларды азықтандыру, ауылшаруашылық өндірісін басқару, сапа стандарттары және жинау жүйесі бойынша тренингтер өткізді. Олардың мақсаты – жергілікті өндірушілерге сүтті өңдеу үрдістерін жақсартуға көмектесу. «ФудМастер» компаниясы осындай кейбір инновациялық технологияларды енгізуді бастады.

Бұл бөлімді қорыта келгенде экономиканың жеңілдетілген шарттары, шиттізатқа қолжетімділік, нарықтар, адами ресурстар, инфрақұрылым, төмен шығындар және тұрақты инвестициялық ахуал сияқты факторлар ЕЭА табысты

дамуына ықпал етті. «Оңтүстік» инновациялық идеясын жүзеге асыру елдің ішкі жалпы өніміндегі тоқыма өнеркәсібінің үлесі, отандық өнімдердің бағалары мен сапасы бойынша бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін жоғары технологиялық өндірістерді құру, салаға инвестициялар тарту және кәсіпорындарды несиелеу үшін жағдай жасау, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырады, бұл оның әлемдік экономикаға интеграциялық бірлесуіне ықпал етеді.

Әлемнің әртүрлі елдеріндегі аграрлық саланы қолдауға бағытталған тәжірибе көптеген елдер субсидия мен дотация арқылы аграрлық сала өндірісін қолдаудың негізгі құралы ретінде көрсетті. Жетекші аграрлық елдердің ағымдағы даму үрдістеріне талдау жасалды Қазақстанның аграрлық саласының одан әрі дамуы мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттыру және дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы аграрлық сала өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталуы тиіс.

Қорыта келгенде маркетингтік инновацияны ендіру қажеттігі меншіктіліктің әр түрлі формасының пайда болуына байланысты, олардың арасындағы бәсекелестік, материалды-техникалық қордың және өтімділіктің жолын өнімнің тауар жеткіздірушіге таңдауына мүмкіндік береді.

Сүт кластерін дамытуда шаруа (фермер) шаруашылықтары және жеке тұрғындар шаруашылықтары мен «ФудМастер» инновациялық компаниясы арасындағы кооперативтік және интеграциялық байланыстың маңызы үлкен. «ФудМастер» ұйымдық инновациялық компаниясы өндірістік қызметі қолданыста жүзеге асып жатқан, жалпы сапа талаптарына жауап беретін шаруа (фермер) шаруашылықтары және жеке тұрғындар шаруашылықтары арасындағы кооперация негізінде интеграциялық келісім шартпен байланысқан сүтті өңдейтін инновациялық жоғары технологиясы бар, Қазақстанда құрылған ең алғашқы сүтті қалдықсыз терең өңдейтін «инновациялық кооперациялық кәсіпкерлік» екендігі анықталды.

«ФудМастер» ұйымдық инновациялық кооперациялық компаниясының шаруа (фермер) және жеке тұрғындар шаруашылықтарыара кооперация негізінде интеграциялық байланысқан сүтті терең қайта өңдеп жатқан өндірістік тәжірибесін Қазақстанның барлық аймақтарына ендіру және құру ұсынылады.

### **3.2 Интеграциялық өсу стратегиясы негізінде құс шаруашылығында инновациялық кәсіпкерлік қызметтерін дамыту**

Аграрлық салада кластерлік технологияларды пайдалану саланы инновациялық-инвестициялық дамытудың болашақтағы бағыты болып табылады. Аграрлық өнеркәсіп құрылымдары үшін инновациялық қызметтің нәтижесі аса маңызды, себебі жаңа өнімді шығарғаннан кейін өнімділік тез қарқында өседі.

Фирманың өнімділігіне инновациялық қызмет барынша оң ықпалын тигізеді. Зерттеушілердің пікірі бойынша инновацияны ынталандырудың ең тиімді жолдарының бірі – елдің экономикалық салаларындағы ірі

кәсіпорындарды дамыту болып табылады, жалпы айтқанда, осы кәсіпорындарға қызмет көрсететін ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарды қалыптастыруды өз зерттеулерінде ұсынады.

Инновациялық қызмет өзінің оң нәтижесіне тек сонда жетеді, егер ол ұтымды түрде ұйымдастырылған болса, бұған дамыған елдердің тәжірибесіде дәлел, олар негізінен өңірлік инновацияларды қаржылай қолдай отырып, инновациялық іс-әрекеттің ең тиімді жолын жүзеге асырады.

Аграрлық сала құрылымдарында өндірілетін өнімдер көлемін еселеу міндеті сала экономикасын шикізат экономикасынан инновацияға негізделген экономикаға, ғылым мен білім жетістіктеріне негізделген инновациялық өндірісті дамытуға көшкен кезде ғана табысты шешілуі мүмкін. Инновация - бұл қазіргі заманғы экономиканың қарқынды дамуын қалыптастыратын объективті күшті ынталандыру және оның қажетті шарты болып табылады [108].

Инновациялық қызмет тұрақты экономикалық дамудың, бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастырудың, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды жүйелік факторларының бірі болып табылады. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру ғылыми зерттеулердің инновациялық нәтижелерін нарықтық тауарға айналдыру тиімділігі мен жылдамдығына байланысты. Экономикалық салалар мен оның кәсіпорындарында бәсекелік артықшылықтардың негізі – ондағы бизнесті дамыту үшін құрылған және қолдау болған инновациялық қызметтерге тікелей байланысты [109].

Бұған мысал ретінде Түркістан облысы «Ордабасы Құс» ЖШС құс компанисын айтсақ болады. Бұл жоғары сапалы күрке тауық еті мен ет өнімдерін өндіру үшін инновациялық шешімдерге негізделген жоғары технологиялық техника мен жабдықтарды қолданатын озық, құс шаруашылығы компаниясы. Компания заманауи техника мен жабдықтарды, соның ішінде құс еті мен ет өнімдерін орайтын (гофра орама, вакумдық ыдыс) қаптамаларды қолданады, сапаны бақылаудың қатаң жүйесі және санитарлық нормаларды сақтау жүйелері ендірілген. Күрке тауық шөжесінің өндіріске түсуінен бастап, өсіру, бордақылау, өндірілген етті қайта өңдеу және түрлі ассартименттегі ет өнімдерін орау, буып түю және сатылуға дейінгі тауарларға компьютерлендірілген есепке алу жүйесі енгізілген, бұл шикізаттан бастап өңделген соңғы тұтыну тауарына дейінгі барлық тізбекті бақылауға мүмкіндік береді. Шын мәнінде бұл - барлық инновациялық интеграциялық байланыстағы кезеңдерді біріктіретін, ғылымнан бастап өндіріс пен сатуға дейінгі біріктірілген құс еті өнімдері кластері болып табылады.

Қазіргі таңда Түркістан облысында ет және сүт кластерін құру туралы іс шаралар жүргізілуде. Бұл жобаны іске асыру үшін аграрлық саладағы ет және сүт шаруашылығы кәсіпорындарын ет және сүт өнімдерін өндіруге және қайта өңдеуге агроөнеркәсіп кешені құрылымы түрінде біріктірілуі қажет. Ол кооперациялық және интеграциялық байланысқа негізделген және өндіріс, қайта өңдеу және сату кезеңдеріне қолайлы жағдайлар жасаудың орнықты жүйесі болуы керек.

Алғашқы кезеңде ет және сүт өнімдерін өндіруді ұлғайту үшін жағдай жасау, содан кейін өнімді қайта өңдеу арқылы жаңа инновациялық ұйымдасқан бірлестіктерге біріктіру көзделуі тиіс.

Осыған байланысты, аграрлық сектордың мал және құс шаруашылығы саласындағы инновациялық үрдістерді дамытудың басым бағыттарына төмендегілерді жатқызса болады:

1. Асыл тұқымды, нәсілді мал және құс шаруашылығын қолдау.

2. Мал және құстың мал басын тұрақтандыруға негізделген сүт және ет өнімдері көлемін арттыру, асыл тұқымды мал табынын жаңғырту негізінде олардың өнімділігін жоғарлату, баланстық жем беру базасын құру және оңтайлы рацион бойынша азық жем беруге және оларды күтіп-бағу, азықтандыруға арналған жаңа технологияларға көшу.

3. Инновациялық ресурстарды үнемдейтін технологиялар негізінде мал мен құс шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамыту.

4. Мал мен құс шаруашылығы өнімдерін сату және өткізу нарығы инфрақұрылымы мен логистикалық қамтамасыз етілуін қолдауды дамыту [110].

Құс шаруашылығының дамуын тәжірибе көрсеткендей, жұмыртқа өндірісінде және оларды өңдеуде жоғары тиімді технологияларды әзірлеу және енгізу құс өндірісі мен оның өнімін өңдейтін өнеркәсіп арасындағы интеграциялық байланыстардың пайда болуының алғышарты болды.

Қазақстанның құс шаруашылығы саласында ғылыми жетістіктер мен инновацияларды енгізудің негізгі кезеңдері: құстың жоғары өнімді кросстарын өсіру; толыққанды құрғақ жемшөптің рецеп құрамын әзірлеу; құстарды өсіру технологиясын механикаландыру және автоматтандыру, сондай-ақ жұмыртқаны сұрыптау, өңдеу және қаптау үрдістерін; жаңа арнайы көлік техникаларын, сақтау қоймаларын, ыдыс және қаптама материалдарды енгізу болып табылады.

Америка Құрама Штаттарында құс өндірісінде өндірістік үрдістің кезеңдері бойынша интеграцияның тоғыз негізгі түрі қалыптасқан. Құрама Штаттардағы құс компаниялардың интеграциялық бірлестіктерінің негізгі түрлері инкубация жасайтын компания, жұмыртқа өндіретін фабрикалар, жұмыртқаларды сұрыптау, орау және қораптау кәсіпорындары мен көтерме және бөлшек сауда компаниялары болып табылады [111]. Интеграциялық байланысты толық өз ішіне қамтитын қалыптасқан интеграциялық бірлестік түрі – біздің қазақстандық құс шаруашылықтарын дамытуға қолданудың жоғарғы мәнге ие.

Экономикасы дамыған елдерде ауыл шаруашылығы мен өңдеуші өнеркәсіп арасындағы интеграциялық байланысының ең икемді және әмбебап түрі – өзара жасалған келісімшарт болып табылады. Америка Құрама Штаттарында өндірістік келісім-шарт жасасу кең тарқалған болса, Еуропалық Одақ елдерінде өнімді сату үшін келісім-шарт жасасу жоғары деңгейде дамыған. Құрама Штаттардағы құс шаруашылығын ұйымдастырудың ерекшеліктерінің бірі – өндірістік үрдістің барлық кезеңдерін қамтыған тік интеграциялық байланыс болып табылады. Барлық кезеңдерін қамтыған тік

интеграциялық байланысты қалыптастру мақсатында ірі құс фабрикалары мен құс шаруашылықтары құстарды өсіру, бордақылау үшін фермерлермен шарттық келісімдер жасасады. Интеграциялық байланысты құрған компаниялар шаруа (фермер) қожалықтары табысты жұмыс істеу үшін қажетті барлық заттармен – құс шөжелері мен аралас жем, жанылғы өнімдері мен ветеринарлық қызметтер және т.б. қызметтермен толық қамтамасыз етеді.

Европа Одағы елдерінде бөлшектелген ауыл шаруашылығы саласы, монополиялық өнеркәсіп және сауда араларында байланыс жасаушы құрылым болып табылатын кооперативтік агроөнеркәсіптік бірлестіктер айтарлықтай дамыды. Осындай корпорацияларды құру инвестицияларды тарту, инновацияларды пайдалану, кіріс пен пайданы арттыру, ақпараттық қолдауды жетілдіру және маркетингтік қызметті дамыту мақсатында өнеркәсіп пен құс компанияларын басқару тетіктерін жетілдіруге мүмкіндік береді [112].

Ресейлік тәжірибеде, «Ставрополь» бройлерлік бірлестігінің өндірісте жақсы нәтижелерге қол жеткізгенін көрседі. Бұл ассоциация кооперативтік бірлестік қағидаттары бойынша құс өнімдерін өндіру, қайта өңдеу және өндіріс қызметтерін ұйымдастыру бойынша интеграторы ретінде әрекет етті. Өз жем зауыттары бар құс шаруашылықтары өздерінің өндірген жем-шөптерінің құны жем-шөпті сатып алу құнына қарағанда 20-30%-ға төмен болатыны анықталды. Ленинград облысының жеке «Агроэкспорт» жем зауыты бар «Роскар» құс шаруашылығында, 1 кг аралас жемнің құны сатып алынатын құрама-жем азығының құнмен салыстырғанда шамамен 40% төмен болды. Құс шаруашылығы компанияларының өздерінде аралас жем-шөптің өндірісін ұйымдастыру құны 6 айдың ішінде қайтатындығы, өзін ақтайтындығы анықталды [113].

Европа Одағы елдері мен АҚШ-қа қарағанда Қазақстандағы аралас-жем өндіретін зауыттар өз өндірістерін негізделмеген жекешелендіру саясатының себебінен тоқтатты, бірақ соңғы кездерде көптеген құс шаруашылықтары мен құс компаниялары өз шаруашылықтарында жекеменшік аралас-жем өндіретін зауыттарын құрып алуда. Осылайша, құс шаруашылықтары мен компанияларының жем-шөп базасы едәуір өзгерістерге ұшырады.

Құс шаруашылығының ресейлік және шет елдік даму тәжірибесін жинақтап, құс өнімдері ішкі кешені құрылымының тиімді жұмыс істеуі ұйымдық-интеграцияланған құрылымдар шеңберінде мемлекеттік органдардың реттеу және нормативтік инвестициялық және басқа да көздермен қалыптастыру негізінде қолдаумен және нарықтың басқа қатысушыларымен теңгерімді байланыс жасаумен жүзеге асады деген қорытынды жасаса болады.

Басқа мал шаруашылығы салаларына қарағанда құс шаруашылығы алдыннан технологиялық мамандандыруды тереңдету негізінде индустриалды технологияларды қолданатын өндіріс әдістері негізінде дамып келеді. Құс шаруашылығы өнімдерінің өнімдік ішкі кешендерінің құрылуына, өндіріс көлемінің жоғары өсу қарқынының және құс шаруашылығы өндірісінің ұйымдастыру түрлерінің өзгеруіне, бұл өз кезегінде құс шаруашылығы

өнімдерінің жалпы сатылу көлемінде мамандандырылған кәсіпорындардың үлесі 90% асуына алып келді.

Құс өнімі ішкі кешендерінің интеграциялық бірлестіктің болашақтық үлгісі ретінде құрылуы, интеграцияның барлық қатысушыларының қызметтерінің тиімділіктерін арттыру мақсаттарын іске асыру тұрғысынан интеграцияның артықшылығын сақтауға мүмкіндік береді. Интеграциялық бірлестік өндірілген өнімдердің бағасының және экономикалық көрсеткіштердің арқасында жаңа технологияларды сатып алу және пайдалану арқылы өндірістік құрылымдардың интеграциялық ұйымдастыру түрлерін таңдау арқылы кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігіне оң әсер етеді.

Интеграциялық өндірістік құрылымдарда қаржылық тұрақтылық сақталады, өйткені интеграциялық бірлескен кәсіпорындар тәуелсіз және бәсекеге қабілетті. Олар бәсекеге қабілеттілігін сақтау және нығайту тұрақтылығына ие. Бұл интеграциялық құрылымдар өз құрамына құс шаруашылықтарын - репродуктор шаруашылықтары; ет және жұмыртқа бағытындағы құс фабрикалары; жем-шөп өндірісімен айналысатын кәсіпорындар; аралас-жем өндіретін зауыттар; құс өнімдерін өңдейтін кәсіпорындар; көтерме және бөлшек сауда және басқаларды ендіруі қажет [114].

Мұндай интеграцияның басты мақсаты интеграцияланған серіктестер арасында оңтайлы қатынастарды орнату, кеңейтілген қайта қалыптастыру үрдісінде түрлі кезеңдер арасында үйлесімділікті қамтамасыз ету, ресурстарды тиімді пайдалану, жоғары түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу болып табылады. Құс еті өндірісінде жоғары қарқынды кеңейтілген қайта өндірісті қалыптастыруда, болашақта өнеркәсіптік құс шаруашылығын тұрақты дамытуға көшу, мемлекеттің белсенді қолдауымен ғана мүмкін болады. Елді құс етімен тұрақты түрде қамтамасыз ету міндеті қазіргі кезде күрделі салааралық мәселелерге айналуға (Кеңес уақытындағы тиімді қызмет атқарған аймақтық АӨК, агрофирма және басқа соларға ұқсас ірі «өнімдік ішкі кешендерді» қайта арқаға қайтару, қайта қалпына келтіру қазіргі уақытта Қазақстан үшін күрделі мәселе).

Сондықтан бұл мәселені автор тарапынан инновациялық стратегиялық жанасу негізінде шешу ұсынылады.

Құс компанияларының инновациялық стратегиялық дамуы бұл олардың өз құрамына жаңа құрылымдарды қосу, құрылымдық өзгерістермен немесе кәсіпорындардың кеңеюі жолымен құс компанияларының интеграциялық өсу стратегиясын жүзеге асыруын білдіреді.

Аймақтың құс өнімдері ішкі кешенін дамыту үшін ұсынылатын стратегия өндірістік қатынастардың жаңа үлгісін қамтамасыз етеді, бұл тек тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етудің стратегиялық мәселесін шешуге ғана емес, сонымен қатар құс тауарөндірушілерінің еңбегін беделді және тиімді болуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, ұйымның жаңа инновациялық нысандарына көшу негізінде құс шаруашылығы саласын дамытуға ұсыныстар әзірленді, ол өндірісті, сатып



алуды, сақтауды, өңдеуді, сатуды және сол арқылы жоғары сапалы өнімге қол жеткізуді ғана емес, қалдықтарды қайта өңдеумен айналысатын, сонымен қатар делдалдарды жою арқылы пайда табуға қол жеткізеді.

Соңғы кездерде инновациялық жаңалықтар аграрлық саланың мал шаруашылығына арналған интенсивті технологияларды өндіріске енгізу шаруашылық малдарының өнімділігін айтарлықтай арттырды.

Құс шаруашылығы немесе құс компаниялары өз өндірісіне қосымша өндірістік құрылым сатып алу, немесе, қосып алу арқылы, немесе, өз ішінен кеңейте отырып, интеграциялық өсуді жүзеге асыра алады. Екі жағдайда да саланың ішінде құс шаруашылығы мен компанияларының жағдайларының өзгеруі байқалады.

Түркістан облысының құс компанияларында қалыптасқан инновациялық интеграциялық ұйымдастырушылық формалары қарастырылды, «бір» құс компаниясы ішінде олардың мазмұны мен құрылымына байланысты «өнімдік ішкі кешен» қалыптасқаны анықталды. Құс шаруашылығы мен компаниялардың өзі «өнімдік ішкі кешеннің» интеграторы ретінде басқару объектісі ретінде қызмет атқаруда.

Мысалы, «Шымкент құс» ЖШС-де құс өндірісі технологиясының барлық кезеңдері мен сатылары интеграциялық бірлескен және біріккен: жұмыртқаны өндіру, жұмыртқаларды инкубациялау, аналық тауықтарды алмастыру үшін жас шөжелерді өсіру, астық үшін жұмыртқалар өндіру, сұрыптау және қаптау, көтерме және бөлшек сауда, сонымен қатар, өздерінің құстарын өсіру және бордақылау үшін азықтық аралас-жем шығаратын цехтары бар. Қазіргі нарықтық жағдайда делдалдық қызметтер өте кең тарқаған кезде немесе құс фабрикалары өз өндірісі үшін сапалы жұмыс атқаратын инфрақұрылымдық делдалдар таба алмайтын жағдайда, кәсіпорын «ұйымдық инновациялық ұйымдастыруы» өз ішінде дамыта отырып, өте экономикалық тиімді «инновациялық интеграциялық кәсіпкерлік» қызметті дамытуды қолға алған.

«Шымкент құс» ЖШС жұмыртқа өндірісінің инновациялық «өндіру-өңдеу-сату» технологиялық кезеңдеріне қарай алғашқы нәсілдік жұмыртқа өндірісінен бастап соңғы нарықта құс өнімдерін сату кезеңіне дейін «Шымкент құс» ЖШС компаниясында, жаңа «инновациялық өнімдерді» өндіру мен өңдеудің барлық түрлері ұйымдастырылған және қазіргі таңда нарықтың талаптарына толық жауап беретін «инновациялық интеграциялық кәсіпкерлік» тиімді қызмет атқаруда.

«Ордабасы құс» ЖШС құс шаруашылығы шетелдік сатылатын асыл тұқымды жұмыртқаларды инкубациялауға, күрке тауық етін өндіруге, күрке шөжелерін өсіруге, күрке етін өндіру, етті толық өңдеу және ет сату: жаңа «инновациялық өнімдер» болған - етті қайта өңдеуден өткізбеген мұздалған күрке тауық еті; қайта өңдеуден өткізбеген тоңазылған күрке тауық еті; монолит-гофродыстағы күрке еті; вакуумдық ыдыста күрке еті; вакуумдық орамдағы шұжық - шұжық және ысталған өнімдер, сондай-ақ ұсақ және түйіршіктелген аралас-жем шығару; жемдік ұн үшін аралас-жем өндірісі және т.б. жаңа

өнімдерді өндіру, терең өңдеу және өткізуді қолға алған «инновациялық интеграциялық кәсіпкерлік» болып табылады.

«Инновациялық-интеграциялық кәсіпкерлік» өз өндірісі ішінде «өнімдік ішкі кешеннің» бүкіл интеграциялық технологиялық тізбегін: «өндіріс құралдарын, өнімді, шикізатты өндіру – өнімді қайта өңдеу – дайын өңделген өнімді сатуды» бірыңғай ұйымдық құрылымға интеграциялық біріктірген жаңа үлгідегі инновациялық ұйымдастырылған кәсіпкерлік деп тұжырымдама жасауға болады.

Осылайша, «Ордабасы құс» ЖШС құс шаруашылығы өндірісті интеграциялау технологиясының барлық кезеңдері мен сатыларын өз құрамына ендірген. Тек өз ішінде жұмыртқа алу үшін асыл тұқымды күрке тауықтарды өсіру өндірісі қарастырылмаған. Сонымен қатар өзінде асыл тұқымды күрке тауықтарды өсіру үшін ересек тауықтарды алмастыруға жас мекиен шөжелерді өсіру өндірісі де жоқ. Бұл айтылған екі өндірісті Ордабасы Құс» ЖШС құс шаруашылығында қалыптастыру және дамыту «инновациялық-интеграциялық ұйымдастыруды» қажет етеді.

32 кестеде Түркістан облысындағы құс фабрикаларында қолданыстағы және ұсынылатын ішкі шаруашылық инновациялық технологиялық интеграцияның «инновациялық өндірістерді» ұйымдастыру түрлері бейнеленген.

Кесте 32– Түркістан облысындағы құс компанияларында қолданыстағы және ұсынылатын ішкі шаруашылық инновациялық технологиялық интеграцияның (өнімдік ішкі кешендерін) ұйымдастыру түрлері.

Құс компаниялары мен шаруашылықтары	Кезеңдер және сатылар						
	Инкубациялық жұмыртқаларды өндіру	Инкубациялау	Жас аналық құстарды өсіру	Астық жұмыртқалар өндіру	Сұрыптау, орау және қораптау	Көгерме сауда	Бөлшек сауда
1	2	3	4	5	6	7	8
Қалыптасқан ішкі шаруашылық инновациялық технологиялық интеграция түрі							
ЖШС «Шымкент құс»	+	+	+	++*	+	+	+
ЖШС «Ордабасы құс»	-	+	-	++*	+	+	+
ЖШС «Инфрастрой ЛТД»	-	+	-	++*	+	+	+
Ұсынылатын ішкі шаруашылық ұйымдық инновациялық технологиялық интеграция «стратегиялық инновациялық өндіріс» түрлері							
ЖШС «Шымкент құс»	+	+	+	++*	+	+	+
ЖШС «Ордабасы құс»	СИӨ-1	+	СИӨ-2	++*	+	+	+
ЖШС «Инфрастрой ЛТД»	СИӨ-1	+	СИӨ-2	++*	+	+	+
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [115, 116]							

Құс фабрикаларының дамуы мен өсуіне бағытталған инновациялық кері интеграциялық стратегия негізінде «стратегиялық инновациялық өндіріс (СИӨ-1)» құру, жеткізушілерге бақылауды күшейту немесе нығайту үшін жүзеге асырылады. Бұл стратегия бойынша құс фабрикалары жеткізушілерден алып жүрген өнімді өз өндірісі ішінде өндіру үшін өндірістік құрылымдарды құру негізінде немесе алып жүрген өнімді өндіретін компанияларды сатып алу арқылы жүзеге асыру мүмкін.

– инновациялық алға жүруші интеграциялық стратегия негізінде «стратегиялық инновациялық өндіріс (СИӨ-2)» құс фабрикалары мен соңғы пайдаланушылар арасында орналасқан құрылымдарды, яғни тарату және сату жүйелерін өз құрамында оларды құру немесе сатып алу арқылы құс фабрикаларының өсуін ұсынады [115].

Автор «Ордабасы құс» және «Инфрастрой LTD» құс шаруашылығы үшін екі стратегияны, «кері интеграциялық стратегия» және «алға жүруші тік интеграциялық стратегияны» ұсынады. Олар өз кәсіпорындарында жұмыртқаларды өндіруге арналған нәсілді аналық тауықтарды (түйетауық пен асыл тұқымды тауықтарды) сатып алып өздерінің өндіріс құрылымдарын құруға және өздерінің өндірісінде ересек аналық тауықтарды алмастыру мақсатында кеңейтілген қалыпты қарқынды қайта өндірісті қамтамасыз ету үшін жас шөжелерді өсіретін өндірістік құрылым ашуы тиіс. Сондай-ақ жас шөжелерді өсіретін өндірістік құрылым қажет болған жағдайда шаруаларға (фермерлерге) және халықтың жеке шаруашылықтарына жас шөжелерді өсіру және бордақылау үшін келісім шарт бойынша кооперациялық бірлесу негізінде сатылу немесе берілуі тиіс.

Құстарға күтім жасау шарттары бойынша жұмыс істейтін ЖШС «Ордабасы құс» және ЖШС «Инфрастрой» үшін осы стратегияларды іске асырудың артықшылығы елеулі және өте тиімді, себебі ол шетелдік асыл тұқымды жұмыртқаны жеткізушілердің (Канада, Голландия, Германия және т.б.) жұмыртқаға қоятын бағасының ауытқуына және ұсынысына тәуелділікті төмендетеді [116].

Сонымен қатар, құс фабрикаларының шетелдік асыл тұқымды жұмыртқаны жеткізу шығыны «кері тік интеграция» жағдайында отандық құс компаниялары үшін «табыс алып келу орталығы» бола алады. Әлі болашақта белгісіз, мүмкін Еуразия интеграциясына мүше елдерге (соның ішінде, Қазақстанға) Еуропалық Одақ тарапынан кез келген уақытта санкция жариялануы мүмкін.

Сонда Қазақстандағы шетелдік асыл тұқымды жұмыртқаны сатып алып, қазір құс шаруашылығын жүргізіп жатқан компаниялардың хал жағдайы қалай болмақ?

Сонымен бірге, ЖШС «Ордабасы құс» құс компаниясы келісім-шарт бойынша шаруа (фермер) қожалықтары мен жеке тұрғындар шаруашылығында жас шөже құстарды ет өндіру үшін өсіруге және бордақылауға кооперациялық байланыс негізде дамуды жүзеге асыруға мүмкіндік жаратады. Келісім-шарт бойынша «Ордабасы құс» ЖШС-гі шаруалар (фермерлер) мен жеке тұрғындар

шаруашылықтарына табысты жұмыс істеу үшін қажетті барлық материалдар мен заттарды беруі тиіс: етке бағу үшін шөжелер, аралас жем, құс астына төсеніш шөп-сабан, жанылғы өнімдері, ветеринарлық қызметтер және тағы басқалар. Мұндай инновациялық кооперативтік байланысқа шаруалардың (фермерлердің) қатысуы, олар ет үшін өсіретін және бордақылайтын жас шөжелер мен күрке тауықтардың сақталуын қамтамасыз ету болып саналады. Келісім-шарттар бойынша кооперациялық байланысқа қатысушы көпшілік шаруа (фермер) қожалықтары етке бағылатын күрке шөжелерін күтіп-бағуға жұмсалатын шығындарын өтеп, шаруашылықтарының толық қанды, қарқында дамуына мүмкіндік жарататындай деңгейдегі есепті бағамен, ынталандыру арқылы төлемдерін алуға тиіс.

Бұл Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Жолдауында, Қазақстан халқы үшін (2017 жылдың 31 қаңтары) - «...500 мыңнан астам үй шаруашылықтары мен кіші фермерлерді кооперативтерге біріктіру үшін барлық жағдайларды жасау» қажет – деп, қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін жағдайлар жасайды [117].

Осылайша, әр бір құс шаруашылығы компаниясы ұсынылатын интеграцияланудың инновациялық ұйымдастру формасы негізінде, барлық технологиялық тізбекті: «өндіріс құралдарын өндіру - құс еті мен жұмыртқаларды өндіру және қайта өңдеу - құс еті мен жұмыртқаны сатуды» бірыңғай ұйымдық-интеграциялық құрылымға біріктіруге мүмкіндік береді, және басқарудың икемділігі мен тиімділігін арттыруға; қосалқы мердігерлермен, инвесторлармен шаруашылық байланыстарды тұрақтандыруға; өндірістік қуаттарды барынша толық қолдану мен пайдалануды қамтамасыз етуге; материалдық-техникалық жабдықтауды жетілдіріп, дайын өнімді сатуды жақсартуды жолға қоюға мүмкіндік жаратады.

Бұл ұсынылған ішкі шаруашылық технологиялық мамандандыруды тереңдетуге және өндірісті интеграциялық біріктіруге негізделген өндірісті интеграциялаудың инновациялық ұйымдастырушылық формасын, Қазақстанның басқа өнімдік ішкі кешендерінде (сүт, ет, көкөніс және т.б.) қалыптастыру және дамыту үшін қолдану мүмкін.

Құс фабрикаларының және компанияның ұзақ мерзімді даму стратегиясы, олардағы бар ресурстардың әлеуетін толық пайдалануды қамтамасыз ететін инновациялық бағыттарды айқын таңдаумен анықталады. Бұл еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсудің жаңа үлгісін қалыптастырады. Таңдалған стратегия, ең алдымен, кәсіпорындар мен компаниялардың тұрақты экономикалық өсуін, екіншіден, компаниялардағы және тұтастай өнеркәсіптегі өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік жаратады [118].

Зерттеу барысында құс шаруашылығында өндірістік үрдістің кезеңдері бойынша интеграцияның ұйымдастырушылық формаларын қалыптастыру мен дамытудың шетелдік тәжірибесі қарастырылады.

Авторлардың пікірі бойынша, құс шаруашылығы компаниясының өзі «өнімдік ішкі кешенін» инновациялық өндірісі ретінде құратын және

басқаратын интегратор нысанына айналуы тиіс. Түркістан облысы құс компанияларының инновациялық интеграциялық ұйымдастырушылық формалары қарастырылып, «бір» құс компаниясы ішінде олардың мазмұны мен құрылымына жақын «өнімдік ішкі кешен» айқындалды.

«Ордабасы құс» және «Инфрастрой» ЖШС-не нәсілді жұмыртқалар өндіруге арналған аналық құс табын сатып алып және оны өсіру үшін «инновациялық өндірісті» құруға, сондай-ақ өзінде ұлғаймалы қайта өндірістің қалыпты қарқынын қамтамасыз ету үшін аналық құс табын алмастыруға жас төлді өсірумен айналысатын «инновациялық өндіріс» құрылымын құру ұсынылады [119].

Инновацияға бағытталған аграрлық сала құрылымдарын қалыптастыру тәжірибесі ғылыми зерттеулердің жетіспеушілігін көрсетеді, себебі ғылыми эзирлемелер мен инновациялар экономика саласын ұйымдастыру мен дамытудың негізі болып табылады.

Аграрлық салаға енгізілетін инновациялар мазмұны бойынша сол саланың салалық, қызметтік, техникалық, технологиялық және ұйымдық сипаттамаларына қарай айтарлықтай ерекшеленеді. Мәселен, қазіргі таңда аграрлық саланың мал шаруашылығы өндірісінде инновациялық даму мен эзирлемелердің басым бағыттары болып: жануарлар мен құстың жоғары өнімді жаңа нәсілі, түрлері мен кросстарын шығару; жануарлар мен құстың өнімділігінің биологиялық әлеуетін арттыру; мал шаруашылығындағы генофонды сақтау және жетілдіру; трансгендік жануарлардың жаңа түрлерін жасау; жоғары өнімді асыл тұқымды жануарлардың аналық таптары мен фермаларын құру; мал шаруашылығындағы экологиялық қауіпсіз және техникалық қалдықсыз технологияларды жетілдіру; қарқынды жемшөп өндірісінің жаңа жүйелері; жемшөпті және жем қоспаларын тиімді пайдалану әдістері; мал шаруашылықтары мен кешендерінде механикаландыру, электрлендіру, автоматтандыру және өндіріс үрдістерін компьютерлендіру жүйелері бойынша кешендерді құру жатады.

Аграрлық сала өндірісін дамытуда, соның ішінде құс шаруашылығы өндірісіне ғылыми жетістіктер мен инновациялық жаңалықтарды ендіру елдің экономикасын дамытуға тікелей әсерін тигізді, Түркістан облысында екі бағытта: құс шаруашылығында ет өндіру және жұмыртқа өндіру бағыты бойынша мамандандырылған құс өндірісі дамыды. Өндірістік кооперация мен интеграциялық бірлесу құс шаруашылығын қарқынды дамудың маңызды факторлары болды, әсіресе, құс компанияларын өнеркәсіптік негізде қайта құру басталды. Құс компанияларындағы материалдық-техникалық базаны жаңарту, инновация жетістіктерін кеңінен қолдануға алып келді. Мұның бәрі, өз кезегінде, қысқа уақытта құс компанияларында экономикалық тұрғыда тиімді жүйені құруға мүмкіндік берді [99].

Мысалы, «Шымкент құс» ЖШС-де құс өндірісі технологиясының барлық кезеңдері мен сатылары 11 бірліктен құралған өндірістік инновациялар инновациялық интеграциялық байланысқан: жұмыртқаны өндіру, жұмыртқаларды инкубациялау, аналық тауықтарды алмастыру үшін жас

шөжелерді өсіру, астық үшін жұмыртқалар өндіру, сұрыптау және қаптау, көтерме және бөлшек сауда, сонымен қатар, өз құстарын өсіру және бордақылау үшін өздерінің жеке меншік азықтық аралас-жем өндірісі құрылған және жоғарыдағы айтылған барлық өндірістік үрдістер тік интеграциялық байланысқан (кесте 33).

Кесте 33 - «Шымкент құс» ЖШС жұмыртқа өндірісінде «өндіру-өңдеу-сату» технологиясымен жүзеге асқан, болашаққа ұсынылатын инновация түрлері

р\с №	Өндірістік және үрдістік инновациялар	Өнімдік инновациялар	Маркетингтік инновациялар (нарықта сату)
1	Нәсілдік аналық тауықтар (жұмыртқа өндірісі)	№1 нәсілдік жұмыртқалар; №2 гибридтік жұмыртқалар	1) құс өндірісі бар шаруа, тұрғындар қожалықтарына сату (ұсыныс);
2	Инкубация	№ 3 бір күндік аналық шөже; № 4 жас нәсілдік шөже;	2) өз өндірісін қамтамасыз ету; 3) шаруа, тұрғындар қожалығына сату (ұсыныс);
3	Жас аналық құсты өсіру	№ 5 жас аналық құс; № 6 нәсілдік аналық тауық;	
4	Құсты сою, қайта өңдеу	№ 7 ересек, брак тауықеті; № 8 етті сүйекті үн;	4) мұздатылған құс еті; 5) тоңазытылған құс еті; 6) гофра тарадағы құс еті;
5	Кулинариялық қайта өңдеу	№ 9 жартылай фабрикаттар; № 10 консервілер (ұсыныс); № 11 ысталған ет (ұсыныс); № 12 шұжықтар (ұсыныс);	7) жартылай фабрикаттар; 8) банктегі консервілерді сату; (ұсыныс); 9) ысталған ет, шұжықтар сату; (ұсыныс); 10) вакумдық тарада құс еті
6	Жұмыртқаны іріктеу және буып-орау	№ 13 диеталық жұмыртқа; № 14 астық жұмыртқа;	11) іріктелген жұмыртқа; 12) буып-оралған жұмыртқа;
7	Жұмыртқа ұнтағы өндірісі	№ 15 жұмыртқа ұнтағы;	13) қорапта жұмыртқа ұнтағы;
8	Тауық, шөже бағу үшін азықтық жем өндірісі	№ 16 азықтық аралас жем;	14) шаруа, тұрғындар шаруашылығына сату (ұсыныс)
9	Көтерме сауда торы, қоймалар	№ 17 қоймадағы құс өнімдері;	15) көтерме саудада сату; 16) интернет желіде сату (ұсыныс)
10	Бөлшек сауда, дүкендер	№ 18 дүкендегі құс өнімдері;	17) фирма дүкендерінде сату;
Барлығы			
	Өндірістік инновация - 11 бірлік	Өнімдік инновация - 18 бірлік	Маркетингтік инновация -18 бірлік
Ескертпе – Автормен құрастырылған			

«Шымкент құс» ЖШС-де құс өндірісі соңғы он жыл ішінде қалдықсыз технология негізінде қызмет атқару мақсатында төмендегі 18 бірлік өнімдік инновацияларды жүзеге асырды: нәсілдік және гибридтік жұмыртқалар өнімі;

бір күндік аналық шөже; жас нәсілдік шөже; жас нәсілдік аналық тауық; ересек және брак тауықтар; етті сүйекті ұн; жартылай фабрикаттар мен консервілер; ысталған құс еті мен құс шұжықтары; диеталық және астық жұмыртқалар; жұмыртқа ұнтағы; азықтық аралас жем өнімдерін өндіру инновациялары, сонымен қатар құс көңін қайта өңдеу өнімдік инновациясын жүзеге асыру мәселесін қолға алу ұсынылуда.

«Шымкент құс» ЖШС-і құс компаниясында кестеде көрсетілгендей маркетингтік инновацияларды өндіру (нарықта сату) барлығы 18 бірлікті құрады, олар: мұздатылған және тоңазытылған құс еті; гофратара мен вакуумдық тарада құс еті; жартылай фабрикаттар мен банктегі консервілер; дүттелген құс еті мен құс шұжықтары; диеталық және астық жұмыртқа; жұмыртқа ұнтағы және басқа өнімдердің дизайны, қаптама мен буып түюіне елеулі өзгерістер енгізген, жаңа жарнамалар, бренд имиджі, көтерме сауда, тікелей сату, ет өнімдерін сату кезінде баға белгілеудің жаңа маркетингтік стратегиялары қолданылған.

«Шымкент құс» ЖШС-і компаниясын болашаққа жұмыртқа өндіру бағытын стратегиялық дамыту үшін 3 өнімдік инновация №10, №11, №12 мен 7 жаңа маркетингтік инновацияны компания үшін №№ 1,2,8,9,10,14,16 түрлерін автор өндіріске ұсынады.

«Ордабасы құс» ЖШС құс шаруашылығы шетелден сатып алып келінген асыл тұқымды жұмыртқаларды өндірістік инновация негізінде инкубациялауға, күрке шөжелерін өсіруге, күркетауық етін өндіруге, етті толық қайта өңдеу және ет сату мақсатында: жаңа «инновациялық өнімдер» болған - етті қайта өңдеуден өткізбеген мұздалған күркетауық еті; қайта өңдеуден өткізбеген тоңазылған күркетауық еті; монолит-гофрдыстағы күрке еті; вакуумдық ыдыста күрке еті; вакуумдық орамдағы шұжық және ысталған өнімдер, сондай-ақ ұсақ-түйіршіктелген аралас-жем шығару; жемдік ұн үшін аралас-жем өндірісі және т.б. жаңа «инновациялық өнімдерді» өндіру мен қайта өңдеуді қолға алды.

34 кестеде «Ордабасы құс» компаниясының өнеркәсіп негізінде күрке тауық өндірісі соңғы он жыл ішінде қалдықсыз технология негізінде қызмет атқару мақсатында кестедегі көрсетілген 10 бірлік өндірістік және үрдістік инновациялар, соның ішінде екі №1 отандық нәсілдік күрке жұмыртқа өндірісі мен №3 жас аналық күрке шөжелерін өсіру өндірісін құруды автор ұсынады. 18 бірлік өнімдік инновациялар, соның ішінде екі жаңа өндірістік инновацияны №1 отандық нәсілдік жұмыртқа №4 отандық нәсілдік шөжені аналық күрке тауыққа жеткізуді автор ұсынады.

«Ордабасы құс» ЖШС күркетауық өндірісінде 16 бірлік маркетингтік инновациялар жүзеге асырылады, соның ішінде 4 жаңа маркетингтік инновацияларды №1 отандық нәсілдік жұмыртқаларды құс өндірісі бар шаруа, тұрғындар қожалығына сату мен №2 жас еттік нәсілдік шөжелерді шаруа мен тұрғындар шаруашылықтарға өсіруге сату, №3 отандық аналық күрке тауықтарды сату және №13 ұсақ, түйіршікті аралас-жемді шаруа, тұрғындар шаруашылығына сатуды жүзеге асыру мәселесін қолға алу ұсынылуда.

Түркістан облысындағы құс еті және жұмыртқа бағытындағы құс компанияларында экономикалық қызмет бөлінісі бойынша өндірілген инновация түрлерін зерттеу барысында 35 кесте бенеленген нәтижеге қол жеткіздік. Онда, ЖШС «Шымкент құс» жұмыртқа бағытындағы құс шаруашылығы 47 инновациялық жаңалықты өз өндірісіне өндіргені көрінеді. Сол сияқты, ЖШС «Ордабасы құс» 44 инновациялық бірлік, ЖШС «Инфрастрой ЛТД» 31 инновациялық бірлікті өз өндірістеріне өндірді, жалпы үш құс шаруашылығында 122 инновациялық бірлік өндіріске өндірілгенін кестеден көреміз.

Кесте 34 - «Ордабасы құс» ЖШС күркетауық өндірісінде «өндіру-өңдеу-сату» технологиясымен жүзеге асырылған және болашаққа ұсынылатын инновация түрлері

р\с №	Өндірістік және үрдістік инновациялар	Өнімдік инновациялар	Маркетингтік инновация (нарықта сату)
1	«Отандық нәсілдік күрке жұмыртқа» өндірісін құру (автор ұсынады)	№ 1 отандық нәсілдік жұмыртқа (автор ұсынады)	№ 1 құс өндірісі бар шаруа, тұрғындар қожалығына сату (ұсыныс)
2	Инкубация	№ 2 жас аналық шөже № 3 жас еттік нәсілдік шөже	№ 2 жас еттік нәсілдік шөжелерді шаруаларға өсіруге сату (ұсыныс)
3	«Жас аналық күрке шөжелер өсіру» өндірісін құру (автор ұсынады)	№ 4 отандық нәсілдік шөжені аналық күрке тауыққа жеткізу (автор ұсынады)	№ 3 отандық аналық күрке тауықтарды сату (автор ұсынады)
4	Күркетауық еті өндірісі	№ 5 мұздалған күркетауық еті № 6 тоңазылған күркетауық еті	№ 4 мұздатылған ет сату № 5 тоңазылған ет сату
5	Құсты сою, қайта өңдеу өндірісі	№ 7 қайта өңделген күрке еті № 8 вакуумдық ыдыста күрке еті № 9 етті сүйекті ұн	№ 6 монолит-гофрдыда № 7 вакуумдық ыдыста
6	Кулинариялық қайта өңдеу	№ 10 жартылай фабрикат, № 11 күрке еті консервілері № 12 ысталған құс еті № 13 құс шұжықтары № 14 пісірілген құс еті	№ 8 жартылай фабрикат, № 9 банкте ет консервілері № 10 ысталған құс еті № 11 шұжықтар, сосика № 12 пісірілген ет сату
7	Ұйымның меншікті азықтық жем өндірісі	№ 15 ұсақ, түйіршікті аралас-жем № 16 жемдік ұн үшін аралас-жем	№ 13 өз өндірісін қамтамасыз ету № 14 шаруа, тұрғындар шаруашылығына сату (ұсыныс)
8	Көтерме сауда торын құру	№ 17 Көтерме сауда қызметі	№ 15 көтерме саудада сату
9	Бөлшек сауда, дүкенін құру	№ 18 Бөлшек сауда қызметі	№ 16 фирма дүкендерінде сату
Барлығы			
	Өндірістік инновация -10 бірлік	Өнімдік инновация – 18 бірлік	Маркетингтік инновация-16 бірлік
Ескертпе – Автормен құрастырылған			



Сондай-ақ, «Ордабасы құс» компаниясының инновациялық стратегиясы кооперациялық бірлесу негізінде шаруа (фермер) қожалықтарымен және халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарында құс өсіру ұйымдастыру үшін келісім шарт жасау негізінде жүзеге асыру ұсынылды.

«Ордабасы құс» ЖШС жобасы 2010 жылы Қазақстан Республикасының индустрияландыру картасының жеделдетілген индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

Кесте 35 – Түркістан облысы құс компанияларында экономикалық қызмет бөлінісінде инновация түрлері және оның өндіріске ендірілуі, бірлік

Құс компаниялары, кәсіпорындары	Инновация түрлері				
	Өнімдік инновациялар	Үрдістік инновациялар	Маркетингтік инновациялар	Ұйымдық инновациялар	Инновацияның барлық 4 түрі
ЖШС «Шымкент құс»	18	5	18	6	47
ЖШС «Ордабасы құс»	18	4	16	6	44
ЖШС «Инфрастрой ЛТД»	12	3	12	4	31
Барлығы	48	12	46	16	122
Ескертпе – Автормен құрастырылған					

Әлемдегі ең үздік өндірушілердің жабдықтарымен жабдықталған бұл құс фабрикасы жылына 10 мың тонна күрке тауық етін әр түрлі ассортиментте өндіруге қабілетті. «Ордабасы құс» ЖШС құс компаниясының негізгі қызметі, инновация негізінде: нәсілді күрке тауық өсіру, күркетауық етін өндіру және бордақылау, оны толық компания ішінде қайта өңдеу және өзінің брендтік дүкендерінде, сондай-ақ көтерме саудада құс етін сату. Өнімдер ет, шұжық және ысталған ет өнімдері түрінде сатылады: күркетауық еті, күркетауық етінің әртүрлі бөлшектері, және ысталған құс еті өнімдері мен Қазақстан Республикасының және Ресейдің тұрғындарын өз өнімдерімен қамтамасыз етеді.

Компанияның инновациялық қызметінің негізгі қағидаттары:

облыс аумағында табиғи және климаттық жағдайларды ескере, ең аз құрылыс шығындарын құрайтын құс шаруашылығын орналастыру және жоғары өнімді күрке тауық кросстарын өсіріп, жоғары табыс пен пайда алу мақсатында санитарлық-ветеринарлық талаптарға жауап беру;

жер аумақтарын тиімді орналастыруды ескере, биологиялық және технологиялық қауіпсіздік ережелерін барынша сақтау;

құс өндірісінің орналасуын ескере, қоршаған ортаны қорғау талаптарына сай әрекет ету;

асыл тұқымды құстарға арналған жоғары өнімді технологияларды сатып алу және пайдалану, нәсілді құс тұқымы мен кроссын, азықтандыруды, инкубациялауды, өсіру, сою, өңдеу және сату алдындағы дайындықты таңдау;

құс кроссын өсіруде генетикалық әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік беретін, еңбек, материалдық, энергетикалық ресурстарды барынша үнемдеуге қол жеткізу мақсатында жоғары технологиялық өндіріс желілері мен жабдықтарыды қолдану.

Құс фабрикасы инновация негізінде түпкілікті өнімдер: қауырсынсыздырылған құс, кесілген ет, паста, терең қайта өңделген ет өнімі, ет және сүйек ұны және басқаларды да өндіруді қолға алды. Болашақта компанияның «Дәмды ет» бренді бойынша шұжық және құс еті өнімдерінің ассортиментін 80-нен астам атаумен ұлғайту инновациялық стратегиялық даму жоспарында қабылданып оны жүзеге асыру қолға алынған.

Талдау нәтижелері бойынша келесі қорытындылар жасалды:

Инновациялық жетістіктерді «Ордабасы құс» ЖШС өз өндірісіне ендіре отырып қазіргі уақытта терең қайта өңдеу жұмыстарын жүргізіп жатыр: инновациялық жаңа күрке құсын өсіру, күркетауық етін өндіру және бордақылау, оны толық қайта өңдеу және ет және ет өнімдерін шұжық және ысталған өнімдер түрінде сату қолға алынған. Бұл инновациялық бағыттағы өндірістік тәжірибені елдің басқа құс шаруашылықтары мен компанияларында қолдану ұсынылады.

Бәсекеге қабілетті нарықта өзі өндірген өнімдерді инновациялық үрдіс негізінде соңғы тұтыну затына дейін қайта өңдеуді қолға алу, өндіріс құнын төмендететін, қазіргі заманауи ресурстарды үнемдейтін инновациялық технологияларды қолдануды қолға алатын даму стратегиясы ұсынылады.

Аграрлық саламен оның мал шаруашылығы құрылымдарының негізгі инновациялық қағидалары: ең аз шығындану бойынша лидер болу, ресурстарды үнемдеуге қол жеткізу, асыл тұқымды және кроссті таңдау, азықтандыру, инкубациялау, өсіру, сою, қайта өңдеу, сондай-ақ жоғары технологиялық өндірістік желілер мен жабдықтарды пайдаланудың тиімді технологияларын ұтымды таңдау ұсынылады.

Қорыта келгенде, біздің ойымызша, Түркістан облысының құс компанияларының жаңадан қалыптасқан инновациялық интеграциялық ұйымдастырушылық формалары қарастырылып, құс компанияларының өзі олардың мазмұны мен құрылымына байланысты «бір» құс компаниясы ішінде «өнімдік ішкі кешен» болып, интегратор ретінде инновациялық басқару объектісі қызметін атқаратындығы анықталды.

Инновациялық кәсіпкерлікке негізделген «ФудМастер» сүт компаниясы, «Ордабасы құс» және «Инфрастрой LTD» құс шаруашылығы компаниялары жаңа мүмкіндіктер, үнемі іздестіруге негізделген, инновацияға бағытталған басқарудың жаңа инновациялық тәсілін қолданушы Қазақстандағы алғашқы инновациялық кәсіпорындар екендігі анықталды.

«Ордабасы құс» және «Инфрастрой LTD» құс шаруашылығы үшін екі стратегия: 1) «кері интеграциялық стратегия» арқылы - нәсілді жұмыртқалар өндіруге арналған аналық құс табын өсіретін «стратегиялық инновациялық өндірісті-1» құру; 2) «алға жүруші тік интеграциялық стратегия» арқылы- ұлғаймалы қайта өндірісінің қалыпты қарқынын қамтамасыз ету үшін аналық

құс табын алмастыруға жас төлді өсірумен айналысатын «стратегиялық инновациялық өндірісті-2» құру ұсынылады [100,101].

«Ордабасы құс» компаниясының инновациялық кооперациялық бірлесу негізінде шаруа (фермер) қожалықтарымен және жеке тұрғындардың қосалқы шаруашылықтарында құс өсіру үшін шарттық келісімдерді ұйымдастыру ұсынылады.

### **3.3 Аграрлық саланың болашаққа дамуын экономикалық-математикалық үлгілер негізінде болжау**

Қазіргі таңда аграрлық сала өнімін өндірушілер мен өңдеушілер арасындағы қайшылықтарды жеңу және бірқалыпты өзара пайдалы экономикалық қатынастарды дамыту үшін, бұлардың арасындағы оңтайлы интеграциялық бірлесу негізінде кластерлік дамудың тиімді түрлерін қарастыру қажет.

Түркістан облысында аграрлық салада мақта өнімдерін өндіретін мақта-тоқыма кластері құрылымдарын құру - заңдылықты, объективті қажет үрдіс. Олар белгілі деңгейдегі материалдық-техникалық, әлеуметті-экономикалық және ұйымдық жағдайларға, алғы шарттарға негізделеді, және өзіне тән келесі артықшылықтарды қамтамасыз етеді:

- облыста өндіргіш күштердің деңгейін арттыру, өнім өндіру мен қайта өңдеуді индустриалдық өнеркәсіп өндірісі негізінде жүргізу;
- интеграциялық және кооперациялық байланыстың белгілі деңгейіне жету, олардың артықшылықтарын толық пайдалану;
- өндірісті мамандандыру және шоғырландыру негізінде салааралық және аумақаралық байланыстарды кеңейту және тереңдету.

Түркістан облысының аграрлық саласында өндірістік инфрақұрылым қызметтерін атқаратын ұйымдарды тұрақты дамыта отырып, аграрлық өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, жоғары сапалы инновациялық өнім өндіре отырып, саланың және өнімдердің бәсекелестік қабілетін төмендегілер негізінде арттыру мүмкін:

- инновациялық жаңа техника және технологиялармен қамтамасыз ету және олардың тиімділігін арттыру;
- арам шөп, зиянкестерге қарсы тиімді күрес жүргізуді қолға алу;
- агротехникалық қызметтерді атқаруда қуатты, өнімділігі жоғары техникаларды қолдану;
- минералды, органикалық тыңайтқыштарды оңтайлы қолдану;
- нарыққа сай бәсекелі сапалы өнім өндіру, өнімді тиімді бағамен сатуға ықпал ету негізінде.

Аграрлық салада өндірістік инфрақұрылымдық қызметті кластерлік жанасу негізінде атқару: біріншіден – оңтайлы кластерлік тауар өндірісін қайта құруға, шағын және орта аграрлық құрылымдарының өндірістік ресурс тапшылықтарынан құтылуына, жұмыс орындарының ашылуына және тұрақтылықты қамтамасыз етуге; екіншіден – инвестицияны тартуға, техника және технологиялық қайта қарулануына, яғни өндірістік қуаттың өсуіне;

үшіншіден - аграрлық тауар өндірушілерінің кластерлік үрдіске қатысуын, сату, өткізу нарығын ұлғайтуға - мүмкіндік жасайды.

Статистикалық-математикалық әдістерді қолдану өндіріс үрдісіндегі экономикалық көрсеткіштерді математикалық теңдіктер түрінде бейнелеуге мүмкіндік береді [120].

$$\hat{y} = f(x_1, x_2, x_3, \dots, x_i, \dots, x_n). \quad (1)$$

Экономикалық көрсеткіштер нәтижелері мен оған әсер етуші факторлар арасындағы өзара байланыстарға талдау жасау ерекше мәнге ие. Өндіріс үрдісіне қарай нәтиже шамасының өзгеру заңдылықтарын білу - стратегиялық жоспарды басқарудың қажетті шарты болып есептеледі.

Аграрлық сала өндірісінде экономикалық көрсеткіштер арасында функционалдық және корреляциялық байланыс - түрлері кездеседі. Көбінше өндірістік - экономикалық үрдістерде көрсеткіштер арасында аса күшті болмаған, толықсыз байланыс түрі, - корреляциялық байланыс көптеген бақылаулардың нәтижесі түрінде, орта шама түрінде кездеседі. Сонымен бірге, заңдылықтың өзіне тән тенденциясына ұқсап олардың кездейсоқ шетке ауытқуларын келтіреді.

Аграрлық сала өндірісіндегі экономикалық нәтижелі көрсеткіштердің өзара байланыстылық анықталғанда төмендегілерді табу қажет:

– өндірістегі экономикалық көрсеткіштер арасындағы байланыстың бар екендігін;

– экономикалық көрсеткіштер деңгейлерінің бір біріне өзінше әсер шамасы қандай деңгейдегі екендігін;

– егер көрсеткіштер арасында себеп-салдар байланыстығы бар болса, оларды бейнелейтін аналитикалық формула түрі қандай;

– табылған заңдылықтың сенімділігі қандай және одан тәжірибеде пайдалануға бола ма [121].

Математикалық-статистикалық болжамдаудың шынайылығы мен жоспардың нақтылығы арасында тікелей байланыс бар: болжам дәлірек болған сайын, жоспарды анық, толық және дұрыс қабылдауға мүмкіндік туылады.


Аграрлық саланың жалпы өнім өндірісіне көптеген факторлар әсер етеді, көптік регрессия теңдеуіне сай ондағы факторлардың мәндерін біле отырып, нәтижелі көрсеткіштің мәнін болжай аламыз, яғни, зерттеліп жатқан нәтижелі экономикалық көрсеткіштің деңгейін басқара аламыз.

Қазақстанның аграрлық секторының мақта шаруашылығын стратегиялық дамыту және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, өз кезегінде, өндірісті ұйымдастыруды, ұтымды басқаруды мақта кластерін дамыту негізінде инновациялық жетістіктерді өндіріске ендіруді қажет етеді.

Бұл зерттеуді жүргізу барсында елдің мақта шаруашылығының көп жылдық мәліметтерін пайдалана отырып, математикалық үлгілер құру негізінде мақта саласын болашаққа болжау жасау және салаға әсер ететін факторлардың

әсер мөлшерін анықтау бойынша мақсаттар қойылып мәселелер шешілді, талданды және бағаланып болашаққа болжау жасалынды.

Компьютерде арнайы бағдарлама негізінде анықталған математикалық үлгілер мен теңдеулерге сәйкес олардың  $R^2$  детерминациялық мәндерін салыстыру және талдау, болашақта Қазақстан Республикасының шитті-мақта өндірісінің болжамды мәндерін есептеу тренд үлгілері анықталды (сурет 8):



Сурет 8 – Шитті-мақта өндірісі көлемінің мақта өнімділігіне байланысты суреттемесі

Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [120, 121]

Елдегі мақта дақылының жалпы егістік алқабының болашаққа болжауға арналған тренд үлгісі:

$$y = 241,95 - 16,488x + 0,5458x^2 \quad (2)$$

математикалық теңдеу екендігі компьютерде есептелінді, оның детерминация коэффициенті мәні  $R^2 = 0,8594$  болды. Бұл өте жоғарғы деңгей екендігін байқаймыз [120,121].

Ал, шитті-мақтаның бір гектардан алынған өнімділігінің, цен/га, болжамды мәндерін есептеу тренд үлгісі:

$$y = +21,764 - 0,3199x + 0,0531x^2 \quad (3)$$

теңдеуін қолдану қажеттілігі есептелді, мұнда детерминация коэффициенті мәні  $R^2 = 0,4074$  тең.

Осыған байланысты мақта шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мақсатында өндірісті ұйымдастыруды, ұтымды басқару құрылымын құру бойынша мақта кластерін дамыту негізінде инновациялық стратегиялық даму жобасын құру қажет болады.

Инновациялық кластерлік көзқарас барлық экономикалық факторларды белгілі бір бағытта жұмылдыруға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда инновациялық кластерлік үлгіде дамыту - бұл экономикалық даму мен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін кеңінен танылған құрал болып табылады. Әлемдегі дамыған және дамушы елдерде кластерлік бастамалардың тез артуы олардың тиімділігі мен өміршеңдігін көрсетті. Қазақстанның мақта-тоқыма өнеркәсібін дамытуда инновациялық кластерлік үлгіні қолдану бұл өндіріске байланысты жеке кәсіпорындардың және экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторы болып табылады [122].

Қазіргі кезде әлемдік тоқыма нарығындағы тоқыма өндірісі еуропалық елдердің арзан жұмыс күші жетерлік және үлкен өткізу нарығы орналасқан Азия елдеріне өтумен сипатталуда. Қазақстан Республикасында әлемдік мағынасы бар тоқыма өнеркәсібі болмаса да, ең болмағанда аймақ деңгейінде тоқыма өнеркәсібін құруға барлық мүмкіндіктері бар.

Мақта өнімі бәсекеге қабілетті, себебі элиталық сұрыпты мақта тұқымдары пайдаланылады, олар халықаралық стандарттарға сай жоғары сапалы талшықтары бар мақтаның аурулары мен зиянкестеріне төзімді ерте пісетін дақылдар болып саналады.

Жаңа инновациялық технологиялық мақта сортының түрлерін өндіріске енгізу, барлық агротехникалық шаралардың оңтайлы іс-шаралары мен өсімдік өміріне қажетті барлық факторларды қамтамасыз етумен жүзеге асады. Бұл барлық әсер ететін факторларды дұрыс пайдалану, оңтайландыру және басқару арқылы мақта өнімін алуға мүмкіндік береді.

Инновациялық технологиялық оңтайлы өнім өндіру бағдарламаларын өндіріске енгізу негізінде мақта дақылдарын өндіріске енгізудің негізгі қағидалары әзірленді, егіннің салыстырмалы нақты бағдарламалануына мүмкіндік беретін әсер етуші негізгі факторлар мен есеп және оңтайландыру үлгілері анықталды.

Серпінді технологиялар (жобалар) бойынша эксперттік сараптамалық инновациялық қабілетін бағалау көрсеткіштерін талдау, бұл технология Қазақстанда әлі қолданылыста болмаған жаңа ерте пісетін шитті-мақта алуды инновациялық жаңалық ретінде қолдауға болатындығын көрсетеді. Биологиялық ерекшеліктер бойынша, ол Түркістан облысының топырақ-климаттық жағдайларына сәйкес келеді. Биологиялық және морфологиялық сипаттамалар бойынша дәстүрлі қолданыстағы шитті-мақта сорттарынан ерекше алда тұрады. Мақта дақылдарын күтіп өсіру барысында аз шығын мен технологиялық операцияларды қажет етеді.

Бұл ерекшеліктер мақта өнімінің өнімділігіне әсер етеді. Мәселен, «Түркістан» сортын егуден 1 гектардан алынған шитті мақта өнімділігі, С-4727 сортына қарағанда 10,1 центнерге көп өнім алды. Есепті жылы «Түркістан» сортының өнімділігі гектарына 36,3 центнерді құрады, ал С-4727 сортты өнімділігі тек 26,2 ц/га ғана құрады (кесте 36).

Жоғарыда келтірілген кестелерді пайдалана отырып, жобаның негізгі көрсеткіштерін есептеп шығарсақ болады. Өндірілген өндірістің көлемінің құндық мәні келісім шарт бағалар деңгейін ескере отырып анықталды. Ордабасы ауданы жағдайында «Март» ЖШС кәсіпорнының базалық технологиясының көрсеткіштері мен «Түркістан» ерте пісетін шитті-мақта сортының технологиялық жобасын салыстыру, агротехника және экономикалық көрсеткіштерінің жақсаруына алып келді [123].

Кесте 36 - Ордабасы ауданы жағдайында С-4727 және «Түркістан» шитті мақта сорты өсімдігі сорттарының өнімділігі мен дамып өсуін есепке алу.

сорттар	Өсімдіктің бойы, см	Симподиалдық бұтақ, дана	Бутондары және гүлдері, дана	Қорап саны, дана		Бір қорап салмағы, гр.		Өнімділігі, ц/га	
				Барл- ығы	С.і. Ашл аты ны	3-5 сим. саба- қта	7-8 сим. саба- қта	жал- пы	Қосым ша
С-4727	125,6	12,8	18,9	10,3	4,3	5,6	4,9	26,2	-
«Түркістан»	102,5	11,2	15,3	14,5	12,8	6,0	5,8	36,3	10,1
Ескертпе - Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [89]									

37 кесте мәліметтерін талдау барысында шитті-мақта дақылының жалпы өсу мерзімі 3 күнге қысқарып, бір қораптың салмағы 11%-ға артты, мақта талшығының өнімділігі 2,4%-ға жоғары болды, ал вилт ауыруы жойылғанын байқаймыз. Өзірленген инновациялық технологиялық жоба бойынша өндірілген шитті-мақта өнімділігі 36,3 ц/га құрады, бұл негізгі технологияның өнімділігімен салыстырғанда 38,5% жоғары. Жобаға сәйкес 1 центнер мақта тиімділік деңгейі 39,2% құрады, бұл негізгі технологияны пайдалану кезіндегі шитті-мақта өнімнің тиімділігінен жоғары.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы Ордабасы ауданы жағдайында «Түркістан» ерте пісетін мақта сорты» инновациялық технологиялық жобасын жүзеге асыруға, техникалық жағынан жағдай бар және экономикалық тиімді.

Өнімдерді өндіруде жаңа инновациялық технологияларды пайдалану бизнесті дамытуға тікелей әсер етеді. Өндірісте егуге арналған жаңа элиталық мақта дақылының тұқым сорттарын, техника мен жабдықтардың қазіргі заманғы түрлерін, жаңа суару әдістерін қолдану шитті-мақта дақылының өнімділігін арттырып, жалпы өндірілген өнімнің көлемін ұлғайтады, сондай-ақ өнімнің сапасының артуына әсер етеді.

Кесте 37 - Инновациялық жаңа «Түркістан» ерте пісетін мақта сортын базалық технология көрсеткіштерімен салыстырмалы талдау және бағалау

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Көрсеткіштер		ауытқу +,-
			Базалық технология	Жоба	
1	Өндірілген шитті мақта өнімнің жалпы көлемі натурал түрінде	ц	262	363	+101
2	Өндірілген шитті мақта өнімнің жалпы көлемі құндық өлшемде	мың. тг	2046,3	2835,3	+801,7
3	1ц шитті мақтаның өзіндік құны	теңге	6762	7811	-1049
4	Таза табыстық өсімі	мың. тг	-	789	+789
5	Тиімділік дәрежесі	%	15,3	39,2	+23,8
6	Вегетациялық мерзім	дней	113	110	-3
7	Бір қораптық салмағы	грамм	5,4	6,0	+0,6
8	Талшықтың шығуы	%	37,6	38,5	+0,9
9	Вилтпен ауыру	%	6,1	0	-6,1
10	Орташа өнімділік	ц/га	26,2	36,3	+10,1
Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған [84, 124]					

Жобада Ордабасы ауданында «Түркістан» ерте пісетін сортты енгізу технологиясы қолданылды. «Түркістан» шитті- мақта сорты ерте пісетін сорт болып табылатындықтан мақта қораптарының ашылуы жоғары деңгейде. Өртүрлі вилт, паук кенелеріне, қара түбір шірікіне және гоммоз ауыруна салыстырмалы түрде төзімді, қорап 4-5 бөліктен тұрады, үлкен қорап салмағы (6,0 - 6,5 г), жұмыртқаның ұзартылған нысаны сияқты.

Мақта шаруашылығының көп жылдық мәліметтері негізінде, математикалық үлгілер құрылды, есептер шешілді, талданды және болашаққа болжау жасалынды. Мәселені компьютерде көптік регрессия теңдігімен факторлық талдау нәтижесі бойынша төмендегі теңдік қолданылуы тиіс екендігі анықталды [120, 121]:

$$y = -307,32 + 2,0015x_1 + 13,1035x_2 + 0,3141x_3 + 0,2833x_4 \quad (4)$$

мұнда, нәтижелі көрсеткіш,  $y$  - шитті-мақтаның жалпы өнімі, мың теңге, ал әсер етуші факторлар:  $x_1$  - мақта дақылының жалпы егістігі, мың га;  $x_2$  - шитті-мақтаның өнімділігі, цен./га;  $x_3$  - минералдық тыңайтқыштар шығыны, кг. ә. з.;  $x_4$  - 1 тонна шитті-мақта бағасы, мың теңге.

Көптік детерминация коэффициентінің мәні  $R^2 = 0,9947$  тең, және нәтиженің жалпы өзгерісінде теңдеуде ұсынылған факторларға байланысты нәтиженің өзгерісін бағалайды. Мұнда бұл үлес 99,47% құрайды және нәтиженің өзгеруінің өте жоғары деңгейі факторлардың ауытқуымен, басқаша айтқанда нәтижелі көрсеткіштің теңдеудегі факторлармен тығыз байланысты екендігін көрсетеді.



Болашақта Қазақстан Республикасының шитті мақта өндірісінің болжамды мәндерін есептеу тренд моделі:

$$y = +564,73 - 40,302x + 1,9225x^2 \quad (5)$$

тендеуін қолдану қажеттілігі анықталды, мұнда детерминация коэффициенті мәні  $R^2 = 0,5331$  тең.

Мақта өндірісінде егуге арналған инновациялық жаңа элиталық мақта дақылының тұқым сорттарын, техника мен жабдықтардың қазіргі заманғы түрлерін, жаңа суару әдістерін қолдану шитті-мақта дақылының өнімділігін арттырып, жалпы өндірілген өнімнің көлемін ұлғайтады, сондай-ақ өнімнің сапасының артуына әсер етеді.

Мақта шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мақсатында мақта өндірісін ұйымдастыруды, ұтымды басқару құрылымын құру үшін инновациялық стратегиялық даму жобасы негізінде мақта-тоқыма инновациялық кластерін дамыту бойынша Түркістан облысы шитті-мақта өндіретін аудандарда облыс әкімшілігі тараптан қолға алынып, мемлекет тараптан қолдау көрсетілуде.

Қазақстан аграрлық саласының ішкі секторының бірі болған мал және құс салалары жаңа инновациялық нысандарға көшу негізінде мал мен құс шаруашылықтарын дамытуда. Олар қалдықсыз кластер негізінде даму мақсатында әр бір ірі шаруашылықтар мен компаниялар өз өндірісі ішінде мал және құс өнімдерін өндіру, өнімді сақтауды, қайта өңдеуді, сату және сатып алуды, және сол арқылы жоғары сапалы соңғы тұтыну өнімдерін өндіруге қол жеткізіп, пайда табуға қол жеткізуде.

Соңғы кездерде аграрлық саланың мал шаруашылығына арналған техника мен интенсивті технологияларды өндіріске енгізу негізінде шаруашылық малдарының өнімділігі артты, жалпы ет және ет өнімдері көлемі жылдан жылға өсіп келеді.

